

**Қ.Т. Жұмағұлов, Т.Н. Мухажанова**

**ЕУРОПАДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: YI-YIII ҒҒ. АВАР ТАРИХЫ**

Оқу құралы



Алматы 2014

**Қ.Т. Жұмағұлов, Т.Н. Мухажанова**

**ЕУРОПАДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІ:  
ҮІ-ҮІІІ ҒҒ. АВАР ТАРИХЫ**

*Оқу құралы*

Алматы

«Қазақ университеті»

2014

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы ҚР  
БЖҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орынынан кейінгі білім берудің  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және  
жаратылыстану ғылымдар мамандықтары Секция мәжілісі шешімімен  
ұсынылған (2014 жыл)

***Пікір жазғандар:***

тарих ғылымдарының докторы, профессор С.М. Машимбаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.С. Жарқынбаева

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Р.С. Мырзабекова

Жұмағұлов Қ.Т., Т.Н. Мухажанова

Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы: Оқу құралы. – Алматы:  
Қазақстан университеті, 2014. – 128 б.

Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы » атты оқу құралы  
5B020300– «Тарих» мамандығы бойынша жоғары оқу орны тарих  
факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына арналған. Оқу құралы  
кредиттік оқу технологиясының бағдарламасына сай жасалып, халықтардың  
Ұлы қоныс аудару процесі барысында Азиядан Еуропаға көшкен түркі  
тайпаларының миграцияларын, өзге халықтармен қатынасы, мәдени және  
саяси қақтығыстар, авар қағанатының құрылуының алғы шарты, дамуы мен  
құлауы сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Бұл студенттердің осы  
пәнді меңгеруіне септігін тигізеді. Оқу құралы антикалық және орта  
ғасырлық жылнамалар мен хроникалық деректерге сүйене отырып, авар  
тарихы құрастырылды.

Оқу құралы студенттерге, магистранттар мен докторанттарға және  
оқытушыларға арналған.

Жұмағұлов Қ.Т., Т.Н. Мухажанова., 2014  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4-7
---------------	-----

### I бөлім

#### Авар қағанатының құрылуының алғы шарты

1.1. Авар қағанатының тарихы жөнінде Европа жазба деректері.....	8-16
1.2. Аварлардың этногенезі мен атауының қалыптасу мәселелері.....	16-30
1.3. Авар қоғамының әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесі.....	31-39

### II бөлім

#### Авар қағанатының құрылуы және Шығыс Европаға ұстанған саясаты

2.1. Авар-Византия арасындағы саяси дипломатиялық қатынастардың барысы мен нәтижелері.....	40.-54
2.2. VI ғ. Византия империясы мен Түрік қағандығы арасындағы қатынастың барысы.....	54-59
2.3. Авар тарихында Баян қағанның рөлі.....	59-67
2.4. Авар-славян қатынастарының барысы.....	67-80
2.5. Аварлардың Паноннияны иелнуі.....	80-91

### III бөлім

#### VIII ғ. Авар үстемдігінің саяси әлсіреу кезеңі

3.1. Ұлы Карл бастаған Франк империясының аварларға қарсы соғыстары, қағанаттың құлауы.....	92-99
3.2. Аварлардың әскери өнері мен мәдениеті.....	99-114
Қорытынды.....	115-119
<b>Әдебиеттер тізімі.....</b>	<b>120-123</b>
СӨЖ (студенттердің өзіндік жұмыс) тапсырмаларына ұсынылатын тақырыптар.....	124
Реферат тақырыптары.....	125
Әдістемелік нұсқаулар.....	126-127

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарында білім беруді жетілдіру бағдарламасы, Европадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихының мәселелерін жаңа әдістемелік негізде оқытуды ұйымдастыруда жоғарғы мектеп оқытушыларының алдына жаңа талаптар қойып отыр.

Әлем тарихын жаңа көзқарастар негізінде зерттеу қазіргі заманның талабы. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлытау төріндегі сұхбатта тарихқа ерекше мән беріп көптеген мәселелердің басын ашты. Айталық, Қазақтың тарихы өте бай. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Бұл – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы деп Ұлытау жерін мысалға келтірген болатын [1].

Евразия кеңістігін қамтыған түрік халықтарының, соның ішінде авар қағанатының тарихы, тың және күрделі зерттеулерді талап ететін мәселе.

Орасан зор Евразия құрлығындағы орталық кең-байтақ алқапты сайын дала мен құмды шөлдер белдеуі алып жатты. Міне, тап сол кеңістікте көшпелі ұлы мемлекеттер пайда болды. Қазіргі Қазақстанның және оған шектес жатқан аймақтардың аумағында дүниеге келген алуан түрлі мәдениеттер әлемнің көптеген халықтарының дамуына айқындаушы ықпалын тигізді.

Орталық Азиядағы алғашқы ірі көшпелі империялар қатарына ғұн (хунну) тайпалық бірлестіктерін атап өтуге болады. Еуразиядағы, Еуропадағы халықтардың Ұлы қоныс аударуына қуатты серпін берген түркі тайпа ұйымдары – ғұндар, Шығыс пен Батыс тарихында өте маңызды орын алады. Барлық Еуропа, Еуразия континентін іс жүзінде қамтыған және оның саяси, этникалық мәдени өмірін түбегейлі өзгерткен қоныс аудару процесстерінің шыңы дәл IV - VII ғасырларға келеді. Азия мен Еуропаны қамтыған ғұн тарихынан бастап, шын мәнісінде Евразия, евразияшылдық тарих басталып, аварлардың үстемдігі тұсында өз жалғасын тапты.

Авар қағанаты, тікелей Батыс Еуропаны дүр сілкіндірген ғұн империясының ізімен, түркілік дәстүрді дәріптеушілер болып табылады. Аварлар түркі тілдес тайпалардың бір тармағы.

IV-VIII ғасырлардағы жылнамалар Еуропада түркілердің алғашқы легі аварлардың, бұлғарлардың, суарлардың, хазарлардың пайда бола бастағанын жазады. Шығыстан Батысқа қарай оғыз-печенегтер, түркілер, салжұқтар, сондай-ақ қарлұқтар, қыпшақтар (половецтер, құмандар), қырғыздар ағылды. Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.

Орасан зор кең-байтақ аумақта қоныс аудару мен болған көшпелілер Еуразияның этносын және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті. Мейлінше кең тараған тілдік топтардың бірі-түркі тілдік тобының Еуразияға қарай жылжып ене бастауы – ерте кезеңде пайда болған құбылыс. Осы кездегі өркениетті елдердің негізін құрған халықтар кезінде бір-бірімен жөнді араласа алмай жатқанда, шаруашылықты жүргізу тәсілдері мен әскери өнерді меңгеруде алдына жан салмаған Евразия құрлығының қас ортасындағы түркілер өзге халықтарға мәдениет жеткізуші, Шығыс пен Батыс мәдениетін бір-біріне жалғастырушы рөлін атқарды. Евразияшылдық жайындағы мәселені айтсақ, ол басты мұрат ретінде адам мәдениетінің екі жағының тұтастығы, Шығыс пен Батыс күш қуаттарының бірігуі. Егер бүгінгі күні Батыс пен Шығыстың өзара түсіністігі, өркениетті сұхбатымен бірлесе қимылдауы туралы сөз болса, бұл мағынасында евразияшылдық бізге не береді деген де сұрақ тууы орынды. Осындай жағдайларға байланысты біз Еуразия тарихының евразияшылдықтың басты оқиғаларын тереңінен зерттеуіміз қажет. Сонымен VI-VIII ғғ. Шығыс Европа даласына қоныс аударып барған аварлар жергілікті халықтың тек қана этникалық құрамын өзгертіп қана қоймай, олардың қоғамдық өміріне, тұрмыс-салттарына, әскери тактикаларына (әсіресе атты әскерде) бірқатар өзгерістер енгізді. Жоғарыда айтып кеткендей аварлар, ғұн дәстүрін жалғастырушылар болғанымен, Авар қағанаты ғұндар сияқты ірі держава дәрежесіне жете алмады. Әйтсе де, Авар қағанаты өз заманында ірі тайпалық одақ құрып, Шығыс Европаның бірнеше тайпаларын өзіне бағындырып, Византия империясының ішкі және сыртқы саяси жағдайларына өз әсерлерін тигізді. Аварлар славян тайпаларын өзіне тәуелді етіп, тіпті олардың бір тармағы шығыс славян – анттарды тарих сахнасынан жоғалтып жіберген деген мәліметтер Византия жылнамаларының еңбектерінде айтылады. Аварлар түрлі тайпалардан құралған одақ болды. Деректер мен археологиялық мәліметтер бойынша аварлар Шығыстан яғни Орта Азиядан шыққан тайпалар. Яғни Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыстарды жандандырушы, материалдық және рухани құндылықтарды синтездеуге әкеп соқтырушылар болды.

Өзіміздің тарихымыздан белгілі ғұндар және одан кейін XIII ғасырларда жалпы әлемді жаулап алуды көздеген Шыңғысхан құрған империясының да негізгі жетістіктерге жетуіне атты әскер мен түрлі қарулар соның ішінде садақпен жебе бірден-бір себепкер болса, Авар қағанатының көптеген жорықтарының сәтті болуы, Европа даласының саяси аренасында басты рөл атқаруына түрткі болған - әскери жағынан жақсы ұйымдасушылығы, негізгі орында ауыр жабдықталған сауытты атты әскердің болуы және басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы сол заманның үлкен жетістігі еді. VI ғасырда Европада ауыр қаруланған атты әскері бар авар қағанатына төтеп бере алатын бірде-бір мемлекет болмаған.

Сонымен авар қоғамын жасаушылар Еуропаға әсіресе әскерді жабдықтау саласында бірнеше жаңалықтарды ашып берді. Атап айтқанда, сауыт

жамылған атты әскер, ертоқым, темірден жасаған үзеңгі мен жүген. Аталған ат әбзелдері сол заманда атты әскерде үлкен жаңалық болып есептелді. Ат әбзелдер алдымен ат үстінде нық отыруға және темірден жасалған жүген мен үзеңгі атты белгілі – бір бағытта жылдам баруға септігін тигізген. Бір сөзбен айтқанда байланысты тездетті, қазіргі терминмен пайымдағанда аталған ат әбзелдері сол заманның инновациясы болды.

Сондықтан «Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы», атты оқу құралы Батыс кеңістігіндегі түркі тарихын оқу арқылы мүмкіндік туады.

Мемлекетіміздің жоғарғы оқу орындарында білім беру саласын реформалау бағытын қолдап, жүзеге асыру мақсатымен әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы «Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы» курсы тарих мамандығы бойынша студенттеріне оқылатын элективті ғылыми пән ретінде ұсынылып, енгізілді.

«Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы » курсы ҚР Білім және ғылым министрлігі бекітілген және іске қосылған ҚР жалпыға бірдей міндетті Мемлекеттік білім беру стандарт бойынша жоғары оқу орнында оқытылады. Бұл оқу құралы 5B020300– «Тарих» мамандығы бойынша жоғары оқу орны тарих факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына арналған. Оқу құралы кредиттік оқу технологиясының бағдарламасына сай жасалып, халықтардың Ұлы қоныс аудару процесі барысында Азиядан Еуропаға көшкен түркі тайпаларының миграцияларын, өзге халықтармен қатынасы, мәдени және саяси қақтығыстар, авар қағанатының құрылуының алғы шарты, дамуы мен құлауы сияқты мәселелерге баса назар аударылды. Бұл студенттердің осы пәнді меңгеруіне септігін тигізеді. Оқу құралы антикалық және орта ғасырлық жылнамалар мен хроникалық деректерге сүйене отырып, авар тарихы құрастырылды.

Студенттердің тақырыпты және кейбір мәселелерді терендей меңгеруіне жеңілдіктер туғызу мақсатында бақылау сұрақтары, пәннің тақырыбын ашатын нақты материалдар, суреттер және студенттердің өзіндік жұмыс тақырыптары, реферат тақырыптар ұсынылды.

# I бөлім

---

## АВАР ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТЫ

### 1-тақырып. Авар қағанатының тарихы жөнінде Европа жазба деректері

ҮІ-ҮІІ ғғ. Авар қағанатының тарихы орта ғасырлық Европа тарихымен, дәлірек айтқанда Византия империясы, франк корольдігі мен славян және тағыда басқа тайпалық бірлестіктердің саяси тарихымен байланысты болғандықтан, жазба деректер қатары да осы мемлекеттердің тарихи шығармаларында көп кездеседі. Сондықтан авар тарихына қатысты негізгі дерек көздері жазба деректер болып есептеледі. Авар мәселесіне қатысты жазба деректер мен жылнама жинақтарын әр елдің тарихынан жинастыратын болғандықтан, деректану пәнінің классификациясына сәйкес, оны ішінара бірнеше топқа бөліп қарстырған жөн.

Жазба деректердің *бірінші тобын* антика авторлары шығармаларынан бастағанмыз жөн.

Бұл жерде Гай Плиний Старшийдің, Публий Корнелий Тациттің, Дион Кассидің, Птоломейдің, А.Э. Авиттің тағы басқаларының деректерін атауға болады. Жалпы айтқанда жоғарыда келтірілген антика дәуірінің авторларының мәліметтері Авар қағанатының тарихын қарастыру барысында славян тайпаларына қатысты мәселелерді зерттеуде біршама құнды хабар береді.

Оқу құралын жазуға және осы тақырыпты зерттеуде дерек ретінде пайдаланылған еңбектері нақтырақ айтатын болсақ:

1) Б.з. I ғасырдың авторы Плиний Старший антикалық жазушылардың бірі болды. Ол өзінің “Естественная история” (Historia Naturalis) атты еңбегінде алғаш славяндарды венедтер деп атайды. Айталық Плиний Старшийдің еңбегінің бірінші үзіндісінде славяндардың қоныстануы жайында: “Вистула (Висла) өзеніне дейінгі аймақта сарматтар, венедтер, скифтер, гиррлер қоныстанған” дейді.

Бұдан кейін де, Тацит Птоламей мен Иордан славяндарды венедтер деп атайды.

Тацит “Германия” атты еңбегінде славяндар жайлы мәлімет айтып, венедтердің қоныстанғанын дәл Плиний сияқты көрсетіп, екінші үзіндіде: “Осы жерден свевтердің елі аяқталады, ал певкин, венет және фин тайпаларын герман тайпаларына ма әлде сарматтарға жатқызарымды білмеймін... Венеттер көбінесе ырымдары мен салттары сарматтарға ұқсас болып келеді” деп айтып кетеді.

Птоломейдің “География” атты дерегінде дәл Плиний мен Тацит сияқты славяндарды венедтер деп атап, оның “географиясының” үшінші үзіндісінде: “Сарматия жеріне өте үлкен тайпа венедтер қоныстанып, Венедтік бұғазына дейінгі аумақты қамтиды” деген сияқты славяндардың қоныстануына қатысты мәліметтерді хабарлайды.



Антикалық авторлардың ішінде славяндарды алғаш өз атымен атаған Альцих Экдиций Авит болды. Экдиций Авит шығу тегі жағынан сенатрлық. Ол б.з. 460 жылы туған, 525 жылы қайтыс болған. 499 жылы епископтық кафедраны ашып, әдебиетпен, ағартушылықпен айналысқан. Біздің заманымызға Авиттың хаттары мен өлең жолдары жеткен. Авиттың өлеңдерін орыс тіліне А.И. Маляйнаның аудармасынан, атақты В.В.Латышеваның “Известия древних писателей о Скифий и Кавказе” шығармасынан алуға болады.

Халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысы кезеңіндегі тарих, оқу құралын жазу жұмысы барысында сол уақытта өмір сүрген хронистердің, жылнамашылардың жазған шығармаларындағы мәліметтер басшылыққа алынды.

*Деректердің екінші тобын* ерте орта ғасырлар авторлары ішінде авар тарихына қатысты төмендегі хронистердің еңбектері баты назарға алынды. Приск Панийский, А. Марциллин, Григорий Турский, Аврелий Кассиодор, Иордан, Павел Диякон, Исидор Севильский, Прокопий Кесарийский, Иоан Эфесский және тағы басқалар. Атап айтқанда А. Марцеллин 31 кітаптан тұратын “Тарих” атты еңбегін жазған. Бұл шығарманың 18 кітабында 353-378 жж. дейін оқиғалар мәлімденіп, біздің уақытымыздың күні бүгінге дейін жетті. А. Марцеллин 330-400 жылдары өмір сүрген танымал Рим тарихшысы, шыққан тегі грек [1,с.22].

Приск Панийский V ғасырдың жазушысы, византиялық дипломат. Ол византиялық императорлардың тапсырмаларын орындаушы болған. «Византия тарихы және Атиланың әрекеттері» атты 5 кітаптан тұратын шығарманың авторы. Присктің этнографиялық аңғармалары өте бағалы және халықтардың ұлы қоныс аударуы жылдарындағы варварлық халықтардың, соның ішінде аварлардың ішкі өмірі тұрғысындағы сирек бақылаулардың бірі болып табылады. Приск еңбегі тарихи деректердің алды болып алғаш рет аварлар туралы мәлімет айтылады: «Шығыс римдіктерге аварлар қуғындаған сабирлердің шабуылы барысында туған жерінен ығысқан тайпалар – сарагур, угор, оногурларға елші жібереді, өз кезегінде бұларды мұхит жағалауында өмір сүрген халықтар ығыстырған еді».

Бұл хронистердің ішінде Григорий Турскийді айырықша атауымыз қажет. Ол 540-594 жылдары аралығында өмір сүрген франк жазушысы, белгілі галл-рим отбасында дүниеге келген. 573 жылы Тур қаласының епископы дәрежесіне жетті, бұл қала сол кездегі Галлияның діни орталығына айналған. Григорий Турский Сигиберт, Хильдеберт сияқты карольдердің алдында беделді болған. Сонымен бірге ол саяси жиналыстарда да маңызды орын алды. Оның “Франктер тарихы” (Historia Francorum) 10 кітаптан тұрады. Бұл деректе ғұн, славян тайпаларының және де аварлардың франктермен болған қатынасы жайында құнды мәліметтер береді. Бұл деректің құндылығы сонда, аварларды Шығыстан келушілер екендігін дәл көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген хронистердің қатарындағы А.Кассиодорды айтатын

болсақ, ол 487-578 жылдары аралығында өмір сүрген, өз заманының белгілі қайраткері. 526-534 жылдары Теодорих королінің сұрауы бойынша “Готтардың тарихын” (De rebus gestis gothorum) жазды. Оқулық барысында, бұл деректен аварларға бағынған гепид тайпалары және олардың Византиямен қарым-қатынастары жайында мәліметтері құнды дерек болып табылады.

Ерте византиялық кезеңнің жазушысы, гот тарихшысы Иорданның қолжазбалары халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі ғұн тайпалары, славян, авар тағы басқа тайпалық бірлестіктер жайында құнды мәліметтердің жиынтығы. Готтық епископ VI ғ. өмір сүріп, осы ғасырдың екінші жартысында өзінің “Гетика” (De rebus Gethicis) және “Краткая хроника” атты мұрасын жазады. Иорданның маңызды еңбектерінің бірі “Гот тарихы” біздің заманымызға толық жеткен.

Прокопий Кесарийский Иордан сияқты император Юстинианның дәуірінде өмір сүрген, ол бірнеше тарихи шығармалар жазған. Оның ең үлкен жазбасы “О войнах Юстиниана” 68 кітаптан тұрады, автордың соңғы төрт кітабы (V-VIII ғғ.) “готтармен соғыс” (“О войнах с готами”), “құрылыстар” (“О постройках”) және “Құпия тарих” (“Тайная история”). Жалпы славянтанушылардың айтуынша, бұл автор славяндар жайында толық мәліметтерді, және славяндарды өз атымен атап, олардың Шығыс Еуропаға, Шығыс Рим империясы жеріне жасаған жорықтары, аварлардың осы өңірге келуі, олардың славян және тағы басқа тайпаларға тигізген әсері жайында мол, жан-жақты мәліметтерді береді. Айталық “Готтар тарихында” славян ант тайпаларының өмір сүруі тұрғысында хабарлап, оларды бір адам басқармайды, бірақ теңдікте, бірлікте өмір сүрген дейді. Сонымен бірге славян, ант тайпаларының дүние танымдық көзқарастары, діни наным сенімдері жайлы мағлұматтар береді. Олардың өмір сүруі өте дөрекі массагеттерге тән, бойы ұзын, күштері көп т.б. мәліметтер келтіреді. Ал “Құпия тарихында...” ғұн, славян және анттар Рим жеріне ұдайы шапқыншылық жасады дейді, яғни ғұн деп отырғаны аварларды айтып отырса керек, себебі Юстинианның билігі тұсында көпшілік жаугершілік соғыстарды аварлар жасап отырған. Олардың әр жорығында, рим жерінен шамамен 200000 адам құлдыққа әкетіліп, енді бұл империя жері скифтік елге айналғандай деп, адамсыз бос, иен қалған византия елін, скиф даласымен салыстырады. П. Кесарийскийдің осы сияқты құнды мәліметтерін біз оқу құралын жазу барысында басшылыққа алдық [29,496 с.].

Авар тарихын толық жинастыру мақсатында Сириялық авторлардың мәліметтері біз қарастырып отырған мәселенің қырларын жан-жақты ашу үшін тиімді. Айталық Сириялық жылнамашы Иоанн Эфесскийдің славяндар, аварлар және т.б. тайпалар жөнінде құнды мәліметтері топтастырылып басқа жазба деректермен салыстырылды. Иоанн Эфесский 506-585 жылдары өмір сүрген. Иоанн Эфесский (506-585/586) монофизиттік епископ, көптеген тарихи шығармалардың авторы. Ұлы император Юстинианның тұсында ол сарайда жоғары дәрежеге ие болып, Юстиниан мен императрица

Феодораның миссионерлік және жалпышіркеулік саясатында маңызды рөлдердің бірін алды. Шығу тегі жағынан Сириялық, Месопотамиядағы Амид қала маңында туып өскен. Иоанн Эфесский “Шіркеу тарихы” (“Церковная история”) атты ауқымды еңбек жазып қалдырған. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Біздің тақырыбымыз үшін бұл кітаптың екінші бөлімі “Тарих” (439-570 жж.) атты еңбегі маңызды, автор бұл бөлімді 571 жылы жазып бітірген. Иоанн еңбегі “Шіркеу тарихы” деп аталғанымен онда көбінесе азаматтық тарихқа көңіл бөлінді. Иоанн еңбегінің екінші, және үшінші бөлімінің кейбір тараулары мен соңғы алтыншы бөлімі өкінішке орай толығымен сақталмаған. Дегенмен бұл деректің авар тарихы үшін құндылығы иран-византия арасындағы соғыс қимылдарын сипаттай отырып, авар-византиялық мәдениет-өркениеттік алмасудың дипломатиялық сәттерін баяндауы.

Иоанн Эфесскийдің “Тарихының” екінші бөлімінің мәліметтерін Псевдо-Дионсий мен Михаил Сирийский мәліметтерінен алуға болады. Аталмыш авторлар 540 ж. ғұн мен славяндардың империя астанасына жасаған шабуылы жайында хабарларын сақтап, біздің заманымызға жеткізген. 540 жылы Константинопольге жорықты, Псевдо-Дионсий варвар тайпалары шабуыл жасады, олар бір жыл емес үш жыл қатарынан империя жерін тонаушылыққа ұшыратты деп хабарласа, ал Михаил Сирийскийдің еңбегінің құндылығы сонда, ол 540 ж. ғұн әскері мен славяндар келіп, патша қаласын қоршауға алады деп, тайпаларды жалпы варварлар демей, оларды өз атымен атайды. Сонымен жоғарыда аталған Сириялық авторлар авар және славян тарихын, қарым-қатынастарын, олардың империя жеріне бірлесіп жасаған тонаушылық соғыстары жайында айта келіп, Авар қағаны Баянның Сирми мен Сингидун қалаларын алу үшін 581 ж. Сав өзеніне көпір салдырып, императордың құрылысшыларды көмекке бергені жайында хабарлайды. Иоанн Эфесский аварлардың түрлері, мінездері жайында былай дейді: “Бұл жексұрын халық аварлар деп аталады, олар шаштарын өріп қоятындар, Юстиниан патшалық жүргізген кезден бастап империя жерінде пайда болғандар” деген сияқты, жеккөрінішпен сипаттаған.

Тақырыбымызға байланысты *деректердің үшінші тобын* құрайтын орыс жылнамалары. Әсіресе біздің жұмысымызда бұл деректердің ішінен Бағзы заман жылнамасы (“Повесть временных лет”) орыс тарихының сонау славян тайпалары, кейінгі Киев Русының құрылысуына негіз болғаны жайында құнды мәліметтер береді, ал тақырыбымыз бойынша құндылығы сонда, авар (обры) атауы және славян тайпаларын аварлар қалай езгіге салып, құл ретінде пайдаланғаны жайында, жалпы аварлардың қоғамдық қатынасына қатысты деректерді мәлімдейді [30,с.404].

Аварлардың Византия империясымен болған дипломатиялық байланыстары жайында *деректердің төртінші тобына жататын* өте маңызды мәліметтерді Византия тарихшысы Менандр Протектордың (Протиктор) қолжазбаларынан оқи аламыз.

Жалпы Византия империясы қалыптасқаннан бастап Шығыс Европадағы саяси жағдайларды бақылаушы, тіпті оны жүргізуші болды. Сондықтан Шығыс Рим империясы «варварлар» деп атаған түрлі көршілерін қатаң бақылап отырған. Империялық көпестер, миссионерлер, елшілер көршілес орналасқан тайпалық бірлестіктердің мнезін, салт-дәстүрін, демографиясын, қоныстануы мен өзара күрестерін және қоғамдық қатынастары туралы ақпараттар жинақтаған. Мұқият жинақталған барлық деректердің негізінде «варварларды» басқару жөнінде өзіндік ғылым пайда болды.

Іскер көшбасшылар мен мықты әскери тайпаларды императордың қарамағына тиімді пайдаланып отырған. Оларға атакты жанұялардың қыздарын үйлендіріп, ұлдарын империялық патриот рухында тәрбиелеген. Ол үшін балаларды ата-анасынан түрлі сылтаумен ажыратып, астанада оқытқан. «Бөліп ал да, билей бер» қағидасының басты мақсаты тайпалардың күшеюіне жол бермеу, бір-біріне айдап салу, кеңесші рөлін ойнай отырып өзара келіспеушілікті пайдаланып, әлсірету болды.

Константинопольде тайпалар арасындағы ұрыс пен жанжалды мұқият бақылап отырды. Билікке ұмтылған жолы болмағандарды қорғап, оларды билеп отырған билікті алмастыруға кандидат ретінде, оларды бопсалау үшін пайдаланды. «Варварларға» қатысты ресми доктринаны атап өту қажет. Оған христиан империясының болуы, идеясы тән. Византияның саяси көзқарасы Рим империясынан мемлекеттік біртұтастықтың концепциясын мұра етіп қалдырды. Шығыс Европа әлемі нақты екі бөлікке бөлінді – «тұрғылықты» (өркениетті кеңістік) және «варварлар жері». Империялықтар варварларды ерекше атаулармен атаған. Мысалы, ғұндар мен аварларды дәстүрлі түрде «қатыгез» халық деген. Византиялық саясаткерлердің орталық назарында солтүстіктегі үш аймақ болды: Кавказ, Солтүстік Қаратеңіз жағалауы және Дунай маңы. Дунай өзені бойы аварлардың алғаш қоныстанған аймағы еді. Сонымен аварлардың Дунай маңындағы саяси қимылдары жөнінде толыққанды мәліметті Менандр Протектор береді. Менандрдың өмірі, туған жылы жайында мәліметтер жоқтың қасы. Менандр өзі жайында көп айтпайды, оның замандасы византия тарихшыларының бірі Феофилакт Симокатта Менандр жайында бір-екі ауыз сөздер ғана келтіреді. Менандр “История” (Тарих) атты еңбегін 558 жылы Агафий әңгімелерінің біткен жерінен ары қарай жалғастырады. Яғни, 558 жылы Фракия (Өракия) жеріне ғұн кутургурларының келген уақытынан бастап, Византия императоры Тиберидің өлуімен аяқтайды. Ол Протектор немесе Протиктор деп аталады, себебі 558 жылдан бастап Менандр сарай қызметкері: protektor қызметін атқарған. Содан бастап оны көптеген деректерде Менандр Протектор деп атап кеткен. Оның көзқарастары Византия императорының сыртқы саяси доктринасын толық сипаттайды, өйткені жоғарыда келтірендей, ол Юстиниан императоры кезінде дипломат болған, сондай-ақ империяда ірі мемлекеттік лауазымды қызметтерді атқарған. Менандрдың этносаяси көзқарасына басқа тайпаларға қатысты сабырлық тән және византиялық үшін

сирек кездесетін – ортодоксальді көзқарас тән. Мысалы, «Тарих» еңбегінде түркілер «варварлар» деп аталмай, ол басқа тайпаның басшысы византия императорының «ағасы» ретінде қызмет ете алады (яғни, әлеуметтік деңгейі бірдей). Ерте ортағасырлық византияның жауларына мұндай көзқарас VI ғ. аяғында византиялық сыртқы саяси доктринаның жаңа бағыты пайда болғанын көрсетеді. Енді византиялық дипломатияда көршілерін саяси мәселелерде тиімді пайдалану тәсілі орын алды. Менандрдың қолжазбаларынан Византия сарайының парсы патшаларымен және түркі ордаларымен болған қатынас сияқты мәліметтерді келтіреді. Өкінішке орай оның жазбаларының үзінділері ғана сақталған. Дегенмен автор империямен Еуразия халықтарының арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән бергендіктен, оның үзінді жазбалары авар тарихы үшін құнды дерек болып табылады. Менандр “варвар” халықтарына дұшпандықпен қараса да, оның еңбектерінен бұл халықтарды баяндауда объективті болуға тырысқанын байқаймыз. Ол варварларды былай деп сипаттаған: меншіл, мақтаншақ және қатыгез, ал славян тайпаларын тәуелсіз және өркөкірек деген. Сонымен қатар автор, VI ғ. Алтай маңында өмір сүрген түркі тайпаларының өмірі мен мәдениеті және Зимарх бастаған елшілігі жайында өте құнды деректерді береді.

Сонымен Менандр Византия бюрократиясының идеологі, император Юстинианның мұрагерлерінің билігін мойындаған және халықаралық істермен байланысты болып, Маврикийдің қамқорлығын пайдаланған. Менандр әлеуметтік жағдайына байланысты Прокопийден төмен тұрды, бірақ онымен теңдес Агафиден білімі жоғары еді. Менандр еңбегінің құндылығы – тарихи материалдарды жинақтап шынайы ойын білдіреді. Сондықтан М.Протектор VI ғ. Византия тарихшыларының ішінен көрнекті орын алады. Менандр Протектордың «Тарих» атты еңбегін, грек тілінен 1860 жылы С. Дестунис орыс тіліне аударды. Жоғарыда айтып кеткендей Менандрдың еңбегінің мына көрсетілген үзінділерінде 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 14, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 33, 34, 35, 50, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76, 77 аварлардың Византия империясымен қатынасы, славян, гепид, лангобордтармен жаугершіліктері, Византия мен Түрік қағаны арасындағы елшілік байланыстарының тарихы баяндалады [10,с.404].

Империяның көшпелі тайпалармен қарым-қатынасын сипаттайтын, Византия тарихшыларының арасында ерекше орын алатын деректердің бірі Псевдо-Маврикийдің «Стратегикон» еңбегі болып табылады.

Авар қағанатының асқан әскери шеберлігі, тактикалары жайында құнды мәліметтерді «Стратегиконнан» алуға болады. Псевдо-Маврикийдің «Стратегикон» еңбегінің үлкен тарихи құндылығы - ол Византияның әскери тактикаларынан басқа көршілес варвар халықтары: парсы, авар, түрік, франк, лангобордтармен салыстырмалы түрде сипаттауы. Бұл деректен тайпалардың әскери ісінің дамуын және соғыс өнерінің айырмашылығын көруге болады.

Псевдо-Маврикий тек әскери тактика жөнінде ғана айтып қоймай, сонымен бірге, жалпылама саяси құрылымының әртүрлілігіне, салт-

дәстүрлеріне байланысты құнды мәліметтерді де береді. Оның айтуынша: “ең бірінші, ол өмір сүрген кездегі империяға өте көп қауіп төндірмейтін халықтардың соғыс жүргізу тәсілдерін, дәстүрін жазу керек” дейді. “Политическое кредо автора трактата сводится к тому, что для достижения цели на войне можно использовать любые средства”. Яғни, трактатта автор соғыста барлық мүмкіншілікті пайдалану керек деген нақылмен саяси түйін жасайды. Осы нақыл сөз қазіргі күннің өзінде көп қолданыс табуда.

Иоанн Бикларский (шамамен 540-621 жж.) өмір сүрген хронист. Оның 567-590 жж. Виктор Тунненский хроникасының (*Chronic continuans Victorem Tunnonensem*) жалғасы болып табылатын және 567-590 жж. Қамтитын хроникасы (*Chronicon* сақталған). Иоанн Бикларский өз жұмысында аварлардың материалдық мәдениетін, кейінірек византилықтар қабыодаған әскери-техникалық жабдықталуын баяндаған.

Келесі бір дерек, авар тарихын топтастыруға көмек болған Феофилакт Симокаттаның “Тарих” атты еңбегі. Ф. Симокаттаның шығармасында славян тайпаларының Балқан жарты аралына таралуы (VI-VII ғғ.) жайында тарихтың көмескі қырларын толтырады. Сонымен қатар Оңтүстік Шығыс Еуропаға басқа да тайпалардың қоныстануы жайлы, соның ішінде; Авар қағандығы жайында мәліметтер, әсіресе авар атауының еуропада дәуірлеуіне байланысты, қағандықтың ішкі жағдайлары, Баян қаған тұлғасына, жалпы олардың бет-бейнесі жайында көптеген деректерді береді. Ф.Симокатта өзі шығу тегі жағынан египеттік. Симокатта шын мәнісінде риторлар мен заңгерлерге ғана тән шен – «схоластик пен апоэарх» атағын иеленген, бірақ оның қандай қызметте болғандығы белгісіз. Шамамен 641 ж. қайтыс болған. Симокатта алғашында жеңіл әдеби жұмыстармен шұғылданып, кейіннен сегіз томдық «император Маврикийдің билік ету тарихы» атты маңызды еңбекті жазуға көшеді. «Тарих» атты еңбегінде парсылар жағында соғысқа қатысқан аварлар (602-628 жж.) Византияның Персиямен соғысын атап өтуіне карағанда, шамамен 630 ж. жазылса керек.

Ол оқиғаларды өз көзімен көрмеген тек естігенін жазған византиялық тарихшы. Византиялық жылнамашылардың арсынан деректік құндылығы жағынан Менандрдың мәліметі мен, әлде Симокаттаның жазбалары шындыққа жанаса ма, деген де Менандрдың еңбегі Ф. Симокаттадан құнды, дегенмен император Маврикий тұсындағы басты деректердің бірі болып табылады. Феофилакт ғұндар мен түріктер туралы (VI ғ. аяғы) жазады. Аварлардың Шығыс Рим империясы шекарасындағы ғұндардың түркітілдес ұрпақтары болғандығына орай, бұл еңбектің де маңызы зор. Ол түріктердің дінін сипаттай кел; «Түріктер бәрінен бұрын отты құрметтейді, ауа мен суды оқиды, жерге ұран салады, жер мен көкті жаратушы деп құрметтейді, табынады және оны құдай деп атайды». Оған арнап жылқы, өгіз, ұсақ малдарды құрбандыққа шалып, өздерінің пірі етіп, олардың ойларынша, болашақ туралы болжай білетіндерді қояды». Феофилакт анағұрлым кең мәліметті славяндар туралы бере отырып, олардың тұрмысы мен батырларының есімдері туралы атап өтеді. Бұл өте маңызды, себебі

аварлықтар Византияның үнемі өзінің басыбайлысы есебінде көргісі келген славяндармен соқтығысы, кейде олар бір жақта, сондай-ақ бір-біріне қарсы соғысқа шығып отырды. Симокаттаның славяндарды скифтық немесе германдық деп шатастыруы сол кездегі тарихшылардың YI-YIII ғғ. аталмыш халық антивизантиялық коалицияны және әлеуметтік-экономикалық дамудың бір деңгейін көрсететіндей. Сонымен қатар, автор Түрік қағанаты мен Византия империясы арасындағы елшілік қатынастары жайында баяндай келе, әсіресе түрік қағанының императорға жазған хатын бүгінгі күнге дейін сөзбе-сөз жеткізген құнды дерек [12,с.223].

«Қасиетті Дмитрий Солунскийдің ғажайыптары» - қасиетті Дмитрий туралы алғашқы ірі және жүйелі аңыздар жинағы. Алты бірдей қолжазбаның авторы Иоанн Фессалоникий. Бұл автор YI ғ. аяғы мен YII ғ. бірінші жартысында өмір сүрген, ал оның композициясы Ираклийдің билік еткен кезеңімен (610-641 жж.) тұспа-тұс келеді. Дерек «Жинақ» деп аталатын бөлімдерге бөлінген. I жинақ 15 «ғажайып» деп аталатын бөлімдерден тұрады. Осыған орай, 12 бөлім жеке сюжеттен тұрады, ал 13-15 бөлімдер ғажайыптарға сәйкес бірнеше бөлімдерге мәліметтердің молдығына байланысты бөлінген. Жинақтағы «ғажайыптар» хронологиялық ретсіз жазылғандықтан, әрбір бөлімде бір-бірімен тығыз байланысты жағдайлар баяндалып отырған. Мәселен 3 бөлімде авар-славян қақтығысына дейінгі оба індеті туралы да жазған. 13-15 бөлімдерінде осы қақтығыстардың өзі туралы жазып, 8 бөлімінде қақтығыстан соң орын алған ашаршылық туралы мәлімдейді. Славяндар мен аварлардың Фессалоникаға қарсы шабуылын егжей-тегжей сипаттай келе, 3,8,9,12-15 бөлімдерден жалпы авар тарихына қатысты тарихи материалдарды хабарлайды. I жинақта баяндалған хронологиялық жағдайлар үш бірдей онжылдықты қамтып, Маврики мен Фоки билеген (582-610 жж.) тарихи кезеңді қамтиды.

Бұл агиографиялық шығарма өркениеттік қадамдарды пайдаланудан бас тартудың және корифеялықтардың византистика және тюркология жұмыстары барысындағы рухани мәдениетті оқытудың әсерінің салдарынан ғылыми айналымға енбей қалған.

Жоғарыда келтірген жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлермен салыстыру негізінде аварлардың Ұлы қоныс аудару кезеңіндегі, сонымен бірге YI-VIII ғғ. Авар қағанатының тарихын ашып көрсетуге тырыстық. Осыған орай, қазіргі уақытта тек жазба деректердің негізінде VI-VIII ғғ. тарихи үрдістерді жан-жақты ашып жазу мүмкін емес. Сондықтан оқу құралында археологиялық, этнологиялық, лингвистикалық, сонымен қатар пәнаралық ізденістер мен мәліметтер де басшылыққа алынды.

### **Сұрақтар:**

1. Авар қағанатының тарихына қатысты Батыс жазба деректерінің құндылығын сипаттаңыз?

2. Аварлар мен Византия империясы арасындағы елшілік қатынасты баяндайтын деректі атаңыз?
3. Көшпелі халықтардың әскери өнері мен тактикасын салыстырмалы түрде сипаттаған еңбекті атап, құндылығын дәлелдеңіз?

## **2-тақырып. Аварлардың этногенезі мен атауының қалыптасу мәселелері**

Халықтардың Ұлы қоныс аударуының әсерінен, шамамен екі жүз елужылдай уақыт бойы аварлар Карпат өңірінде (қазіргі Орталық Венгрия, Трансильвания) территориясында қоныстанып, мықты саяси билікті иемденген. Бірақ сонда да алып территорияны жаулап алған және Византия империясын біраз әбіржіткен аварларды, қазіргі таңда жоғалып кеткен халықтардың қатарына жатқызуға болады. Сондықтан оларға байланысты көптеген мәселелер құпия болып келді.

Аварлар Шығыс Европа даласында, біздің жыл санауымыздың VI ғасырларда қалыптасып, авар атты қағандық құрып, үлкен саяси одаққа айналды. Авар қағанатын құрушылар Европа мемлекеттерінің тарихына өзінше ықпал етіп, әсер қалдырушылар болды. Ақырында қағандық ыдырап жергілікті халықтармен ассимиляцияға ұшыраудың нәтижесінде IX ғасырда тарих сахнасынан кетеді. Авар тайпаларының ежелгі қоныстанған территориясын және оның күнделікті өмірі жайындағы мәліметті, Византия, латын жазба деректерімен археологиялық ескерткіштер береді.

Авар атауының шығуы, жалпы аварлардың қайдан шыққаны жөнінде тарихта үш түрлі гипотезалар бар. Соның біріншісі бойынша, аварлар көшпелі жуан-жуан империясының ұрпақтары дейді, екіншісі бойынша олар, Орта Азиядан шыққандар және вархониттер олардың ата-бабалары, үшінші гипотеза бойынша аварлар Венгрия территориясының кейбір қоныстардың атауларының түбірі «варконь» деген сөз тіркесімен аяқталғандықтан жергілікті халық болуы мүмкін дегенде болжамдар бар. Жазба деректерге сүйенетін болсақ мысалы: Менандр Протектордың хабарлауынша, «568 ж. император Юстиннің билігіне төрт жыл болғанда, Византияға ертеде сақтар деп аталған түркі қағандығынан елшілік келген, елшілікті Маниах бастап келген» дейді [10,с.223]. Ол өз елінен императорға хат әкелген, оны император аудармашы арқылы оқығаннан кейін, елшіге сұрақ қойған дейді. Сол сұрақтардың бірінде император аварлар жайында сұрайды, мәселен сөзбе сөз келтіретін болсақ; бізге айтыңызшы, қанша аварлар түрік билігін бұзды және де сіздерде аварлар қалды ма? деді император.

VI ғасырдың бірінші жартысында көптеген тайпалардың ішінде авар тайпа ұйымы ерекшелене түседі. Аварлар түркі тілдес тайпа болғандықтан, біз ежелгі түркілердің этникалық тарихына тоқтауымыз қажет. Бұл мәселе тарихнамада күні бүгінге дейін толық шешімін таппаған.



1968 ж. Монғолияда түркі тарихына байланысты жазба ескерткіш табылып, түрік тарихын зерттеуге үлкен жол ашып береді. Бұл жазбаның жоғарғы бөлігінде қасқырмен оның астында қолы мен аяқтары кесілген адамның бейнесі бейнеленген.

VI ғасырда қытай тарихшылары жазып қалдырған, түрік аңызы бойынша үлкен саз балшықтың шеткі аймақтарын мекендеушілер, көрші тайпаның басқыншылығына ұшыраған. Осылардың ішінде қолымен аяғы шабылған баланы қасқыр асырап алып, кейін әйелі болып, он ұл туған екен. Осы қасқырдың балалары Турфан қыздарына үйленеді. Оның немерелерінің бірі Ашина, тайпа көсемі болып, оған өз атын берді. Кейінірек Ашина руының көсемдері Алтайға шығып басқа тайпаларды басшылыққа алып, түрік атауын қабылдайды.

Аңыз бойынша түркілердің шығуын Шығыс Тянь-Шанмен байланыстырады. Осы мәселені Қытай деректанушыларының мәліметтерінде орын алған, айталық VI ғасырдың Тянь-Шаннан солтүстікке қоныстанушыларды Турфан маңына ығыстырады. 460 жылы бұл өңірді мекендеуші түркі тайпаларына монғол тілдес жуан-жуандар (аварлар) басқыншылық жасап, бағынышты ғұн тайпаларын Алтайға қоныстандырған. Осы қоныстандырушылар қатарында Ашинаның ұрпақтарыда болды.

Тарихта түрік аңызы (екі үлгісімен танымал) Қытай мәліметі бойынша Ашиналықтар Шығыс Түркістанда өмір сүру барысында, құрамына жаңа этникалық топтарды қабылдаған-жергілікті тұрғындармен араласқа түседі. III ғасырдан бастап 460 ж. дейін, ирандық (соғдылық) және тохарлық (үнді европалық) тұрғындар мен араласты да, Ашина дәстүрінде, тілінде көріністер тапты. Дәл осы кезден бастап, түрік-соғды байланыстары басталып, бүкіл түркі мәдениетіне және ежелгі мемлекетіне зор ықпал етті.

Алтайдағы Ашиналық-түріктер, аварларға (жужандарға) салық ретінде темірді төлеп, 545 жылы ірі тайпалық бірлестік құрып, солтүстік Қытай мемлекеттерінің біреуімен, дипломатиялық қатынас орнатқан. Ашина-түріктері бірнеше оғуз тайпаларын бағындырып, олардың арқасында күшейіп жуан-жуандарға қарсы шығады. Ғұндар Рим империясымен жаугершілік соғыстар, жүргізіп жатқанда, жень-женьдер қытайлықтармен соғысты. Жень-женьдар Маньчжурия шөлінен Түркістан даласына дейінгі жерді жаулап алып, ауқымды мемлекетті құрып үлгерген. Тіпті Қытайдың шекара аймақтарын да жаулап алған. Жоғарыда айтқандай жень-жень жаулап алған тайпалар ішінде түріктер де болған, түркі тайпалары Алтай таулы аймағын мекендеген. 522 ж. Жеңілген жужан ордасының бір бөлігі түркілерге бағынады, бір бөлігі Қытай жеріне қоныстеуіп, онда қытай шекарасын күзетші қызметін атқарған. Ал енді қалған бөлігі түркі, монғол, тіпті манчжурлар мен араласып, батысқа бет алады. Жужан тайпасының дәл осы тармағы, батыста авар атымен белгілі болады. Осыған байланысты болар зерттеу еңбектерінде авар-вархониттер де Орталық Азиядан келгендер және олар монғолдар деген пікірлер бар. Осы пікірді жақтаушылардың бірі Х. Хоурс болды, ол аварларды монғолдар деп тұжырымдаған.

Жуан-жуандардың соңғы қағаны Анахуань болды. 551 жылы Түркі тайпаларының көсемі Бумын, қаған атағын қабылдайды. 552 жылы Бумын қаған қайтыс болып; оның мұрагерлері Қара-қаған (552-553жж.) және Муған-қағандар (553-572жж.), Жуан-жуандарды күйретуді жалғастырады.

Авар қағаны Анахуань (Анағұй), қалыптаса бастаған Түрік қағанатының күшін бағалай алмады, ал түріктер тарапынан мұның өзі осылай болуға тиіс деп дұрыс ойластырылған әдіс қана болатын. Енді бұрынғы вассалдардың бұрынғы билеушілеріне қарсы соғыс ашуға дәлелі табылады. 552 жылы көктемде түріктер аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды күйрете жеңгені соншалық, Анахуань өзін-өзі өлтіреді. Осы кезден бастап түрік билеп-төстеушілері қағандар атағын алады, сөйтіп аварлардың бұрынғы күш-қуатынан да, олардың барлық иеліктеріне де өзін мұрагер ретінде орнықтырды.

Таққа Қара-Еске, Бумының інісі отырғаннан кейін, оның бастауымен түріктер Орхонның жоғары жағында бір жердегі Букрат (Мула) тауларында жужандарды екінші рет жеңеді. Қара-Ескенің мұрагері деп шежіреші оның інісі Иркінді (Ицзинь) атайды, ол қағандық тағына Мұқан-қаған (Мугань) деген атпен отырады, оның лақап аты Ианту болады. Мұның бәрі 552-554 жылдардың арасында болған. Бұл уақыттың ішінде түріктер шығыста қайлар (татабтар), қидандар және отыз-татарлар тайпаларын, солтүстікте-Енисей қырғыздарын өздеріне қаратып алады. Бұл жылдары түркілердің батыста жасаған соғыс жорықтары бұлардан да күшті бола түседі. Бұларды Бумынның басқа бір інісі Истеми бастайды, кейін оны батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс түрік қағанатының негізін салушы деп атайды. 552-553 жылы батысқа жасаған жорықтардың бірінде Иштеми Бумынмен бірге болып «он ұлы жетекшіні (немесе қауым бастығын) басқарды, он түмен әскері болды; ху елін (соғдылықтарды) жуасытуға аттанды және «Он тайлақ» деп атап өзін қағанмын (Шисин було қаған) деп жариялайды». Бұл өте назар аударарлық хабар. Мұны шежіре дәстүрінің өзі де ескермеген, бұл дәстүр бойынша тайпалық - әскери ұйымның шығуы Жетісу түріктерінде 651 жылы ғана болады, сол жылы Ашбара – Териш – қаған (Шаболо- Дилиши) өзінің мемлекетін күтпеген жерден он ұлысқа бөледі: әрбір ұлыс оны басқарушы бір адамның қарамағында болады. Оны шэ (шад) деп атаған. Әрбір шадқа бір жебеден сыйлық береді, осыдан келіп «он жебе» деген ат шығады. Тайпалық - әскери сандық ондық дәстүр тілді тайпаларында VI ғасырдың орта кезінде-ақ болған және Батыс түрік қағанатының этникалық-саяси құрылымында айқын бейнеленді.

Жуан-жуандардың бір бөлігі түріктерден жеңілгеннен кейін солтүстік Қытайға және Кореяға қашады, ал қалғандары батысқа қоныс аударып авар атымен танымал болады. Батыс Еуропаға ығысқан аварлар (558-568 жж.) Еділ аймағы, Азов маңы мен солтүстік Кавказдағы көптеген ғұн тайпаларын құрамына енгізіп, Византия шекара аймағына ұмтылады. Дунай жазығында өз мемлекеттерін құрып, бірнеше рет Орталық Еуропа елдерін тонаушылыққа ұшыратады.

Аттила бастаған ғұн империясы құлағаннан кейін, Еуропа даласында бірнеше көшпелі тайпалар өмір сүреді. Олар: акацир, барсил, сарагур, угор, савир, авар, утургур, оногур, кутургур, болғар т.б. Осы бірнеше көшпелі тайпалардың ортасынан VI ғасырда аварлар бөлініп шығады.

Аттила ұрпағының, яғни авар ордасының тарихы Ирнах пен Денгизих атты деректер бойынша ғұн империясы құлағаннан кейінгі түркі тілдес тайпалардың қайта бірігуі деп жазған.

Авар атауы, жалпы аварлардың қайдан шыққаны жөнінде түрлі мәліметтер бар. Айталық Византия тарихшысы Присктің мәліметі бойынша авар тарихы 461 ж. басталды дейді. Батыс пен Армян деректері бойынша V ғасырдың аяғында, ғұндар Шығысқа басқа атпен оралды делінеді. Прокопий Кесарийский және Моисей Хоренский шамалап «ақ ғұндар» деп атаған, олар «Кушанавар» деген қолбасшыларымен Перозаны талқандаған деп келтіреді. Бұл қолбасшының аты екі сөйлемнен тұрады; Кушан – термин, армян тарихында көшпелі деген мағынаны білдірген немесе Кушан атауы Орта Азияда бар және Аваз-авар-бұл атау Шығыс Еуропадағы ғұндардың ұрпақтарының аты. 567 ж. Эфталит қоғамы түркілерден жеңілгеннен кейін, Ирнах пен Денгизих деректерінде ақ ғұндар Византиядан бастап Орта Азияға дейін аралықта мекендеген, көшпелі өмір сүретін ғұн тайпаларының қалдықтарымен араласты, ассимиляцияға ұшырады деп жобалайды. Яғни жоғарыда келтіргендей Кушанавар атты бастаушы адамның аты дәлел болады. Бәлкім бұл атау екі тайпалардың бірігуінің аты негізінде пайда болса керек: Кушан +авар.

Ежелгі авторлардың жобалаулары бойынша, Эфталан атты патша болған, сосын оның аты халқына берілген. Бұл жерде де, яғни авар атауы да дәл солай көсемнің аты тайпа атына берілсе керек. Осы екі көсем аттарын – тайпа аттары деп және бұл екеуінің аты біріктірілген деп жобалауға болады.

Эфталиттердің аварлармен араласқанын қытай деректері де келтіреді. Мысалы: Еда (эфталит) мықты мемлекет деп есептеледі және олар жужандармен құдаласып туысқан болған (жужандар – яғни аварлармен деген сөз) дейді. Сонымен Византия және армян деректеріндегі Кушанавар терминіне анализімізді қытай деректері де дәлелдей түседі. Эфталиттік – кушан қоғамында, ғұн тайпасының ұрпақтары өздерінің өмір сүруін жалғастыра берді деп жобалауға болады. Бірақ ең алдымен аварлардың кушандармен бірігуі, олардың тайпа атауларына қол таңбаларын қайырғанын, бірінші ескеріп айту керек.

Шығыстанушы ғалым А.Н. Бернштам эфталиттердің шығу тегіне сипаттама бере отырып, мына төмендегі сөздерді келтіреді: Эфталиттер кушан – (юечжи) тайпасының бір бөлігі дейді [3,с.255]. Археолог, тарихшы С.П. Толстовтың көрсетуі бойынша олар Орта Азиядағы ғұн тайпалары мен массагет – алан одағымен байланысқа түскендер дейді. Эфталиттердің саяси дамуына бірден-бір әсер еткен, Каспийдің арғы бетіндегі Ирнахтың көшпелі ғұн тайпасы үлкен әсер еткен. *Ғұн одағына жужан одағының шашырандыларының келіп қосылуы, көшпелілерге ғұн атының орнына жаңа*

этникалық – «авар» атауын береді. Ғұндық – аварлық тайпа одағының кушан одағының қалдықтарымен бірігіп Орта Азияда көшпелілердің саяси коалициясын құрады. Яғни бұл коалиция әлеуметтік-экономикалық өмірге үлкен өзгерістерге алып келді, ең алдымен ежелгі көшпелі өмірдің орнына отырықшылықты алмастырды. Бұл мәселені С.П. Толстовтың тұжырымдары жемісті шешімдер береді; Сырдария мен Арал өңіріндегі «саз қалашықтар» ғұн – эфталиттердің қоныстары, ізінше қалалары мен гуздары дейді. Археологиялық қазба материалдарына қарап С.П. Толстов оларда шығыстық элементтердің, соның ішінде монғолдық тіл қорларының болғандығын жоққа шығармайды [26, - С184-214].

Бірақ монғолдық белгілер V-VI ғғ. болған деп көрсетілген. А.Н. Бернштамның тұжырымдауы бойынша, жужан атының авар атауына ауысуы және олардың ежелгі аты – вархуни, кермхиондар сияқты өзгеруі дәл осы Сырдария мен Арал өңірінің даласында болуы мүмкін дейді. Осы жерде Шығыс жужандық этникалық элементтері «ғұн қоныстарына» – отырықшы ғұндар өздерінің жалған аттарын қабылдаса керек. Яғни жоғарыда келтірілген дәлелдерді тұжырымдап қорытатын болсақ, авар қағанаты сөзсіз Орта Азия мен Шығыс Европаның этникалық массаларының араласуының нәтижесінде пайда болған. Оны дәлелдейтін, авар одағының күрделі әлеуметтік құрылымы дәлелдейді.

Авар атауының шығуына келетін болсақ, Авар (avaris, avares) қағанаты құрушылар мен олардың құрамына енген тайпалар, одақтың тарихы жайында ешқандай мемуар, немесе жазба ескерткіштер, құжаттар т.б. сияқты мәліметтерді қалдырмаған. Сондықтан тақырыптың мазмұнын ашу барысында жазба деректер мен археологиялық мәліметтерге жүгінеміз. Авар термині грекше – авар деп айтылады. Орыс жылнамасында “обро” деп атайды. Араб жазушысы Ибн-Хордадбех (хазарлармен бірге), абарлар немесе аварларды келтірген.

Деректерді талдайтын болсақ, Иордан өз еңбегінде авар атауына байланысты, Днепр өзенін Ғұнновар (Hunnivar) деген термин мен атаған, яғни екі атау біріктірілген ғұн + авар. Мүмкін «вар» деген термин авеста – эфталиттік термин бойынша «вар»– қала қоныс деген мағынаны білдіруі мүмкін. Осыған байланысты; авархуни – «ғұн қонысы», «қоныстанған ғұндар» деген этимология шығады. Авар мен ғұндардың қысқартылған түрі вархонит тайпа атауында сақталған, яғни сөйлем уар+хуни деп өзгертілген. Бұл атау жазба деректерде VI ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастаған (шамамен 557 ж.). Иорданның шығармаларында Хуннугуры (Hunnuguri) деген атау кездеседі [6,с.434]. Жалпы византиялық тарихшылар аварларды екіге бөледі: 1) Европалық авар «псевдоавар»; 2) Орта Азиялық аварлар деп. Менандр Протектор Европалық аварларды – «вархонит» деп атаған. Феофилакт Симокатта VII кітабының сегізінші тарауында бұл атаудың аздап өзгерген түрі «oβar παi Χουvvi» европалық авар болып есептелетін «псевдоаварларды» келтірді.

Бізге жеткен жазба және археологиялық деректерді диссертацияда талдай

отырып, мынадай тұжырымдарға келдік. VI ғ. бірінші жартысында көптеген көшпелі тайпа ұйымдарының ішінде аварлардың одағы әсіресе байқалынады. Біздің ойымызша, Европаға келген аварлар, көп жағдайда жуан-жуан қағанаты ыдырағаннан кейінгі бөлініп кеткен топ болып табылады. Сөйтіп Шығыс Еуропаның жазықты жерлеріне көшіп келген аварлар, бастапқыда бұл аймақтарда ғұндармен тектес савирлар, утигурлар және кутригурлармен қақтығысқа тап болады. Император Юстиниан тұсында белгілі болған Прокопий Кесарийский Византия империясының тарихына байланысты, құнды еңбектерін жазған. Варварлар тайпаларына тоқтала кетіп, автор савирлар (Saviri) туралы жазды. Біздің ойымызша, сол кездің жылнамалары савирлар мен хунугурларды бір халық деп есептеген сияқты. Прокопийдің мәліметінше савирлар Кавказ тауларының маңында мекендеген. Ол былай деп жазған: ... бұл жерде әртүрлі тайпалар өмір сүреді, соның ішінде аландар және авасгилер, олар шаруалар, ежелден ридіктермен достық қатынаста болған, және де зихтар, ал олардан кейін, савир деп аталатын ғұндар тұрған дейді.

Көшпелілер туралы мәліметтерді біз, Агафий Миринейскийден кездестірдік [1,с.221]. Автордың жазбалары негізінен VI ғ. орта шенін камтиды да, Юстиниан тұсындағы Византия тарихын бейнелейді. Савирлар, оның айтуынша империяның жалдамалы әскер қатарын құраған. Сонымен бірге мына атауларда беріледі: котригурлар, утигурлар, ултидзурлар.

Шығыс Европа даласына алғашқы аварлардың келуіне байланысты бірнеше мәліметтер бар. Бір мәліметтер бойынша Юстиниан патшалық құрып тұрған кезде уар және хунни тайпаларының бір бөлігі қашып келе жатқанын көріп, қорыққандарынан орналастырып, оларды аварлар деп есептейді. Уар хундарға жергілікті тайпалардан елші келіп уар хундарды – авар деп атайды. Сөйтіп бұл тайпалар авар деп аталып көсемдерін құрметтеп қаған деп атаған делінеді.

Мәліметтер бойынша «скиф халықтарының» ішінде басқа тайпаларға қарағанда аварлар: ақылды, іскер, ықпалды болған. Феофилакт Симокатта бұл тайпаларды псевдоавар деп атаған дұрысырақ болар еді, себебі тайпалар арасында беделге ие болып, олардың кейбіреуі бұрынғысынша уар деп аталса, ал басқалары хун деп аталды деп жазады.

Е. Шаван нағыз аварды кермхионнан көруге болады дейді; Керм (Червь) – құрт, Хион – жуан-жуандардың атауы кей деректерде жень-жень, жужан депте кездеседі. Яғни жужан атауының мағынасы құрт, жәндік дегенді білдірген. Жужандар мокула тайпасымен араласқан, қытайлықтар Мокула тайпасына жиіркенішпен қараған, осы кемсітілген атау, батыста Иран формасында керм+хион деп сақталған. Шаванның пікірінше, «жуан-жуандар» деген қытайлардың кемсітіп қойған бұралқы сөзі, ол тайпаның шын аты «мұқылы». Сәнби ұлысы Тан-ши-хуайдың әскерін құрғандар «мукиндер», ал оның билігі тұсында ыдырағандардың бірі «мұқылы» болса, яғни осы Мокула, мукри, мұқылы атаулардың ұқсастықтың өзі, бұл үшеуі бір тайпа емес пе екен деген сұрақ туғызады. Приск Панийский мен Феофилакт

Симокатта еңбектерінде «нағыз аварларды» келтірген, Европа ғылымында осы аталған деректердегі «нағыз аварлар» жужандар емес пе деген пікір көп таралған. Бір қызығы батыстық деректерде VI ғ. Европаға келген аварлар мен «нағыз аварлар» арасында ешқандай байланыс жоқ деп дәлелдеуге тырысқан. Бірақ осындай болжамдарға қарамастан Европалық аварлар мен жужандар арасында байланыс бар сияқты.

Кей деректерде аварларды-хиониттер вархиониттер деп атап, олар ғұн дәуірінде Сейхун өзенінің (Сырдария) төменгі ағысында өмір сүрген көк көзді, сары адамдар болған деген мәліметтер бар. Ф.Симокаттаның айтуынша, аварлар өте денелі болып, мерген жауынгерлер деп баға берген.

581 жылдан бастап Түркі қағаны, Істеми батысқа жорығын бастайды. VI ғ. ортасында Арал теңізінің теріскей бетінде түрік қағаны хуни (хиониттер), уар мен огорлар тайпаларының қарсылығына ұшырайды. Тек 558 ж. ғана бұл тайпалар талқандалады да, түріктер түркіттердің бағынғысы келмегендерін, алдына салып айдап, Еділден бірақ шығады. Олар уар мен хунни тайпаларының бір бөлігі – не бәрі 20 мыңдай адам еді, кейін олар бір халық – авар болған.

VI ғ. ортасында аварлар түрік қағанына бағынғаннан кейін, Менандрдың хабарлауынша, олардың бір бөлігі 20 мың адам батысқа Кавказдың шеткі аймақтарына қашып келіп, Византиямен қатынас жасайды дейді. Жылнамашының көне славян тіліндегі аудармасынан мәліметті сөзбе-сөз келтірейік: ... «Авары после долгого скитания пришли к Аланамъ, и просили ихъ вождя Саросія, чтобъ онъ познакомиль ихъ съ Римлянами. Саросіи известиль о томъ Юстина, сына Гермонова, который въ то время начальствоваль надъ войскомъ, находившимся въ Лазикъ. Юстинъ днесь опросьбе Аваров царю Юстиніану, который велель полководцу отправить посольство Аваровъ въ Византию. Первым посланикомъ этого народа былъ избранъ нѣкто по имени Кандихъ». (Яғни, аварлар ұзақ уақыт бойы басқыншылықтан кейін, Алан көсемі Саросияға келіп, оларды римдіктермен таныстыруын сұрайды. Саросия осы жағдайға байланысты, Лазикада тұрған әскер басшысы Германның баласы Юстинге, хабардар етеді. Юстин аварлардың өтінішін Юстиниан патшаға жеткізтеді, император қолбасшыға, авар елшісін Византияға жіберуіне рұқсат береді. Бұл халықтың алғашқы елшісі болып Кандих сайланып, келеді).

VI ғасырдың 50 жылдарында түріктерден жеңілген жужандар батысқа келіп, авар одағын құрады және олар псевдоаварлардан “Кермихион” деген атымен ерекшеленді. С.П. Толстов болса басқаша көз қарасын білдіріп, яғни “керм” терминінен – «қала», «қоныс» білдіреді. Олай болса “авархуни” және “кермихион” шын мәнісінде екеуі бір мағына білдіреді – ғұн қонысы яғни, отырықшылар дейді.

Григорий Турский «История Франков» атты еңбегінде Франк королі Хлотарь өлгеннен кейін ғұндар Галлияға басып кіреді дейді [35,с.276]. Бұл мәселе жөнінде Р.Латуштың мәлімдеуінше, мұнда ғұн емес аварлар жайында, айтылуда дейді және аварлар Орал-Алтайдан шыққандар, олар төменгі

Дунайда орналасып, Дунайдан Тюрингияға дейінгі территорияны басып алады. Қытай деректерінде Хунну деп аталатындарды ресей тарихшыларының хабарлауы бойынша ғұндар дейді. Оған ешқандай дәлелдің қажеті жоқ, аттарының ұқсастығының өзі айтып тұр дейді. Айталық, Патер Гобиль былай дейді «бұл Хуннулар даусыз, сол Европа тарихшылары келтіретін ғұндар деп атайтындар» деп, бұл мәселе төңірегінде басқа ештеме айтпайды. Осы ғалымның тұжырымдарын және Қытай жылнамаларын т.б. деректерді француз ғалымы ХҮІІІ ғасырда Дегинь (Deguignes) пайдаланды. Ол шығыстан батысқа, Азиядан Европаға халықтардың жылжу тарихын зерттеген. Нәтижесінде төрт томдық “Histoire de Huns, des Turcs, des Mongols et des autres Tartares occidentaux” атты еңбегі (1756-1758жж.) жарық көреді. Оның ең басты еңбегі батыс деректері мен Қытай деректерін салыстыруда болды. Дегинь халықтардың Ұлы қоныс аударуы кезіндегі халықтарды, қытай деректерінде кездесетін халықтардың аттарымен теңестіруі осы күнге дейін дұрыс тұжырым болып есептелінуде. Дегинь Орта Азия халықтарының классификациясын негізгі этнографиялық топқа байланысты емес, саяси жағдайына байланысты бөледі. Сондықтан ол түркілер мен монғолдарды бөліп қарастырмайды. Дегинь, Азияның осы бір бөлігін мекендейтін халықтардың бәрін татарлар (les tartars) деп атап, оларды шығыстық және батыстық деп екіге бөледі. Дегинь бойынша шығыс татарлары дегеніміз, қазір бізше тунгуз және корей тайпалары деп аталатын: То-ба (То-ва, Сянь-би (sien-pi) т.б. Одан кейін батыс татарларына ерекше мән береді. Дегиннің айтуы бойынша, Рим тарихшылары Хуннуларды (батыс татарларды) ғұн атымен білген. Татарияда оларды Хун-ну деп аталынып, үлкен мемлекет құрып, оларды қытайлықтар күйреткен. Содан олар шашырап бір бөлігі батысқа барып, Рим империясымен қарым-қатынасқа түскен. Аттиланың басқыншылық соғыстары соның дәлелі. Хун-нулардың қалғаны Қытайдың шекара аймағында қалып, жу-жень татарларының шапқыншылығына ұшыраған.

V ғасырдың аяғынан VIII ғасырдың аяғына дейін Шығыс Европа даласында Авар қағанаты өмір сүреді. Аварлар құрған тайпалық одақта, негізгі рөлді түркі тілдес тайпалар атқарды, сондықтан негізгі тілі де түрік тілі болды. Аварлар алғашқы евразиялық болған, ғұн державасы құлағаннан кейін бірнеше түркі тілдес тайпалар ішінен аварлар бөлініп шығады және де оларға шығыстан жужандар келіп қосылып VI ғ. 60 жылдарында Авар қағандығын құрады. Бұл тайпалық одақтың қағаны Баян болады. Ұлы Қоныс аудару дәуірінде ғұн державасы Европа тағдырына, Евразия тарихында жаңа кезеңге, яғни орта ғасыр өркениетіне өтуге бірден бір ықпал етсе, ал аварлар осы ғұн дәстүрін; яғни шығыс дәстүрін жалғастырушылар болды. VIғ. ортасында аварлар ауқымды территорияны жүріп өтіп, Карпат жеріне келеді, олар өздерімен қоса басқада этникалық топтарды ала келеді. Айталық Еділ өзені бойынан герандықтарды, оңтүстік орыс даласынан кутригурларды т.б. Осындай жағдайлардан кейін аварлардың өздері, басынан-ақ таза аварлар болмады, олар этникалық жағынан аралас халық болды.

Түркі халықтарының дәстүріндегідей, аварларда ірі қорғандар тұрғызбаған. Археологиялық материалдарды пайдалансақ, қоныс орындарында шұңқыр, молалардан жылқы малының сүйегі, адамдікінен жеке көмілген, яғни аварлар арасында монғолойдтық этникалық топтардың болғандығын дәлелдейді. Ал кейбір зираттардан жылқының кейбір мүшелері (тек аяғы мен бас сүйегі) табылған бұл дегеніміз, ирандықтардың жерлеу дәстүрінің белгісі. Молалардан табылған адам бассүйегін қайта қалпына келтіру барысында, олардың монғолойдтық рассаға жақын екені дәлелденген. Сол заманның басқа молаларынан бұл түрлері сирек кездеседі, тіпті жоқтың қасы, оның орнына таза европалықтар (солтүстік европалық, Жерорта теңізі және Шығыс Балтық типіндегілер) жерленген. Яғни, аварлардың жергілікті халықтармен ассимиляцияға түскенін дәлелдейді.

Ежелгі Орталық Венгрияның тұрғындарының арасында сарматтарда болды, олар ертеректе Рим аймақтарына келіп тұрақталып, аварлар келгенше өмір сүрді – осылардың бәрімен аварлар некелік қатынасқа түскен. Егер осының бәріне славян ықпалын қосатын болсақ, онда VI – IX ғғ. Карпат өңірінде этникалық жағынан аралас жұртшылық мекендеп, өздерін авар немесе обор деп аталғандармен біріккен.

Енді авар ордасының Шығыс Еуропа даласына келмей тұрып, Орта Азия, Алтай өңірін мекендеген түркі тайпалармен қарым қатынасына және жужан атауына тереңірек тоқталуды жөн көрдік. Алып түркі Ту-кю державасы Еуразия құрлығының көшпелі және кейбір отырықшы аймақ тұрғындарын қамтып, жаугершілік соғыстардың арқасында ұзақ өмір сүрмеген империя өкілдерінің бірі болды. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуына байланысты, ыдырап, күйреп жатқандардың орнына, келесі империялар пайда болып жатты, бірақ солардың бірде-біреуі Алтай тайпаларының бірі Ту-кюлер сияқты аз уақыт ішінде сондай үлкен, ауқымды империя құра алмады.

Әрине, түркі тілдес халықтар ертеден бастап өмір сүрді. Олар «хунну», «гаогюй», «теле» т.б. аттармен аталды, өкінішке орай бұл атаулар барлық түркі тілде сөйлейтіндерді, бір империя астына біріктіре алмады. Алып түркі қағанатының қалыптасуы, барлық түркі тілдес тайпаларды қамти алмаса да, көпшілік түркі тілдес жұртшылықты «түрік» деп аталатын терминнің астына біріктіріп, этникалық кең мағынаны иемденді. Бастапқыда бұл атау Алтайдағы монғол көшпелілерінің бірі жужандардың қол астына бағынушы, жеке тайпа аты ғана болған. Бұл тайпаның ерекшелігі, темір өндірісін жақсы біліп, онымен жужан ордасын қамтамасыз етіп отырған.

Бұл тайпаның әулеттерінің басшысы Ашина (Қасқыр) руынан болған. Қытайдың Суй-шу жылнамасының мәліметтері бойынша, Ашина руы, Пхин-ляанның (Шэньсидің батыс) аймағындағы көшпелі әртүрлі, тайпалардан құралған дейді. 439 жылы Ашина 500 жанұясымен жужандарға қашып барып, Алтай тауының оң жағына мекендеп, оларға темір өндірген. Түркі тілдес ортада қалыптасқан бір топ монғолдар тез үйреніп, мәдениетінің жоғары болуы мен ұйымшылдығының арқасында жергілікті тайпа арасында



беделдері артып, билікке иемденеді де, тайпа басшысы болып Ту-кю (түркіт) деп аталынады. Сонымен түрік, жужандарын осылайша атаған.

545 жылы Түркіттер (Батыс Вей) қытайлықтардың көңілін өздеріне аударып, олар Тумын атты (Бумын) көсемімен дипломатиялық қатынас жасайды. Келесі жылы (546 ж.) түркіттер жужандардың сенімді одақтастарының біріне айналып, жужандарға қарсы көтеріліске шыққан телестерді жаулап алады. Басқыншылық соғыстардың арқасында күшейген Тумын (Бумын) Батыс Вей патшалығымен келісім шарт жасасып, некелік қатынаспен нығайтыла түседі. Қытайдың патшайымына арта түсіп, үлкен беделге ие болады. Осыдан кейін енді Тумын (Бумын) жужандарға бағынудың қажеті жоқ деп, оларға қарсы көтеріліске шығады. 552 жылы жужандарға күйрете соққы беріп, Тумын ел-қаған деген титулды қабылдайды. Жужандар жеңілсе де күрестерін тоқтатпады, бірақ қайта-қайта жеңіліске ұшырап отырған, соңында 555 жылы Қытайлықтар мен түркіттер оларды ойратып, жоқ қылады.

Сонымен Ту-кю мемлекеті жан-жағынан кеңейіп, ұлғайа береді. Батыстағы түркіттердің әскери күшін Естеми билік етеді. 555 жылы түркіттер (тюркюты) өз биліктерін Батыстағы теңізге дейін таратады да, сол жерде эфталиттермен қақтығысады. Эфталиттер шамамен 558 ж. Орта Азияның билеушілері.

Түрікітер эфталиттерді өздеріне бағындырып, Еділ аңғарларына жетеді.

Егер аварлардың шығу тегіне байланысты мысалы: Азиядан савирлерді шамамен жүз жыл ішінде қудалаушылыққа ұшыратқандар жайындағы сұрақ әлі болса да, тарихта жанжал туғызса, ал Европада VI ғасырдың 50 жылдарында белгілі бола бастаған аварлар жайында анық мәліметтер бар. Түрік қағаны Естеми 598 ж. император Маврикийге жазған хаты Феофилакт Симокаттаның дерегінде мәлімденеді. Естеми (Стемвис) қаған дерек бойынша: «Сильно возгордившись этой победой и сделав Стемвискагана своим союзником, он поработил племя аваров. Пусть никто не думает, что я рассказываю, будучи мало осведомлен, и не считает, что речь идет о тех аварах которые, как варвары жили в Европе и в Паннонии (они прибыли в эти места много раньше времен императора Маврикия). Живущие по Истру варвары ложно присвоили себе наименование аваров... Совершил каган и другое предприятие и подчинил себе людей племен огор. Это одно из самых сильных племен в силу своей многочисленности и благодаря военным упражнениям в полном вооружении. Они живут на востоке, там, где течет река Тиль, которую обыкновенно называют Черной. Древнейшими вождями этого племени были уар и хуни. Поэтому, некоторые из этих племен получили название уар и хуни». (Яғни, бұл жерден білетініміз, Абдел тайпасын күйреткеннен кейін (мен эфталиттер деп аталатындарды айтып отырмын), бұл қаған оларды жеңіп, олардың биліктерін өзіне қосып алады. Бұл жеңістен қатты өркөкіректеніп және Стемби қағанды (Истеми) өзінің одақтасы жасап, авар тайпасын жеңеді. Ф.Симокатта сөзін жалғастыра келе төмендегі варварлар сияқты өмір сүргендерді айтып отырған жоқпын (олар

бұл жерлерге император Маврикийдің уақытынан бұрынырақ келгендер) дейді. Истр өзенін мекендеген варварлар жолдан авар деген атауды қойып алады). Олардың шыққан жерінде, әзірше айтпаймын дейді Ф.Симокатта. Дәл қазір мәселе аварлар жайында – (а-ба) болып отыр олар V ғ. 60 ж. Савир тайпаларын Батыс Сібірден Еуропаға, Еділден әрі қарай қуған және 556 жылы түркілерге тәуелді болған тайпа аварлар жайында деп әңгімесін жалғастырады.

Қаған басқа тайпаларды, соның ішінде огор тайпасының адамдарын өзіне бағындырды. Огорлар ең мықты күші көп тайпалар, олар әскери жағынан толық қаруланғандар. Олар Шығыста Тиль өзені ағатын жерде тұрады, бұл өзенді түркілер жәй «қара» деп атаған. Бұл тайпаның ежелгі көсемдерінің бірі уар және хун. Сондықтан бұл тайпаның кейбіреулері уар және хунни деп аталып кеткен.

Византияда Юстиниан патша тағына отырған кезде уар және хунни тайпасының кейбір бөлігі қашып Еуропаға келіп қоныстанған. Олар өздерін авар деп атап, көсемдерін құрметтеп қаған деген атақ берген. Бұл жерде енді мынандай сұрақ туады: Не себепті олар өз аттарын өзгертті деген. Сұраққа жауап былай болады: Барселт, унугур, савир т.б. ғұн тайпалары уар және хундардың қашып келе жатқан бір бөлігін көріп олардың орталарына келгендерді қорыққандарынан а-балар деп ойлап, авар деп атап кеткен. Сондықтан қашқындарға мол сыйлықтар беріп, өздерінің қауіпсіздіктерін қамтамасыз етеміз деп ойлайды. Уар және хуннулықтар тиімді жағдайдың болып жатқандығын көргенде, жергілікті тайпалар елші жіберіп, оларды авар деп қате атағанын пайдаланып, өздерін де аварлармыз деп атай бастайды.

Сонымен Еуропаға келген аварлардың жужандармен және нағыз аварлармен (а-ба) байланыстары болмады. Ал аварлар түркі қағанатынан қашқан, огор-угрлар тайпасының құрамындағы уар және хуннилер. Түркілер оларды «вархониттер» деп атаған. Н.А. Аристов пен Г.Е. Грум-Гржимайло, оларды түркеш тайпасының бір бөлігі деп атайды. Ол дұрыс емес: түркештердің арғы атасы «нағыз аварлар» – а-ба болды. Бір жағынан нағыз аварлардың жужандар болуы да мүмкін емес. Олардың аттары грекше (авароз) деп жазылып, ол оқылғанда «абар», деп оқылса, қытайшада соңғы – р - әріпі түсіп қалып, тек – аба болады. VI-VII ғғ. «аба» тайпасы шын мәнінде Тянь-Шань тау қыраттарының солжақ жағалауын мекендеген. Олар 552 ж. Бумын қағанның жерлеу рәсіміне жеке мемлекеттің өкілдері ретінде қатысқан. Яғни бұлар жужандар болуы мүмкін емес, себебі олар түркілермен жаугершілік қатынаста болды. 555-556 ж. абалар түркіттерден жеңіліп, Іле өзені бойын мекендеген, Сәнби тайпасының мукри деп аталатынына жартысы қашқан, ал қалғаны Тауғастқа Батыс империясының Вейиге бет алған.

585 ж. Аварлар түркілерге қарсы шығып, Далобян ханының қонысын күйретеді, 603 жылы теле тайпасымен аварлар қосылып, Дяньфу Бұға-ханына қарсы шығып, көтеріліске қатысқан, одан кейін олардың іздері

жоғалып, олардың көшіп-қонған жеріне түргештер пайда болды. Түргеш қағанатының ішкі қатынастарына анализ жасау барысында аварлар түргештердің компоненттері болған. Этникалық жағынан аварлар теле тобына да Шу-тайпасы хундардың тұқымдарына жатпайды. Бірақ, олар этникалық қабат болған дейді. Қытай географтарының бірі (Бичурин. Собрание сведений. III, карта династий Хань) өкініштісі, олар жайында ештеме жазылмайды, тек әулеттер ауысу барысындағы аттар мен және мекендеген жерлері сияқты мәліметтермен шектеледі. Жоңғарияда олар гаогюлердің қысымымен V ғ. одан бұрынырақ Жетісудың батысын қоныстанған. 461-465 жж. оңтүстік Сібір тайпаларына үрей туғызған, олардың жаулары мұхит маңайында өмір сүрген. Шамасы эфталиттер болуы мүмкін, себебі V ғ. Бактриядан солтүстікке басқыншылықтарын бастап 470ж. Тянь-Шаньға жетеді, 496 ж. Балхашқа дейін жеткен. Олар жайында алғаш дерек Аммиан Марцеллинде кездеседі. 356-357 жж. Шапур II (309-379 жж.) Иранның шекарасын әрең ұстап тұрған. Ал, 539 ж. Хиониттердің патшасы Грумбат енді Амидттік Иран шахының одақтасы ретінде, жорыққа шығады, сол кезде Аммиан Марцеллиннің көзінше оның баласы қаза тапқандығы жайында деректе келтіріледі. Қытай деректерінде «Хундар» - Судэ - Соғды еліндегі хиониттер жайында хабарлап, қытайлықтар оларды билеген дейді. Кейінірек хиониттер деп парсылар қытайға бағынған түркілерді айтып «кермихион» (черви-хиониттері) деп атаған. Византиялық Феофонның хабарлауынша, 563 ж. Константинопольге аварлар арасында мұхиттың маңайын мекендейтін, кирмахиондардың елшілігі келген дейді. Бұл жерде мәселе аварлар жерінде Арал – Каспий жазығындағы түркіттер жайында болып отыр дейді М.И. Артамонов [2,с.515]. Мұхит деп Каспий теңізінің Арал теңізімен бұғаздар арқылы орналасқандығы айтылса керек.

Аварлар өздерінің айқындалған дәстүрлі тарихы бар, - оның бір бөлігі – хундар немесе хиониттер бірнеше уақыт бойы, соғдыларды билеп, Иранмен тығыз байланыста болған. Ф. Симокатта угорларды былайша суреттейді; олар құдіретті және көп халық, олардың біраз ғана бөлігі уар (вар) және хундар (хиониттер) түркілерге бағынғылары келмегендіктен, батысқа Еділ өзенінің ар жағына көшіп кетеді де, өздерінің аварлар – европалық аттарын иемденеді деп жазады.

Түркілер эфталиттермен соғысып жатқандықтан аварлардың ізіне түспеді, бұл мәселе жайында Менандр былай дейді; түрік билеушісі Силзивул аварлардың қашып кеткенін естіп, варварларға тән қатыгездікпен сөйлеген: олар естерін жинап жан-жағына қарап алсын дей келе – «Аварлар құс емес аспанда ұшып жүріп, түркілердің қылышынан қашатын; олар балық та емес теңіз түбіне сүмгіп жоқ болатын; олар жер бетінде адасып жүрген халық. Эфталиттерді жеңгеннен кейін аварларға шабуыл жасаймын, олар менің күшіммен қашып кете алмайды» деп жар салған.

Азов пен Каспий теңіздерінің жазығында пайда болған аварлар; туыс этникалық топтың ортасына тап болады, себебі алдында ғұндар, угорлардың бір бөлігін өздерімен ілестіріп алып барған болатын. Соған орай, аварлар

жаңа жердің жағдайына тез үйреніп, тіпті солтүстік кавказдықтар арасынан аландармен одақтасып та үлгерді. Алан көсемі Сарози арқылы Лазикада орналасқан Византияның әскерімен қатынас жасайды да, императордың келісімін алып, 558 жылы алғаш өздерінің елшісін Константинопольге жібереді.

Аварлар амалсыздан өздерінің жаңа көршілерін тонап, соғысып өмір сүруге тиіс болды. Аварлар – таза әскери ұйым ретінде, жергілікті тайпалар үшін қауіпті дұшпан болды, бірақ араларында қатты жауласса да, олар аварлар мен одақтасудың амалын іздеді де, олардың күші арқылы өздерінің қауыпсіздігін нығайтып отырды. Аварлар, Шығыс Еуропа тайпаларымен жалғыз күресуден түк шықпайтынын білді, сондықтан бастапқыда аландармен, сосын кутригурлармен одақтасты. Шамасы император түркі елшісінен қанша авар қашты деп сұрағанда, олар – екі тумын деп жауап беруі мүмкін. Әр тумын шамамен 10 мың әскери жауынгерді қамтыды. Жалпы авар ордасының мүшелерінің саны, қарттар, әйелдер мен балаларды санағанда - шамамен 100 мың адамнан асқан болар. Кутригурлар аварлардың келгенін пайдаланып, оларды 559 ж. Византияны тонағаннан түскен бүкіл олжаны айырып алған утигур тайпасына айдап салады. Кутригур мен авар арасындағы достық қатынасы, жайында Менандр айтып, кутригур мен авар көсемінің арасындағы туыстық байланыстарын мәлімдейді. Дәл осы одақтың арқасында кутригурлар аварларды Солтүстік Кавказ даласынан ары қарай батысқа – Қаратеңіз жазығына шақырып, ол жақта оларды қуанышпен қарсы алады.

Түркілер Еділді кесіп өтпеген, Жайық өңіріндегі даланы қаратумен шектеліп қалған. Осымен Істемидің батысқа жорығы аяқталады. Төрт жылда қол жеткен жетістіктері қағанат алдына бірқатар жаңа саяси міндеттер қояды. Жоғарыда айтылған аварларды бірқатар батыстық авторлар, айталық Шаван, Грум – Грижимайло т.б. жужандармен теңестіреді. Жужандар IV ғ. аяғы мен V ғ. ортасында үлкен Хинганнан шығыста Балхаш көліне дейінгі кең Азия даласының бір бөлігін алып жатты. Бірақ Феофилакт Симокаттаның мәліметі бойынша түркілерден жеңілген жужандар 552-555 жж. Бэй-Ци патшалығына (солтүстік-шығыс Қытайға) қашады, олар аварлар болуы мүмкін емес, бұл аварларда – түркілерден жеңіліп қашқандар, бір бөлігі Тауғаст, Санбилік Тобаларға, олар ол кезде Солтүстік-Батыс Қытайды иемденген, ал қалғандары Мукри - Оңтүстік Жоңғарияға, Мохе деп аталатындар мен қосылып, түргеш халқының құрамын құрады дейді.

Сонымен савирлерді қуғынға ұшыратқан “нағыз аварлар” (кейіннен пайда болған псевдо-авардан (лақап-авар) айырмашылығы әлі күнге шейін шешілмеген сұрақтардың бірі болып қалуда.

558 ж. түркілер Еділге шыққанда, аварлар – абарлар бұл кезде күйреген болатын. Аварлардың құлауы түркілердің эфталиттерді жеңуіне себепкер болды. Жоғарыда көрсетілген уақыт дұрыс болмауы мүмкін, толығымен жеңбеді немесе ол тек 569 жылы аяқталған. Қытай деректері бұл оқиғаны 555 ж. деп эфталиттер түркілерден жеңілді дейді. Ф.Симокаттаның

мәлімдеуінше абарлардың (а-ба) аварлармен тең түсінік болған, олар жайында VI-VII ғғ. Қытай дерегі бойынша байланыстырады. Жоңғарияда тұрған 585 ж. Түркі қағанатында ұлы тұрақсыздық кезінде а-балар түркі қағанының Далобянның тұрағына шапқыншылық жасаған, ал 603 ж. теле тайпаларымен бірігіп Дяньгу Бугяханға қарсы көтерілісіне қатысқан. Манчжур әулетінің ресми географиялық мәліметі бойынша, VII ғ. Түркеш жерін Қытай басшылары У-а-ла яғни, авар өлкесі деп атаған, Н.А. Аристов және Грум-Гржимайло аварлар түргештер болғандар дейді. Бұл екі авторда псевда-авар (жалған аварларды) айтып отыр, төмендегіде көрсетілетіндей, бұл жағдаймен келісуге болмайды, бірақ-та олар нағыз аварлардың түркештерден шындыққа сай келетіндей байланыстырады. Жаңа территорияда тұрақталғаннан кейін, аварлар жаңа мемлекеттік одақ – Авар қағанатын құрады. Олардың алғашқы басшылары Баян қаған болды. Баянның қоластында көптеген Еуропа тайпалары бағынды, соның ішінде славяндар және германдықтар да болды. Шамамен жүз жылға жуық уақыт көлемінде, көшпелілер мекендеген оңтүстік ресей жазығының бір бөлігіне қағанның билігі таралып жүрді. Сонымен қоса VI ғ. аяғында Авар қағанатына кутригур, тарних және забендерлер келіп қосылады.

Бұл кезде Византия шығыс жағындағы парсылармен соғыс жүргізіп жатқан болатын. Осы жағдайлардың бәрі аварлар үшін өте тиімді болды. VI ғ. 70-80 жж. Славяндармен бірігіп, Византия иелігіне жататын, Дунайдың төменгі ағысында орналасқан жұртшылыққа тонаушылық шапқыншылықтарын жүргізді. Византия 591 ж. парсыларды жеңгеннен кейін біршама уақытқа болсада, Балқан территориясынан аварларды ығыстырады.

Аварлардың шығу тегін жандандыра отырып, біз олардың құрамына кірген тайпаларға да тоқталғанды жөн көрдік. V-VI ғасырда византиялық авторлардың хабарлауынша авар одағының құрамында Акацир, барсил, сарагур, угор, савир, уртугур, оногур, кутургур, славян т.б. болған.

Акацир тайпалары (“gens Acatzironum”) Иордан бұл тайпаларды “ең мықты”, “ең күшті” (“gens fortissima”) деп және жер өңдеумен емес, аңшылықпен және мал шаруашылығымен айналысады деп хабарлайды. Иордан бойынша акацирлар үлкен территорияны алып жатты. Балтық теңізіндегі янтарь жағалауында және болғарлармен Понт теңізінің жағалауындағы кеңістікті алып жатты дейді. Иорданнан жүз жыл бұрын жазған Присктің хабарлауынша акацирлер – скифтік, яғни ғұн тайпасы. Және Аттила акацирлерді өзіне бағындырған және өзінің үлкен ұлын соларды басқаруға жіберген; олар (акацирлер) V ғасырдың бірінші жартысында Понт маңайындағы облыстарда және Каспий қақпасы арқылы Кавказ тауларына өтіп, парсылармен соғысқан. Феодосий II-ші акацир князына үнемі “сыйлықтар” жіберіп отырған. Акацирлер мықты тайпалар болды, империя үшін бұл қатынас тиімді болды. Прокопий өзінің шығармаларында акацир тайпаларының аты кездеспейді, бірақ Мэотия жазығында «киммерийлік» ғұндар өмір сүрді, оның уақытында бұл тайпаларды утигурлар деп атаған .

Савир (Saviri) – ғұн тайпасы, бастапқыда Иордан барлығын ғұн тайпалары

деп атаса, енді біреулерін альцигар, басқаларын савирлер деп атай бастайды. Альцигарлар Херсон маңайын паналаған, Иордан савирлердің мекендеген жерін көрсетпейді, кунугурлар жайында хабарлайды да, савирлерге тоқталмайды. Мүмкін савирлердің қосымша аты хунугур шығар? Прокопий Кесарийский савирлердің қоныстанғаны жайында мәліметтер келтіреді: Оның айтуынша олар Кавказ тауларының маңайында, толығырақ айтқанда Кавказ тауларының солтүстік жағалауында дейді. Бір айта кететін жай, савирлер римдіктерге жалдамалы болды, көбінесе савирлер римдіктерге парсылармен соғыста көмектесті. Савирлердің византиялықтармен өшпенділік жағын Менандр көрсетеді. Олар V ғасырда Присктің жазбаларында кездескеніне қарағанда, осы ғасырларда белгілі болған.

Хунугур (Hunuguri) – ғұн тайпасы, савир тайпаларына жақын және ұқсас, солтүстік Кавказды мекендеген. Иорданда, Прокопийда, Агафийда әртүрлі аттар бар, бірақ соңғы жалғаулары ұқсас мыс; «гур», «дзур», «гир», «дзир», «ир», «ор», «арлар». Иорданда мыналар: хунугур, биттугур, алпидзур, алцилдзур, ултзиндзур, кейбір жазбаларында ултзингур деп өзгертілген, сосын – савир, альциагар, ангискир, бардор, итимар. Иорданда екі ғұн тайпасының аты ерекше атайды: “тункарсы және боиски” (Tuncarsi, Boisci).

Прокопийда барлық тайпа аттары “ғұн тайпаларының көптүрлілігін” немесе “үлкен ғұн тобы” құрады және олар Мэотидың айналасында өмір сүрді. Иордан әсіресе Херсона маңында тұратын ғұн тайпаларының бір бөлігін ерекше атайды және Прокопийда дәл осындай мәлімет келтіреді.

Сонымен екінші тармақшада аварлардың шығу тегі мен «авар» аталу мәселесі жәнede қоғамдық құрылымы мен аталмыш тайпалық бірлестіктің алғаш Еуропа жазығына келуі талданды. Жуан-жуан (жужан) тайпасының батысқа жылжу Халықтардың Ұлы қоныс аудару қозғалысын жандандыруының себептерін қарастыра отырып, біз оқу құралында аварлардың шығу тегін Солтүстік Қазақстанда қоныстанған угор тайпасының бір тармағы уар және хунилердің, түрік қағанатының жужандарды ығыстыруының нәтижесінде, Шығыс Еуропа жазығында пайда болушылар десетін деректерді қолдап, ой пікірлерімізді қостық. Сонымен қатар ғұн одағына жужан одағының шашырандыларының келіп қосылуы, көшпелілерге ғұн атының орнына жаңа этникалық – «авар» атауын береді. Авар қағандығының құрамына бірсыпыра түркі тайпалары мен рулары біріккен.

### **Сұрақтар:**

1. Аварлардың шығу тегіне қатысты ғылымда қандай болжамдар бар?
2. Жужандар дегеніміз кімдер?
3. Авар атауының мағынасын түсіндір?

**3- тақырып. Авар қоғамындағы әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйе**  
Археологиялық мәлімет бойынша, аварлардың Еуропада болуын үш кезеңге бөлуге болады: 1) Ерте авар кезеңі - өте қысқа мерзімде

болғандықтан, бұл дәуірге байланысты зерттеу жұмыстары, археологтарға көптеген қиыншылықтар туғызады, 2) Орта авар кезеңі, сосын 3) VIII ғ. басынан IX ғ. басына дейінгі аралық, кейінгі авар кезеңі деп аталып, бұл дәуірде иран-монғолдыққа тән – биік қорғандар, атты жеке жерлеу сияқты дәстүрлер жоғалған.

Венгрия территориясынан және көршілес мемлекеттердің жерінен, авар кезеңіне жататын, жиырма мыңнан аса қабірлер табылған. Археологтардың міндеті, қазба жұмысы барысында табылған заттарды жүйелеу, классификациялау, уақытын анықтау болды. Уақыт шеңберін анықтау археологтар үшін тіпті қиындықтар туғызған, себебі авар зираттарынан тиын ақшалар өте аз табылғандықтан, дәл мерзімін айту мүмкін болмаған. Сондықтан аварларға қатысты жалпылама хронологиялық шеңберін жазба деректерге көбірек сүйенеміз.

Зираттардан табылған қымбат бағалы заттардың кездесуіне байланысты, авар қоғамында, иерархияның болғандығын байқауға болады. Билік басында қаған тұрды. Осы мәселе жайында VI ғ. тарихшысы Григорий Турский жазбаларында “қаған” сөзіне анықтама беріп хан атағымен баламалайды. Византия тарихшыларының мәліметі бойынша, аварлардың қағанының билік түріне қатысты мәліметтер беріп, шексіз билік жайында хабарлайды. Сол кездегі түсінік бойынша “игумен” термині үйдің қожайыны деген мағынаны білдірген, ал “деспот” термині – үйір малдың қожайыны деген мағынаны білдірген.

Авар қағанының билік түрі жайында деректер, монархиялық билік тек лонгобардтарда және түркілерде, сонымен бірге аварларда болды дейді. Яғни бұл жерде біз, Авар қағанатында монархиялық биліктің, әкеден балаға мұра ретінде берілетінін байқаймыз.

Біздің негізгі қарастыратынымыз Авар қағанатының тарихы болғандықтан, алдымен осы “қаған” “қағанат” деген атауға тоқталуды жөн көрдік. Гаган (“gaganus”) түркі сөзі “қаған” хан деген мағынаны білдіреді. Қаған – бұл атақ, барлық түркі халықтар арасында кең тараған. Қағанат атауы түркілер дәуірінен басталады, яғни түркі қағанаты батыс түрік қағанаты деген сияқты, Авар қағанаты болды. Қаған, хан, патша сөздерінің мағыналары бір.

565-578 жж. Византия императоры Юстин II былай деген екен: “Қағанмен бейбіт қатынасты сақтау үшін, ең алдымен оның балаларын кепілдікке алу керек” деген, ал Юстиннің әскер қолбасшысы Тиверийдің ойынша, қағанға тәуелді архонттардың балаларын кепілдікке алғанның өзі жеткілікті дейді. Яғни, бұл жерден Авар қағанатында архонттардың болғандығының дәлелі бола алады.

Мәліметтерге қарағанда авар тайпалық одағында ерекше басқарушы рөлді “Вархонит” (Uarchonitae ) тайпасы атқарған. Яғни вархониттер руынан негізінен ақсүйектер шыққан. Оларға бағынатын бірнеше тайпалар, соның ішінде гепидтерді (герман тайпасы, кезінде ғұндарға бағынышты болған), өздерінің құлдары ретінде есептеп, жиі-жиі алым жинап отырған. Алым

ретінде көбінесе азық-түліктер, жер шаруашылығынан шығатын өнімдердің жартысын жинаған. Мысалы, Франк қолбасшысы Сигибертті тұтқыннан босатып алу үшін аварларға ұн, жемістер, қой және өгізді төлем ретінде төлеген. Менандр осы мәселені жобалап былай дейді; аварлар гепид тайпасынан барлық төрт түлік малдың оннан бір бөлігін талап еткен, олар лангобартармен одақтасып гепидтерді жеңгеннен кейін, түскен олжаның жартысын және бүкіл гепид жерін талап еткен. Сонымен авар қағанатының құрамына қандай көп мөлшерде келімсектер келіп кірсе де, олар жергілікті тайпалық одақтың дәстүрін, жалғастыра отырып варварлық жартылай мемлекеттің жаңа кезеңін қалыптастырды.

Құнды деректердің бірі болып Григорий Турскийдің шығармасы болады. Автор аварларды кейбір жылнамашылар сияқты ғұндар дей отырып мынадай жазады: «Король Хлотарь қайтыс болғаннан кейін ғұндар Галлияға басып кіреді. Оларға қарсы Сигиберт шығып, соғысып оларды қудалаушылыққа ұшыратады. Бірақ та олардың корольдері елші жіберіп Сигибертпен достық қатынасты орнатады».

Аварлардың қоғамдық қатынастарын зерттей отырып, рулық – тайпалық дәстүрлерін көрсетуге тырысайық. Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконына тоқталсақ төмендегідей құнды мәліметтерді келтіруге болады. Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. Олардың саяси қатынастарына келе, автор қағанның билігін ерекше атайды. Ғұндардағыдай, аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақпен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған да, олар атүстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен баудай түсіретін. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найзадан тұрған. Сондықтанда аварларға төтеп беру үшін, оларға қарсы атты әскермен шығу керек. Аварларға жайылымды жер бермеудің жолын іздестірген дұрыс деген, себебі олар аттарынан басқа, өздерімен бірге басқада көптеген мал түрлерін айдап жүреді.

Византиялық хронистер аварлар және олардың қағанаты туралы жазған мәліметтері аз емес. Осыған орай біз, бұл кезеңде Византия имприясына, аса үлкен қауіпті Шығыстан келген осы түркі тайпа одағының төндіргенін біле аламыз.

Аварларда қағанның бірінші әйелі қатын (катун) деп атаған, соған қарағанда оларда, басқа шығыстың халықтары сияқты көп әйел алушылық болған сияқты. Қағаннан кейін – тудын тұрды, олар елдің бір бөлігін және югурдің билеушілері болса керек. Қағанның тапсыруы бойынша қағанатта салық жинаушыларды тархандар деп атап – олар ақсүйектер болуы мүмкін. Иерархиялық баспалдақ бойынша тарханнан төмен қарай – тайпа мен ру көсемдері тұрды. Тайпа мен ру көсемдеріне қатысты (Сентэндрде, Бочеде, Кунсентмиклош–Бабонда т.б.) жерлерден, археологиялық қазба кезінде қабірлерден табылған құрал-саймандар әртүрлі заттар дәлел бола алады.

Кей жерлерде екі адамның сүйегі бір қабірде жерленген, олар кішкентай



баласымен анасы болса, немесе әйелмен еркектің бірге жерленуі, яғни күйеуі өлгеннен кейін, жесірін де өлтірген болса керек. Бірақ, екеуінің бір мезгілде өлуі де мүмкін деген тұжырымдар да бар.

Аварлар, басқада көптеген этникалық топтар және де көшпелі халықтар сияқты, дамыған құлдықты білмеген. Олар құлды әскерде, үй шаруасында пайдаланған. Көбінесе басқа тайпа мүшелері немесе соғыс тұтқындары және дағдарысқа ұшыраған тайпа мүшелері – аварлардың құлы болған.

Бас бостандығы жоқ адамдар жайында, төмендегі мәліметті келтіруге болады: “Аварлар Паноннияда өз биліктерін орнатқаннан кейін, шамасы славян тайпаларының бір бөлігі, әсіресе авар территориясының орталығында (Кереш пен Муреш атты өзендердің аралығын) мекендегендер еріксіз, бас бостандығынан айрылған. Яғни құл славяндар болған. VI ғ. “Панонния” жері заңды түрде империяның шекара күзеткерлері ретінде аварларға беріледі, сондықтан аварлар бұл жерді және оны мекендеген халқын заңды түрде жеке меншігіміз деп қарастырған, яғни осы жерде славян тайпаларының бір тармақтары қоныстанған болатын. Бірақ қағанаттың шеткі аймағындағы славян этно-элеуметтік ұйымдар (тайпалар және оның одақтары) сақталды, қағанға тиімді қызметтерді де атқарған. Аварлардың өмір сүру дәстүрі соғыс немесе тонаушылық болды, яғни жаулап алған тайпаларды алым-салыққа батырып, немесе азық түліктің тең жартысын жинап алып отырды. Жанама жазба деректердің мәліметтері бойынша олар құлдықты білген, тіпті қолданбалы қанаушылықтың түрімен де таныс болған, бірақ таптық қатынастарды бұл кездері дамып жетіліп тұрды деп айтуға болмайды, әйтседе таптық жіктеліс, яғни қарапайым тілмен айтқанда бай, кедей, құл деп бөлінушілік болған. Сонымен таптық қатынас жаңадан қалыптасып тәй-тәй басып келе жатқан. Аварлар өздерінің билігін славян және т.б. тайпаларды қорқыныш пен үрейлендіріп және қатыгездігімен қорқытып басқарған. Мысалы 593 жылы славян шеберлері авар әскерін Сав өзенінің келесі бетіне өткізу үшін, қайықты “таксиархтардан қорыққандарынан жасаған” яғни бұл жердегі таксиарх деп отырғанымыз авар әскер қолбасшылары қызметін атқарғандар.

Славян тайпаларының құқысыздығы жайында, қағанның ең алдымен тұтқындалған аварларды босатуға тырысқанынан көруге болады. Бұл тайпалар ағаш шебері болғандықтан қағанаттың әскерін, суда жүзуін құралдармен (төрт адам көтеретін жеңіл, “моноксил” немесе “однодеревки” деп аталатындар мен) және де (шамамен 20-40 жауынгер көтеретін) ауыр соғыс кемелерімен қамтамасыз етіп отырған. Славян тайпалары жайында әңгімемізді жалғастыратын болсақ, қаған Византия қалаларын басып алуда кеңінен пайдаланған. Славяндар қағанаттың шамамен жарты мөлшерін құраған.

Сонымен VI-VII ғғ. аралығында қағанның славяндарға үстемдігі мықты болғанын, бірнеше тарихи факторлар дәлелдейді. Мысалы 626 ж. аварлардың Константинопольге жорығы барысында, славяндар теңіз шайқасында жеңіліске ұшырағандарды қаған түгел қыруын талап еткен. Дәл осы кезден

бастап, славяндар аварларға қарсы шыға бастайды. Нәтижесінде VI ғ. 30 жылдарында славяндардың қағанатқа қарсы “Само” бастаған мемлекет қалыптасты. Қағанат ішінде сонымен қатар, славяндардан басқа, протоболғарлар т.б. тәуелді тайпалар көтеріліске шыға бастайды.

VII ғ. ортасынан бастап Авар қағанатының ықпалы, халықаралық қатынаста да, әлсірей бастайды. Қағанаттың күдіреттілігінің әлсіреуінің бірден-бір себебі, ішкі қарама-қайшылықтардың белес алуы. Яғни авар басшылықтарының арасындағы күресі және тайпалар арасындағы қақтығыстар болды. Осы кезден бастап Балқан түбегінің саяси өмірінде, империя мен славян арасында текетірес күшейе түседі.

Қазіргі таңда VII-IX ғғ. қатысты авар қоныстарының орындары, қалдықтары табылған. Ең ірі қазба жұмыстары Венгрияда, Дунайда Варош қаласының маңында отыз жеті қоныстың қалдықтары табылған. Бұл қазба жұмыстарына қарап, аварлардың ауылдар сияқты топтасып, жартылай жертөле үйде тұрған, оның қабырғасы ағаштан жасалған, ішінде пеші болған. Көптеген тұрғын үйлерден астық сақтайтын, шұқырлар табылған, құрылыстарда балшықтан жасалған ошақтары болған. VII ғ. әр ауылдарда тұрғын үйлер, шеңбер бойымен дөңгеленіп орналасқан. Дәл осындай тұрғын үйлердің орналасуы Эльба және Молдавияда байқалады. Бұл тұрғын үйлерге, жартылай көшпелі аварлар, қыс кезінде малдарымен, жазғы жайылымдардан кейін келіп қыстап шығатын болған. Қазіргі тілмен айтқанда, қыстақ болған. Көктемнен күзге дейін, киіз үй іспеттес тез жиналатын, құрылыстарда тұрған. Яғни осы үйлерінің құрылысы жайында деректерге сүйенетін болсақ, аварлардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болған. Айталық 562 ж. қаған Юстинианға елші жіберіп, жер сұраған. Яғни шамамен осы кезден бастап бақташы түріндегі мал шаруашылығы мен жер игерушілікпе айналыспақшы болады. Дунай бойындағы тұрақ, олардың негізгі орны болды. Осы жерде авар одағының құрамындағы тайпалар әсіресе славяндар жер игеріп, егін егіп, отырықшы мәдениеттің негізін қалаған. Яғни, Шығыс Еуропа даласы әртүрлі мәдениеттердің араласуының үлкен қазанына айналды. Жоғарыда айтып өткендей, аварлар жаулап алған тайпаларды құлға айналдырды, және де оларда патриархалды құлдық болды дедік. Яғни осы отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан тайпалар, Авар қағанатын және оның әскерін азық түлікпен, бидаймен, тамақпен, етпен қамтамасыз етіп отырған. Сондықтан кейбір орыс тарихшылары, аварларды жартылай отырықшы тайпалық одақ дейді. Негізінен, таза авар тайпасы VII ғасырға дейін өздерінің дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, дамытқан. Сонымен Авар қағанатының негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы. Мысалы, Константин Богрянародныйдың хабарлауынша: “Жылсайын Далматидің басқа да қалаларынан атты жауынгерлерді жинап, олардың шамамен мыңға жуығы Дунай өзенін, аварлардан қорғауға күзетке тұратын. Ал аварлар болса өзеннің келесі бетінде көшпелі өмір сүретін. Далматидан келушілер, жиі жайылып жүрген малдарды көретін болған. Бір

кездері олар өзеннің арғы бетіне өтіп, ол жақта кімдер тұратынын білгілері келеді. Өзеннен өткеннен кейін, олар аварлардың тек әйелдері мен балаларын ғана көреді, ал ер азаматтары мен жасөспірім ұлдары жорықта болған дейді. Яғни бұл жерден аварлармен ғұндардың жалпы экономикалық негізі—мал шаруашылығы екендігін айқындайды. Аварлар көшпелі малшылар, өздерінің экономикалық қорын, тонау мен жаугершілік арқылы кеңейтіп отырған. Осы жаугершілік соғыстар барысында, аварлар отырықшы халықтармен араласып, ассимиляцияға ұшырайды. Біртіндеп жартылай көшпелі өмірден, отырықшылыққа ауысты. Сондықтан тұрғындардың жартысынан көпшілігі (ең алдымен римдіктердің ұрпақтары, сарматтар және славяндар) жер шаруашылығымен айналысты.

Аварлардың тұрмыстық өмірінде негізі рөлде ат, яғни жылқы малы атқарды. Жылқы сүйектерінің қалдықтарын зерттеу барысында, бұл аттар шығыстық тұқымнан шыққан – жылдам жүргіш, төзімтал, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған. Дәл осы жылқыларды ертеортағасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған.

Аварлар жылқы өсірумен қатар, ірі қара өсірумен де айналысқан, қой, ешкі, тауықтар – қабірлерден жұмыртқаның қабықтары бірнеше рет табылған. Шошқа малының сүйектеріне зерттеу жүргізу барысында, кейбір молаларда тамақ қалдықтарынан шошқа малының сүйектері табылған, бұл дегеніміз, авар қоғамында славян тайпаларының көптігін және азда болса ықпалының болғандығын көрсетсе керек.

Олардың өсімдік өсіруі жайында мәліметтер өте аз. Астық мәдениетінде тары, бидай т.б. (аварлар және славяндар да) өсірген. VI-VII ғғ. жерді ағаш соқамен қопсытқан, көптеген құрал жабдықтарын темірден жасаған.

Көпшілік қабірлерде қыштан жасалған құмыралар жақсы сақталған, олардың көпшілігі кейінгі авар кезеңінде қыштан күйдіріліп жасалынған. Кейбір ыдыстар шеткі аймақтардан әкелінген, яғни шекаралас көршілерден, себебі қыш ыдыстар, алыс сапарларды көтере алмайтын болған.

Қазіргі Венгрия территориясынан, сол заманның темір балқытатын домна-пештерінің қалдықтары табылған. Темірден қару жарақтар өндірісте, ауыл шаруашылығында пайдаланатын құралдар жасаған.

Тауар қатынасына байланысты айтар болсақ, тауар өндірісі тек өздерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында ғана емес, сонымен қатар айырбаста болған. Оны бірден бір дәлелдейтін, авар қабірлерінен көптеген шеттен келген заттардың көптеп кездесуі дәлел болады. Мысалы, солардың ішінде, алтын, күміс және қола сырғалар, блезік, жүзік, бас киімдер, әртүсті әйнек моншақтарды атап айтуға болады. Жазба деректерден Византия императорының Авар қағанына сыйлық ретінде, жібек маталар т.б. әртүрлі қымбат заттарды бергенін білеміз. Ал археологиялық қазбада жібек маталардың қалдықтары, киімдер де сақталмаған. Осы заттардың бәрін сатып алған немесе мал, жылқы, былғары жүнге айырбастаған.

Латын жазба деректері бойынша сауда және базар орындары болған. Осы

жерлерге аварлар өздерінің тауарларымен келген және де кезіп жүрген көпестер мен қолөнершілер жиналатын болған. Қолөнершілер белгілі бір жерге жиналатын болған. Оны дәлелдейтін Кунсентмартон ауылының маңында табылған қабірді айтуға болады. Заттардың ішінен пластинкалық кеудеше табылған: елдегі жол тораптары, жолаушылар үшін әрқашан қауіпті болмаған.

Авар қағанатына көпестер алыстан, тіпті сонау Шығыстан келетін болған. Кейбір мәліметтер бойынша, Карпат арқылы Батысқа маңызды сауда жолдары өтетін болған. Барлық көшпелі халықтардың дәстүрлері сияқты, аварлар да сауда керуендерінен баж салығын жинап отырған. Осының арқасында жекелеген аймақ басшылығының, тіпті қағанның даңқы біршама өскен. Аварлардың көпестері де көрші аймақтарға сауда сапарымен қатынас жасап отырған, оны Византия авторларының деректері дәлелдейді.

Ал енді, аварларда ақша болды ма? деген сұрақ туады. Мәліметтерге қарағанда аварлар өздерінің ақшаларын шығармаған. Кейбір зерттеушілердің тұжырымдауы бойынша, аварлар Византияның алтын тиындарының жасанды көшірмесін жасаумен айналысқан дейді. Бірақ барлық қағанаттың территориясынан империяның көшірме тиынының қоры табылған, яғни осы мәселеге кесіп тұжырымдар жасауға болмайды, сонымен бірге бұндай көшірме ақшалар көршілес елдерден де табылған.

Менандр т.б. деректерге сүйенетін болсақ, VI ғ. византиялықтар қағанатқа салықты алтынмен төлеп отырған. Мәліметтер бойынша жалпы бір жылдық салықтың мөлшері 80 мың алтын солид болған, ал 600 жылдан бастап 100 мыңға дейін көтерілген. Кейінірек бұл соммада жеткіліксіз болған. VII ғ. басында Византия императорлары аварларға “бейбіт өмір сүру үшін”, жылсайын 120 мың солид төлеп отырған. Кейбір есептеушілердің қорытындылауы бойынша византияның алтын қорының 1/75 бөлігі аварларға салық ретінде төленіп отырған (империяның қазынасының жыл сайынғы түсімі, шамамен орташа алғанда 37 мың кг. алтын, яғни 8 млн солидті құраған). 626 жылға дейін Авар қағанатына шамамен 6 млн. солид төлеген, яғни бұл дегеніміз 25 мың кг. Алтын [10,с.17]. Бұл сансыз көп тиын айналымға түспеген. Шамасы аварлар бұл алтындарды әшекей-бұйымдар мен ыдыстар жасауға жұмсаса керек; бұл ақшаның біраз бөлігі көсемдер арасында бөліске түскен, дәл осы ақшалар археологиялық қазба кезіндегі қоймалардан табылған.

Жоғарыда көрсеткендей, Баян қағанның бұдан бұрын ғұндарға бағынышты болған, бірсыпыра көшпелі халықтар тәуелді еді. Қағанатта жаңа феодалдық дәстүрлер дами берген, бұл процесс аварларда Еуропа территориясына келмей тұрып-ақ басталған. Кезінде ғұндар IV ғасырдың екінші жартысында Ұлы қоныс аудару қозғалысын бастап, жаңа қоғамдық қатынастардың және өркениеттің пайда болуына жол ашқан. Авар тайпа одағының да Еуропаға өзінің әсері тиген деуге болады. Аварлар шығыстан мынадай жаңалықтарды әкелді: жетілген ат әбзелдері, айырықша темір үзеңгіні атауға болады және де қару жарақтар, соның ішінде бір жүзді

кылыштар және қанжарлар. Жоғарыда айтып өткендей аварлардың басты қарулары садақ пен жебе болды. Авар дәуіріне жататын жебелер анағұрлым үлкен және ұзын болған. Қазба жұмыстары кезінде, қабірлерден сүйектен және темірден жасалған үш қырлы садақтың ұштары сақталған. Найзалары бұрынғыларға қарағанда ауырлау болып келеді. Қарулануға байланысты жаңалықтардың енуі, әскери тактикада өзгерістер болды, әсіресе атты әскер бұрынғыдан да жандана түскен. Деректерге сүйенетін болсақ, аварлар сол заманның қамал бұзатын қандай техникалар болса, солардың бәрімен қаруланған.

Енді, осы аварлар оқып жаза алдыма екен? деген сұрақ туындайды. Археологиялық мәліметтер бойынша, аварлар руникалық жазуды білген: мысалы, олар жамандықтан сақтану үшін, әртүрлі жалбарынуларды шимақтап ойып жазған, және әртүрлі заттардағы жекеленген белгілер (тамға) таңбалар сақталған. Бірақ осы жазу хат жазыста немесе әдеби жылнамалар жазуда пайдаланды деген мәліметтер жоқ. Шамасы батырлар жыры, дастандар, аңыз әңгіме және ертегілер, барлық халықтардағыдай ауызша әкеден балаға берілсе керек.

Аварлардың тілі, жоғарыда айтып өткендей түркі тілі. Біз ол жайында көбінесе жеке адамдардың аттарынан, атақ даңқтарынан байқаймыз. Мысалы: елші аттары (Менандрда сақталған) Кондих, Салак, Кок, шаманның біреуін Боколабр деп атаған. Шамасы осы аттар шығу тегі жағынан түркілік болса керек. Қаған, тудун, югур, тархан, таксиарх сияқты атақ даңқтары, олардың түркі тілдес екенін айқындайды. Сонымен аварлар түркі тілдес тайпалар болған, ал славяндар шамасы угрофиндік топқа жатса керек. Мысалы авар қағанының аты “Баян” – манғол сөзі – бай деген мағынаны білдіреді. Тайпа аты “вархониттер” дегенде жұрнақ “т” манғолша көпше түрді білдіреді. Шамасы авар одағына манғол элементтерін жуан-жуандар әкелсе керек. Қазіргі таңда ғылымда авар одағында негізгі тілі түркі тілі болғанмен, манғолдық, ирандық мәдениеттің таралғаны айқындалып отыр. Византиялық және Батыс Еуропалық авторлар (мысалы Менандр, Павел Диакон) аварларды ғұндармен байланыстырады, Менандр бойынша, аварлардың ғұндармен, ұқсастықтары тілімен дәстүрінде десе, Павел Диакон олардың арасында генеалогиялық байланыстар бар дейді. Әсіресе Византия жылнамашыларын таңқалдырғаны, шығыстық салт бойынша, аварлардың шаштарының өрілгендігі.

Аварлардың және Авар қағанатындағы халықтардың наным сенімдері жайында мәліметтер өте аз. Бір деректе тек негізгі шаман жайында мәлімет келтірсе, ал енді біреулері, аварлар идеологияны жақтаушылар болған деседі.

Аварлар дүниені екіге бөлген; жер бетіндегі дүниемен, жер асты дүниесі деп. Оны дәлелдейтін қабірлерден табылған, өлген адамның жанына тамақтың, ат, қару жарақтардың бірге көмілуі, о дүниеде де жауынгер күресін жалғастырады деп түсінген. Шамандық түсінік бойынша келесі дүние бірнеше деңгейден, бірінен кейін бірі болады деп түсінген. Яғни өлгендер жоғарыға ұмтылу кезінде жебелер көмектеседі деп, адаммен бірге

садақ пен қорамсақты жерлеген.

Жерлеу рәсімдерінің алдында немесе жерлеу кезінде, адам жататын жер жаман рухтардан “тазартылатын”. Оны отпен немесе ыстық шоқпен аластайтын болған.

Әртүрлі халықтар өздерінің салт дәстүрлері бойынша, өлген адамның басын батысқа немесе шығысқа қаратып жатқызатын болған. Аварлар да белгілі бір ортақ бағдар болмаған себебі, әртүрлі өте көп тайпалардың жиынтығынан құралғандықтан. Көптеген жағдайда өлген адамға магиялық яғни сиқырлау сияқты рәсімдер жасаған. Себебі, өлген адам о дүниеден қайтып оралуы мүмкін деп түсінген.

Сонымен аварларда жоғарыда айтып кеткендей, шамандық наным сенімдер болған және де о дүниеге сиынған, қазба кезінде табылған әшекей бұйымдардағы аң стиліндегі орнаменттер, фитимизмнің нышаны болса керек, бұл аң суреттерін салу, олардың Азиядан шыққандығының бірден-бір дәлелі.

Аварлар мықты шебер, өнерлі халық болған. Олар сүйекті өте шебер пайдаланған, әсіресе мүйізден көп бұйымдар жасаған. Жылнама, жазба деректердің мәліметі бойынша; олар әдемі керемет кілемдер тоқыған, маталар жасаған, күміс пен ағашты өңдеп, бейнелеу суреттер салумен айналысқан. Өкінішке орай бұл заттар біздің күнімізге дейін сақталмаған. Оның есесіне темірден жасалған, әшекей бұйымдары сақталған, айталық – Византия үлгісіндегі сырғалар, білезік, жүзік, сақина, түрлі-түсті әйнектен жасалған моншақтар. Шамасы бұлардың бәрі Шығыста жасалса керек. VI-VIII ғғ. Авар қағанатының ерікті жауынгерлері, белбеулерінің ұшын темірден жасап әшекейлеп, өрнектеп таққан. Дәл осындай қаңылтырмен аттың әбзелдері қапталған. Кейінгі авар дәуіріндегі белбеу ұштары, өрнектеліп құю әдісімен жасалған. Сондықтан олардың ішінен екі бірдей ұқсастарын табу қиын. Белбеулерінің темірден жасалған ұшын өте үлкен етіп құйып, оған әртүрлі орнаменттерді, адамдардың немесе алпарысып жатқан жануарлардың суреттерін бейнелеген. Көсемдердің қылыштарымен қорамсақтары алтынмен қапталған, ал қарапайым жауынгерлердікі – күміспен жалатқан. Тіпті темірден жасалған үзеңгі көмкеріліп өрнектелген, ал кейбіреулері күміспен безендірілген.

Қабірлерден қыштан жасалған құмыралар да табылған. (Сексара қаласының маңынан қыш пештерінің қалдықтары табылған). Яғни авар қағанататында қолөнер жақсы дамыған. Бір өкініштісі авар дәуіріне жататын қыш құмыралар аз өрнектелген.

Сонымен авар қоғамындағы әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйе атты тармақшаны қорытындылайтын болсақ, авар тайпаларының Батысқа келуінің себеп-салдары қарастырылды. Мал жансыз, азық – түліксіз, еш қорсыз келген аварларды, жергілікті ғұн тайпалары аварлар деп атап, қолдап қошеметтеген екен. Жат жерге тез үйренісіп, тіпті олар аландармен одақтасу арқылы, Шығыс Рим империясымен қатынас жасап, одақ құрады. Византиялық авторлардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, аварлардың

күшінің мықтылығы мен санының көптігі, олардың жаугершілік соғыс барысында бірнеше тайпаларды өзіне бағындырып алса, ал кейбіреуімен одақтасуында еді.

Аварлар Еуропаға келмей тұрып, бұл тайпалық бірлестікте рулық дәстүрлер ыдырай береді де, жаңа феодалдық қатынастар дами бастайды. Жартылай феодалдық мемлекеттің негізі қаланғанымен бұл процес даму шегіне жетпеген. Аварлар тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылар деген орыс тарихшыларының идеяларын сынға алып, олардың сонымен қатар отырықшылықпен де, шұғылданғанын дәлелдеуге тырыстық. Аварлардың Еуропа даласына әкелген үкен жаңалығы жетілген ат әбзелдері болды. Авар қағанатының негізін салушыларда басқада Шығыс халықтары сияқты, негізгі қарулары садақ пен жебе болды. Аварлар сөзсіз түркі тілдес тайпа. Оларда басқа түркі тілдес тайпалар сияқты, пұтқа табынушылық басым болған.

**Сұрақ:**

1. Авар қағанатының басқару жүйесі қандай болды?
2. Қағанатты кім басқарды?
3. Авар қағанаттының шарушылық түрін атап деректер негізінде дәлелде?

## II бөлім

---

### АВАР ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕВРОПАҒА ҰСТАНҒАН САЯСАТЫ

#### 4-тақырып. Авар-Византия арасындағы саяси дипломатиялық қатынастардың орнауы

Ерте ортағасырлардан бастап Византия күдіретті держава болып, көптеген жағдайда Еуропалық оқиғалардың жүрісін анықтап отырды. Аварлар мен Византия арасындағы байланыстары жайындағы құнды мәліметтерді, Византияның танымал тарихшыларының бірі Агафий және Менандр Протектордың қолжазбаларынан көруге болады. Менандр Византия бюрократиясының идеологі, император Юстинианның мұрагерлерінің билігін мойындаған және халықаралық істермен байланысты болып, Маврикийдің қамқорлығын пайдаланған. Менандр әлеуметтік жағдайына байланысты Прокопийден төмен тұрды, бірақ онымен теңдес Агафийден білімі жоғары болған. Менандр еңбегінің құндылығы—тарихи материалдарды жинақтап адал сипаттауға тырысқан. Сондықтан, М. Протектор VI ғ. Византия тарихшыларының ішінен көрнекті орын алады. Жоғарыда айтып өткендей Менандр Протектор аварлардың Шығыс Еуропа даласынан қоныс аударуы жайында, құнды мәліметтерді береді. Аварлар жер бетінде ұзақ кезіп жүрудің нәтижесінде, көшпелі мәдениетті дамытып жалғастырушылар болды.

VI ғ. орта шенінен бастап авар ордасы Шығыс Еуропа даласының саяси тарихында белес ала бастаған болатын. И. Эфескидің мәліметі бойынша, аварлар Каспий теңізінің арғы даласының, көшпелі тайпасы VI ғ. ортасына таман олар түрік тайпасына тәуелді болады деп жазады сириялық хронист. Византия империясының осы кезеңдегі саяси тарихының барысы жөнінде Прокопий Кесарийский сипаттап кеткен болатын. Айталы, император Юстинианның билігі тұсында варвар тайпаларының ұдайы қауіп төндіруіне байланысты, Херсон аймағында қорғаныс құрылыстарын жүргізген. Сонымен бірге византиялықтар Таврикийдің оңтүстік-батыс таулы аймағында, Дори облысында оның орталық шіркеуі Дорос (Мангуп) маңындағы қоныста, екі шіркеудің құрылысын жүргізген – Алусти (қазіргі Алушта) және Гурзувит (қазіргі Грузуфт). Сонымен қатар, археологиялық мәлімет бойынша VI ғ. жататын салынған қамалдардан Эски-Кермен, Мангупа және Сюрень қорғаныстарын атауға болады. Аталған бекіністер мен қорғаныс түрлері тау өткелдерімен Таврикий далалары арқылы Херсонға дейінгі жерді қорғауға тиіс болған. Қамалдар салу тек варвар тонаушылықтарынан қорғау ғана емес, сонымен бірге жергілікті жерде салық жинау арқылы Византия империясының билігін кеңейту болды. Сонымен бірге, Прокопий «ғұн жауынгері» жайында айтады, бірақ бұл жерде әскер тек ғұндардан тұрды



деуге болмайды. Прокопийдің өзі және т.б. оның замандастары осы кездері ғұндар жалғыз әрекет етуі мүмкін емес дейді. Прокопийдің айтуынша 532 ж. дейін «ғұндар анттар және славяндар Дунай өзені арқылы жиі өтіп, Ромейліктерге сансыз зиян тигізген». Рим тарихшысы Агафий Заберганның 559 ж. астанаға шапқыншылық жасаған варварларды, «ғұндар-кутригурлар» деп атаса, Виктор Паннукский «болғарлар» деп, ал Молала ғұндармен славяндар деп атайды». Осы жерде бір айта кететін мәселе, жоғарыда аталған авторлардың үшеуі де сол кездері астанада тұрған.

Византия тарихшылары, империя территориясына басқыншылық жасаған варвар тайпаларының құрамы жөнінде анықтаудан бас тартқан сияқты. А Дьяконов осы көріністі түсіндіру үшін, V-VI ғасырлардағы Шығыс Еуропа даласының бір бөлігіндегі тайпалардың жылжуын еске түсіру керек дейді [5,с.20]. IV ғ. аяғында ғұн тайпалары Еуропаға «Шығыстық» басқаша айтқанда азиаттық варварлардың қозғалысын бастап, жолды ашып берді. Бұл тайпалар империяның солтүстік шекара сызығы (Қара теңіз жағалауы-Дунай) бойымен жылжып тай, гот, скиф, тавр және т.б. сияқты ертеден мекендеген жергілікті тайпаларды батысқа ығыстырды немесе өздеріне бағындырып жол бойында Еділден жоғарғы Дунайға дейін олармен бірге қоныстанды, ал солтүстік батыстан оларға қарсы империя шекарасына қарай, «батыстық» басқаша айтқанда «Еуропа халықтары» жылжыды, оларға ант және славяндар, батысында–гепидтер, лангобарттар және т.б. қосылды. Осы екі үлкен толқынның кездесуі немесе соқтығысуы, Византияның солтүстік шекарасында шығыстан және батыстан шыққан тайпалар араласып қоныстануына әкелді. Бірақ аз мерзім ішінде, бұл тайпалардың үлкен бөлігі Аттила бастаған ғұн державасының құрамына енеді, кейінірек 451 ж. олар ақырындап қайтадан жекелеген тайпаларға, одақтарға бөлініп, ыдырап кетеді. Империяның көршісі болып, келесі негізгі тайпалық топтар құралады. Дунай шекарасында гепидпен лангобарттардан басқа, ғұн-кутригурлары кей деректерде болғарлар депте аталды және славяндар тұрды, Қара теңіз шекарасында – анттар, VI ғ. басында Доннан Днестрға дейінгі үлкен кеңістікті алып жатты. Юстиниан тұсында Дунайдың төменгі ағысына дейін жылжыды, сосын ғұн кутригурлардың бір бөлігі, Қара теңіз маңында аздап қалған ғұн-утигур, уногур және т.б. Азов пен Каспий теңізінің ортасында өмір сүрген тайпаларда жылжиды. Бұл тайпалардың Дунай шекарасынан империяның ішкі аймағына енуі шамамен VI ғ. басында ғұн – кутригурлардың бұлғар атымен алғаш императордың одақтасы ретінде геттерге қарсы шығуымен тұспа-тұс келеді. 449 жылдан славяндардың (геттердің) – 517-518 жж. анттардың басқыншылықтары болды. Сол уақыттан бастап ғұнмен славяндардың империяға шапқыншылықтары жыл сайын 559 ж. дейін қайталанып отырды. Шығыс варварларының жаңа толқыны аварлар, славянмен ғұн жеріне келгеннен кейін, біраз уақытқа империя жеріне шабуылдар тоқтатылады: бірақ біраз уақыт өткеннен кейін құрамы аздап өзгерген одан да үлкен күшпен жандандырылды: бұрынғы славян-ғұн кезеңі енді славян-авар деп

өзгертілді.

Менандрдың мәлімдеуінше, аварлар Шығыс Европаға келісімен көп ұзамай утигурлармен, кейін залдардың (унн тайпасы) және савир тайпаларының күшін күйретеді. Савирлер зал, утигур және кутригурлар сияқты-ғұн тайпасы. Прокопий Кесарийский бойынша савирлер унндар болды және олар Зиханың ар жағында Воаса (Фасия өзенінің жоғарғы ағысы) өзені бойында мекендеген, яғни Кавказ тауларының маңайында дейді. Сонымен авар одағы (559) савирлерге, 560 ж. утигурлерге және кутригур тайпаларын тонаушылыққа ұшыратып жеңеді. Халқын тұтқындыққа алады. 560 жылдардың басында аварлар Дон өзенінен өтіп, кутригурлар жеріне басып кіреді, бұл тайпалар өзінің батысында орналасқан ант тайпасынан көмек сұраған, олар көмек бермегеннен кейін, кутригурлар жеңіліп аварлардың вассалына айналды. Шамасы осы 560 ж. бастап Дон өзені бойындағы кутригур тайпаларын жеңгеннен кейін, Авар басшысы Баян өзін қаған деп жарияласа керек. Осыдан кейін авар қағаны Бессарабияға, анттардың отанына шабуыл жасайды. 561 ж. анттар Прокопийдің хабарлауынша, анттар-славяндар болған дейді. Оларды қудалаушылыққа ұшыратып, аварлар олардың жерін тонайды.

VI ғасырдың басында Византия империясының солтүстік шекара аймағында, Дунайдың төменгі және ортаңғы ағысында славян тайпаларының басып кірушілігі басталады.

Дунай өлексі империяның ең тынымсыз шекарасы болды. Дунайдың солтүстігінде, Қара теңіз даласында орналасқан көптеген варвар тайпалар, әсіресе славяндар Византия иеліктеріне жиі қауіп төндіріп тұратын болды. VI ғ. Византия империясының ішкі әлеуметтік-экономикалық күйзелісі, варвар тайпаларының шапқыншылығына тиімді жағдай туғызды.

Әбден соғыстан қалжыраған империя, күннен-күнге күшейіп келе жатқан славяндарға қарсы белсенді әскер ұйымдастыруға қаржы іздеуден амалы қалмады.

Тіпті жергілікті халық «Тотила славяндарды көп ақшаға сатып алып, рим-діктерге қарсы жіберіп отыр» деп те ойлаған.

Юстинианның билігінің соңына қарай, византияда әскер дейтіндей, әскер де қалмаған. Бір мысал келтіретін болсақ: «559 ж. Константинопольде ғұн-кутригурлар мен славяндардан қорғау үшін Вилисарий (Византияның әскер қолбасшысы) тек 300 жауынгер ғана шығарған, ал қалған бір бөлігін, қалада жасырынып жатқан шаруалардан жинаған».

Империяның тұрғындары, әсіресе солтүстік Балқан аймақтарында этникалық жағынан аралас халықтар, өз жерінің қорғаушысы бола алмады. Дунай маңындағы аймақ, шаруашылық өмір бірнеше, ғасырлар бойы, варварлардың шапқыншылығының әсерінен тоқтап қалды және осы өлкеде адамдарда қалмады. Аммиан Марцелианның айтуынша, Солтүстік Иллирик территориясында «өңделмеген және артық жерлер» болған. Мысалы: «ғұн-кутригур тайпаларының көсемі Заберган Дунайдан өтіп, Мөзия аймағынан иесіз жерді тауып алған». Осы басқыншылық соғысы жайында (559 ж.

басында) Пракопийдің мәліметі бойынша: «ғұн-славян шапқыншылығы басында ғұн ханы Заберган тұрды дейді. Жаугершілік жеңіліспен аяқталады, жоғарыда келтіргендей империя жағынан Вилизари қала демдарымен Фракия шаруаларының көмегімен жеңіске жетеді». Осыдан кейін славян басқыншылығы көпке дейін тоқталады.

VI ғ. 60 жылдарында Дунайда түркі ордасы аварлар пайда болады.

Менандрдың мәліметі бойынша аварлардың бір бөлігі шамамен 20 мың адам, жаугершіліктерден қашып 558 ж. Каспийдің аржағындағы алан еліне келіп, алан көсемі Саросиядан көмек сұрап, римдіктермен таныстыруын өтінген. Алан көсемі сол кездегі империяның әскер қолбасшысы Германның баласы Юстинге, аварлардың елшілігі жөнінде айтады. Юстин император Юстиниянға авар елшілігінің өтініш хабарлайды. Император әскер қолбасшысына елшілікті Византияға жіберуіне рұқсат береді. Авар елшілігін көру үшін, қала тұрғындары топ болып жиналған, әсіресе жұртшылықты қызықтырғаны, варварлар тәріздес бет бейнесі және өрілген қара шаштарының болуы таңқалдырған екен. Менандр тіпті авар елшісінің атын Кандих деп, және оның айтқан сөздерін мәлімдейді. Византияның шекарасында естерін жинаған аварлар, империядан қайырымдылық сұрауға мәжбүр болады. Сонымен қатар оларға қоныстанатын жер керек болды, оны Византия басқа тайпаларға бергендей, бізге де береді деп есептеді. Авар елшілігін Кандих есімді көсем басқарып келді. Кандих императордың алдына келіп төмендегі мәтінді айтқан: .... Саған халықтардың ішіндегі ең мықты, күштісі келіп тұр, авар тайпасын жеңу оңай емес, біз қарсыласқандарымызды күйретіп жеңе аламыз, сондықтан аварлармен одақтассаң, мықты қамқоршың боламыз және бізбен тең бейбіт қатынаста болу үшін, Рим империясы жыл сайын салық төлеп, бағалы сыйлықпен, ақша төлеп тұруы тиіс деп тік сөйлеген. Жылнамашы Менандр – Кандих бастап келген елшілік жөнінде сөзін жалғастыра келе, осы кездегі императордың қажығанын, бұрынғы жас кезінде осындай қатты сөйлегені үшін Вандалдық Гелимер мен Готтық Витигидің тұтқынға алғанын жазады, бірақ бұл күндері патшаның бойынан күш қуаты кетіп қартайған шағында, - бұрынғы ержүрек, қаталдығы тыныштық сүйгіш мінезге айналғандығын айтып, суреттейді [10,с.22]. Император бұл тайпалармен соғыссыз ақыл, айламен жеңбекші болды. Егер ол өлмегенде, қантөгіссіз, ақыл айла мен аварларды жеңетінде еді дейді; сонымен Юстиниан ұзақ уақыт өтпей қайтыс болғандықтан ойлағаны іске аспай қалады. Агафийдің мәлімдемесі бойынша империяның аварлармен соғысатын жағдайы болмағандықтан Юстиниан алдау, арандату әдістерін пайдаланбақшы болған деп жазады.

Бұл уақытта император Юстиниан қартайып, бойынан күш-қуаты кеткендіктен, оның бұрынғы қатал, жаугершілік мінезі-татулыққа, тыныштыққа ауысқандықтан, ол қулығын асырмақшы болып аварларды жылы қарсыалып мол сыйлықпен қайтарған. Авар қағанатынан келген алғашқы елшілік империямен әскери одақ құру келісіміне қолжеткізеді. Көп ұзамай император аварларға алғашқы Валентин бастаған елшісін жібереді.

Валентин Юстинианның қолшоқпарларының бірі болған. Валентин бастаған елшіліктің басты міндеті авар тайпаларын рим одағына енгізіп, оларды империя жауларына қарсы қою болды. Елшілік қағанаттың тәкаппар ұсыныстарын орындау үшін, олардың көңілдерін жұмсартатын алтынмен безендірілген алқалар, арба, жібек киімдер т.б. көптеген сыйлықтарын жіберіп, аварлардың Шығыс Рим империясының дұшпандары кутригурмен славяндарға қарсы шығуы жөнінде талап қояды. Дегенмен патша өте ақылды әдіс ойлап тапты, себебі аварлар жеңе ме әлде жеңілсе де, жеңіс Византия жағында болады. Сонымен шығыс Рим империясы 558 жылдан бастап, авар одағы мен Византия арасында әскери келісім шарт орнап, олар аварларға салық төлеп тұратын болса, есесіне қағанат империяның Дунай бойындағы шекарасын қорғаушы болып келіседі.

Император Юстиниан I-ің тұсында, Византия империясының жағдайы нашарлап, шекара аймақтарын күзетуге шамалары келмеді. Осы кезде дипломатия әскерге көмектесуі тиіс еді. Византия дипломатиясында саясаттың қыр-сырлары әлде қашан дамыған, олар тайпаларды бір-біріне айдап салудың нәтижесінде дұшпандарынан оңай құтылып отырған. Империя (өзінің жаулары) әртүрлі варвар тайпаларын (авар, ғұн, болғар, түрік, алан және парсы т.б.) қанағаттандыру үшін империя дипломатиясы өздерінің дұшпандарының арасына ұрыс-керіс туғызтып, бір-біріне айдап салу арқылы олардың бірігуіне шек қояды. Бұр кездері саясаттың бір түрі дипломатиялық ойын, бірнеше жетістіктерге жеткізеді. Осы саясатты аварларға пайдаланып, оларды славяндарға қарсы айдап салады.

Сонымен қалыптасқан сыртқы саяси жағдайларды қалпына келтіріп алу үшін, Византия империясының авар одағымен одақтасуы өте тиімді.

Жоғарыда айтып кеткен империя елшілігінің басшысы Валентин аварлармен келісім шарт жасасқаннан кейін, оларды савир Кутригур, утригур және шығыс славян тайпаларына шабуыл жасауын бұйырады.

559 жылдың басында аварлар византияның ұсынысы бойынша бірінші кутригурларға қарсы шығады, дәл осы кезде Заберган бастаған кутригур т.б. тайпалар астанаға шабуыл ұйымдастырып жатқан болатын. 559 жылдан аварлардың Қара теңіз жағалауы арқылы төменгі Дунай-Скиф жеріне жылжуы басталып, жол бойында савир, утригур, зал, ант тайпаларын тонаушылыққа ұшыратып, өзіне бағындырады. Аталған тайпалардың ішінде көп тонаушылыққа ұшыраған анттар болды. Себебі, Юстиниан анттар қоныстанған жерді, аварларға сыйға бергендіктен, олар келіп қоныстанып, халқын босқыншылыққа ұшыратып, мазаларын алады. Шапқыншылықтан шаршаған анттар аварларға Идаризидің баласы Мезамирді елші ретінде жіберіп, халқын тұтқыннан босатуын сұрап, қаған алдына келеді. Көп сөйлейтін, мақтаншақ Мезамир, аварларға келіп дөрекі сөйлейді. Сол кезде қағанның туысы және кеңесшісі Котрагиг, Баянға былай дейді: «... Бұл адам анттар арасында өте ықпалды, сондықтан оны өлтіріп, еш қорқынышсыз жерлерін басып алу керек» анттарға қарсы кеңес берген. Нәтижесінде қаған Мезамирді өлтіріп ант жерін тонап, халқын құлдыққа алады.

Аварлардың Азов өңіріне енушілігі, Қара теңіздің солтүстік аймағындағы тепе - теңдігін бұзды, бірақ Батыс Евразия халықтарының тағдырына жаңа кезеңді бастап береді. Әсіресе Бессарабияда орналасқан анттарды, аварлар талқандайды. Себебі, анттар басында аварлармен бірге тонаушылыққа қатысты, кейін империя жағына шығып кетеді. VI ғасырдың ортасымен VII ғ. басында анттар Дунайдың оң жағы, Фракия жеріне тарала бастайды. Сонымен авар кезеңін Балқан жарты аралына отаршылығын ант-славяндармен байланыстырып сипаттау керек.

Аварлар күшейіп, бірнеше тайпаларды өзіне бағындырғаннан кейін, Византияға талаптарын күрделендіре түседі; олар империяның иелігенен құнарлы жер сұрап және бейбітшілік пен әскери одақтастықты сақтау үшін, жыл сайынғы салықты көбейтуін талап етеді. Шамамен 562 ж. Авар қағаны император Юстинианнан қоныстану үшін жер сұрап Византи-авар қатынасының тарихында екінші рет елші жібереді. Империя мен аварлар арасында түсінбеушілік туа бастайды. Император аварлардың талабын орындау мақсатында византияның әскер қолбасшысы Юстинге авар тайпаларын Эрул жеріне қоныстансын деп бұйырады. Яғни алдында Эрулдер тұрған жерге қоныстансын. Ол жер екінші Панония (Pannonia, Сав пен Дравтың аралығын Панония деп атаған). Менандрдың айтуынша патша айтты; "егер аварлар құмарлықпен қоныстанатын болса, бұл жерді беремін деген". Бірақ аварлар өздерінің жерлеріне үйреншіктеніп қалғандықтан Скифия жерінен тыс орналасқысы келмеген. Сонымен бұл іс қозғалыссыз қалады. Әскер қолбасшы Юстин авар елшілерін патшаға жіберіп, Юстинианға аварларды қаладан алшақ ұстасын деп мәлімдейді. Себебі Юстин Икуним деген аварды өзіне жақын сөзге тартып аварлар жайында сырын мәлімдеген «... Икуним атты авар, өз халқын сатып, бар шындығын жайып салған, аварлардың айтқан сөздерінен ойлағандары басқа, олар өте сөз тапқыш болғандықтан өтірік Римдіктермен достықтарын бекіту үшін бүкіл Истр өңірін шарлап шықпақшы болып алдайды, ал шын мәнінде олар мүлдем басқаны ұйымдастырып жүр, оларға тек өзеннен өтуге ыңғайлы жағдай туса болды, барлық күшімен империяға шабуыл жасамақшы деп хабар берген». Осы мәліметтерді естіген Юстин патшаға хат жіберіп, астанадағы авар елшілерін тұтқындасын, себебі авар елшілері қайтпайынша, олар өзеннен өтпейді деген. Юстин сонымен қатар, өзеннен өтетін өткелдердегі күзетті күшейткен. Император Бон есімді сарай күзетшісінің басшысына да өзенді қорғауын бұйырды. Авар елшілерінің Византияға келгендегі мақсаттарына жете алмады, патшадан қарапайым сыйлықтар алады, өздеріне ең қажетті заттарды сонымен қатар қару жаракты сатып алып, көп кідірмей император оларды босатып жіберді. Бірақ патша Юстинге жасырын бұйрық беріп, аварлардан қалайда болмасын қаруларын алып қалсын дейді. Қолбасшы елшілерді қайтып барар жолында кездестіріп, оған жүктелген бұйрықты орындап, қаруларын тартып алады. Осыдан бастап Римдіктермен аварлар арасында дұшпандасу басталады. Бұл кектесуге негізгі себепкер болған, императордың елшілерді дереу

қайтармауында, себебі Баян қаған олардың тез қайтуларына бұйрық берген; бірақ патша Баянның ойын жақсы біліп, елшілерді астанада тұтқындаған еді. Сонымен аварлар Римдіктерге наразыланып олардың басшысы Баян, Византияны күйретуге бел буады.

565 жылы Юстиниан патша қайтыс болып, оның орнына Юстин II билікке келісімен аварларға салық төлеуден бас тартады. Империямен қағандық арасында бірнеше қақтығыстар орын алады. Аварлар Тюрэнгияда франктермен одақтасып 567 ж. Паноннияның тұрғылықты халқы гепидтерді талқандайды. Авар қағанының Европаға келгендегі басты мақсаты құнарлы жерді иелену болатын. Жер көшпелі халықтың күнкөріс көзі. Сондықтан Панонния жері кең, жайылымға қолайлы және Византиядан алшақ орналасуы қаған үшін өте тиімді болды. Келісім бойынша 568 ж. лангобарттар түскен пайданың бір бөлігін алып, Италияға қоныс аударып кеткеннен кейін, аварлар Паноннияны түгел дерлік иеленеді. Осы уақыттан бастап Панонния аварлардың негізгі орталығы болады. Енді аварлар Паноннияда және көрші аймағында қоныстанған бірнеше одақтасқан мықты тайпалардың басшысы болды. Авар қағаны Паноннияда империяның иелігінде болған Сирми қаласын беруін талап етеді.

574 жылы 7 желтоқсанда Юстин II денсаулығына байланысты, тақты және цезарь атағын Тивериге береді. Сонымен Тивери билікке келісімен «авар қағанымен масқара бейбіт шарт жасасады, бұл шарт бойынша империя аварларға жыл сайын 80 мың алтынды салық ретінде төлеп тұруы тиіс». Есесін аварлар империяның мазасыз көршісіне айналған славян жеріне шапқыншық жасап, жеңуі тиіс болды. Баянның да көздегені осы болатын, себебі бұл тайпаның байлығының молдығын, ол жақсы білген.

Баян қағанға, рим елшілігінің келіп, славяндарды жаулап алуға өтініш білдіргеніне іштей қуанған.

578 ж. император Тибери Авар қағанына арасындағы бейбіт келісімнен кейін, қағанның елшілері өз иеліктерін оралады. Скамара елді мекенінің тұрғындары, қайтып бара жатқан аварларды қоршауға алып, аттарын және барлық жүктерін тартып алған. Осы жағдайлардан кейін, аварлар қайтадан Тивериге елші жіберіп, Скамаралықтардың оларды тонағаны жайында шағымданып, заттарын қайтарып беруді өтінген. Дереу тоналған заттардың жартысын қайтартып берген.

Бірақ бұл бейбіт келісім ұзаққа созылмайды, екі жылдан кейін келісім бұзылады. Бейбітшілік бұзылғанға дейін, авар қағаны римдіктерде өте үлкен жануар бар деп естиді. Баян қаған императордан осы жануарды көруге мүмкіндік беруін сұраған. Император қағанның арман-тілегін орындау үшін, оған өзі ұстап отырған ең әдемі пілді жібереді. Феофилакт Симокатаның хабарлауы бойынша, қаған пілді көрісімен қатты ашуланып, тезірек қайтаруын талап еткен. Автор сөзін жалғастырады, қаған Индияның баласын көріп таң қалды ма, әлде шошыды ма, мен оны білмедім, егер білсем оны жасырмай айтар едім дейді. Сонымен қатар император Баян қағанға

алтыннан жасалынған арба берген, авар басшысының ашуланғаны соншалық, оны өте қарапайым және арзан көрінеді деп, қайтарып жібереді.

594 жылы көктемде Приск есімді Византия әскер қолбасшы императорға келеді. Император Прискке, егер рим әскері Истр өзенін мұқият күзетпесе, аварларда тыныштанбайды, өзенді мұқият күзетіндер деп тапсырма береді. Рим әскері Дризиперге келеді. Авар қағаны рим әскерінің келе жатқанын естіп, Прискке елші жібереді. Елшілік Прискке келгеннен кейін олардың ішінен Кох елшіліктің атынан төмендегі сөздерді сөйлейді: ... «Кох, сендер сөздеріңде тұрмадыңдар, бейбітшілікті бұздыңдар. Истр өзені Присктің соғыс қимылдарға дайындықтарын көріп тұр. Қалыңдық арқылы риммен авар арасында бейбіт орнап еді, Приск, сен жасырын түрде заңсыз соғысты ұйымдастырып жатырсың. Патшаға сай шара емес, бұл қарақшылық жоспар деп, сөзін жалғастыра келе сенің жоғарғы дәрежеге сай келмейді. Сендерсіңдер варварларды арамдыққа үйреткен, себебі біз сендер сияқты өтірікші оқытушыға кездеспегенде, біз сертімізді бұзбас едік. Соғыста шындықты бұзып, келісім жасап жатып-бақытсыздық дайындайсың, осыдан кейін сендер тыныштық сүйетіндеріңе кім сенеді. Біз кеше ғана саған көмектесіп, дос деп қарадық, енді сен бізге соғыспен келіп тұрсың, деген сияқты т.б. көптеген сөздерін айтқанды.

Приск – біз соғысты славяндарға қарсы аштық, ал аварлармен келісім-шарт бойынша тең өмір сүреміз деп жауап береді. Приск славян жерін тонаушылыққа ұшыратады. Қаған “түскен олжамен бөліссін, себебі менің жеріме еніп, қоластымдағыларға сұраусыз шабуыл жасадың, түскен олжада ортақ болсын деп” қаған елші жібереді. Сонымен Приск бес мың варварларды (қолға түскен тұтқындарды) аварларға тегін береді.

596 ж. Рим қолбасшысы Петр жауынгерлерімен авар қағанатының құрамындағы болғар тайпаларымен болған шайқаста, көп қиыншылықтарға ұшырап, су тапшылығын басынан өткізеді. Әлсіреген Византия әскері шараппен шөлдерін қандырады, Ф. Симокаттаның мәліметі бойынша, (моча) - тіпті зәрлерін ішуге дейін барған [12,с.223]. Олар су іздеп ертеңінде Иливаки өзеніне келіп, су ішіп жатқанда варварлар шабуыл жасайды. Осы кезде Рим әскерінің екі амалы ғана болды: 1) судан бас тартып шөлден өлу, 2) немесе суға тойып өлу. Рим әскері қарсы ашық шайқасқа шығып жеңіледі.

Осындай жағдайдан кейін 597 жылы аварлар Византияға қарсы жорыққа шыға бастайды. Аварлар Бонк қаласын қоршап, қабырғаны бұзатын қару мен бекіністі бұзады. Бұл жағдайды император естігеннен кейін, Гудунға таңдалып, іріктелген мың әскерді беріп, қалаға жібереді. Олар біраз аварларды ұстап, қағанның мақсатын біледі. Олар аварларға шапқыншылық жасайды. Баян бұл сәтсіздікті естігеннен кейін, екі жақтың да әскері Истр бойында он сегіз ай бойы тұрып қалады, яғни 598 жылдан - 599 ж. күзіне дейін.

Маврикидің билегеніне он тоғыз жыл болғанда, 600 ж. 14 августпен – 601 ж. 13 августінде, Маврикиге бір көріпкел, болашағын болжап, былай дейді: “Сенің империяң үшін ең қиын кездер туады, сен жанұяңмен қылыштан

өлесің” дейді. Осы уақытта Баян әскерін жинап, Фракиялық Мөзияға, сосын Томис қаласына қарай жылжиды. Прискте әскерімен бұл қалаға жақындайды. Қаланы қоршау 599 жылдың күзінен – 600 жылдың қысына дейін созылады. Қыстың қатты суығына қарамастан, екі жақтың да әскері кетпейді. 600 жылы көктемде рим әскерінде аштық басталады. Осы кезде қаған Прискке елші жіберіп, аштықтан құтқарады. Басында Приск сенбейді, бірақ екі жақ бір-біріне сөз беріп бес күн бойы бейбіт, тыныш өмір сүреді. Себебі осы кезде римдіктердің мейрамы басталған болатын. Қаған аш жатқан рим әскеріне азық-түлік апарды. Феофилакт Симокатта жабайылардың мұндай адамгершілік қасиеті біздің заманымызға дейінде, біздің заманымыздағы ең ғажайып істердің бірі болып табылады. Төртінші күні Баян, Присктен тамаққа пайдаланылатын үндінің дәмділерін сұрап елші жібереді. Стратиг бірден үнді жапырағы «касси» деп аталатын бұрышты жібереді. Қаған бұрышты алғаннан кейін, өте риза болады. Сонымен қаған римдіктердің мейрамы біткенше соғысты бастамайды. Мейрам біткеннен кейін қаған Прискке, “авар әскерімен рим әскері бөлектенсін” деп елші жібереді. Алтыншы күні қаған Коментиол әскерін Никополь қаласына қарай жылжытпақшы деп, естіп оған қарсы шығады. Коментиол Баянның келе жатқанын естіп, Мөзиядан кетеді. Жетінші күні Иотру қаласына келеді. Авар әскерінен жиырма шақырым жерге келіп рим әскері орналасады. Түн ортасында қағанға елші жібереді – рим қолбасшысы, және ол рим әскеріне қаруларыңдар, ертең соғыс болады деп айтуға ұмытып кетеді. Таң ата аварлар шапқыншылық жасап жеңіске жетеді де Истр өзенінен өтеді. Өзеннен әрі қарай өте бергенде, рим әскері қорқып қашады. Аварлар тау өтпеліне келіп, рим әскерімен қақтығыс болады. Аварлар бұл жерден өте алмайды. Осы кезде Византияның жағдайы мүлде нашарлайды. Византия тұрғындарының арасында Еуропаны тастап Азияға қоныстанатын шығармыз деген сөздер тарай бастаған болатын. Император әскерін жинақтап “Ұзын камалды” қорғауға жібереді. Император Гарматонды шақырып алып, елші ретінде қағанға жібереді. Гарматон Дризипер қаласына келіп, қағанға көптеген алым-салықтар, сыйлықтар әкеледі. Бірақ қаған бұл кезде халқының қиыншылыққа ұшырағанын және балаларының өлгенін, әскер қатарының азайғанын ойлап, қайғырып отырған болатын. Қаған рим елшісін қабылдай алмағандықтан, елшілік он күнге кідіреді. Тек он екінші күні ғана, қағанның шатырына келеді. Сөйтіп екі жақ келісіп бейбітшілік орнайды. Истр өзені аварлармен римдіктердің шекараны бөліп тұратын, өзен деп есептелді. Славяндарға өзеннен әрі-бері өтіп тұруға рұқсат берілді. Келісім күшіне ену үшін римдіктер жиырма мың алтын төледі. Осымен авар мен Византия арасындағы соғыс бітіп, бейбітшілік орнайды деп Феофилакт Симокатта хабарлайды, бірақ авар жаугершілігі мұнымен бітпейді.

592-598 жылдары аварлар Балқанға баса көктеп енеді. Бірақ осындай үлкен жетістіктерге қарамастан, қағанаттың іштей әлсіреуі және құрамындағы тайпалардың көтерілісі, аварлардың әскери жағынан құлдырауына себепкер болады.



Панониялық аварлардың құрамында кутригурлардың көптігі жайында, 626 жылы Константинопольге жасаған шабуылдарының сәтсіз аяқталған көріністен көруге болады. Авар одағының ішінде қазіргі Чехословакия жерінде Само атты славян мемлекетінің құрылуы, Паннониялық аварлардың өз ішінде екі топтастықтың қалыптасуына алып келеді. 630 жылы қаған қайтыс болғаннан кейін, осы топтар хандық билікке өздерін ұсына бастайды, бұл екеуінің біреуі таза аварлық болса, екіншісі болғар, яғни кутригурлық болды. 631 жылы өзара қырқыстың соңында кутригурлар жеңіліс тауып, Паннониядан қашып, Франк иеліктеріне барады. Король Дагоберт бастапқыда олардың Баварияға қоныстануына рұқсат береді де, артынан келімсектер қауіпті деп қырып салады. Фредегардың мәліметі бойынша, 9 мыңнан тұратын кутригур-болғарлардан тек 700 адам ғана аман қалып, өздерінің княздері Альцектің басшылығымен славяндарға, Италиядағы лангобардтарға, кейін Беневентилік герцогтігіне келіп қоныстанады. Павел Диаконның айтуынша, оның заманында (IX ғ.) бұл болғарлар латынша сөйлейтін, бірақ өздерінің тілдерін білетін дейді.

Бір айта кететіні, жеңілістен кейін бүкіл авар болғарлары қашпады. Олардың көп бөлігі сол жерде қалса керек. Оны дәлелдейтін VII ғ. 70 ж. Авар қағанына қарсы болғарлық Кубер бірнеше топ адамдармен көтеріліске шығып, Керамилік жазығына (шамамен Битол маңы), осы жерден Солунді басып алмақшы болған. Осы кезде Дуло руының өкілі Кубрат хан Азов өңірінің жазықтарындағы болғар тайпаларын біріктіруге жанталасты. Осы әрекеттердің нәтижесінде Ұлы Болғария атты жаңа бірлестік пайда болады. Оған түркі тілдес болғарлардан басқа угр тілді тайпаларда енгендігін біз деректер арқылы біле аламыз. Бірақта Дуло әулетінің түркі тілі осы жерде басым болған.

VI ғ. өмір сүрген Сириялық тарихшы Иоанн Эфесскийдің шығармаларынан Михаил Сирийский үзінді кетіреді, онда жаулап алынған жердегі халыққа аварлар былай дейді: «Выходите, сейте и собирайте урожай, мы возьмем с вас только половину подати». Бұл жерде аварлар жайында айтылады. Аварлар жергілікті халықты еңбек етуге шақырған - шығып егін егіңдер де оны жинаңдар, біз салық ретінде түскен өнімнің жартысын жинап аламыз деген сияқты ұсыныстарын білдірген. Баян қаған славяндарды және т.б. бағындырып, тәуелді болған тайпалардан алым – салық жинап отырған.

VII ғ. Авар қағанаты үшін, қарқынды дамушылыққа толы жылдар болды. Авар жерінің батыс шекарасында франк көпесі Само бастаған аз уақыт өмір сүрген мемлекет құрылуы (623 – 658 жж.) қағанаттың әлсіреуіне әкеп соқтырды. Бұл уақыттарда Авар қағанаты ішкі терең дағдарысты басынан кешіріп жатты, себебі дәл осы кезде Баян әулетінің билігі аяқталумен байланысты тартысқа әкелді. Қағанның қайтыс болуы, алтын тақты иемдену мақсатында кутригур-болғарлар ел ішінде көтеріліс ұйымдастырады, оны аварлар басады. Көп ұзамай көтерілістен кейін кутригур – болғарларды қағанат жерінен ығыстырылады.

VII ғасырдың 70 жылдарының аяғында протоболғарлар Дунай өңіріне таралып, өздерінің мемлекеттік одағын құрып, IX ғ. дейін аварлармен бейбіт қатынаста болған. Сонымен қатар Византия жылнамаларының бірінде, Кубрат атты болғар ханының бір баласы, оңтүстік орыс жазығында Хазар қағанатының құрылуына байланысты, ол өзінің халқымен қайтадан авар территориясына қоныстанған. Яғни осы протоболғарлардың келуіне байланысты аварлардың этникалық түрі өзгерді, оны археологиялық мәліметтер дәлелдейді.

VII ғасырдың басында Византия әскері Дунайдан өтіп, Тисс өзенінің бойында, аварлармен екі үлкен шайқас болады. Бұл шайқаста аварлар жеңіліске ұшырады. Империяның қолына түскен тұтқындардың бесінші бөлігі ғана аварлар болған, жартысы славян, ал қалғандары басқа әр түрлі “варварлардан” тұрды. Яғни, нақтылап айтатын болсақ, славяндар өте көп, аварлар 3000, ал 6200 басқа этнос өкілдері (болғар, гепид, ғұндар т.б.), пайызға шаққанда 17,5% аварлар, 46,5% славяндар, басқалары 36% құраған. Сонымен қатар төмендегі суретте осы статистиканы дәлелдейді



Византия императоры Фокидің (602-610 жж.) және Ираклийдің билігінің (610-641 жж.) бірінші жартысында, патшалық құрып тұрған уақытта, Рим жері авар-славян басқыншылығына ашық болды деуге болады. Фокидің патшалығы кезіндегі жағдайды мәлімдейтін антика авторларынан “Феофанның Хронографиясын” айтуға болады.

610 жылы бүкіл аймақты аварлар тонаушылыққа ұшыратқан, әсіресе ең мықты басқыншылық 618 – 619 жж. авар қағаны бастаған атты әскер Константинопольге бірінші шабуылдарын жасайды. Авар қағаны Баян империяның астанасы Константинопольді тарихта екі рет қоршауға алған. Соның біріншісі 618-619 жж., ал екіншісі 626 ж.

Иллириктің оңтүстік аймағында жағдайдың қиын болғаны жайында Исидор Сивильский (VI ғ.аяғы –VII ғ. басында өмір сүрген) өзінің жылнамасында 615 ж. Ромейлерден славяндар Грецияны жаулап алады дейді, ал Иоанн Никиусеки (VI ғ.) мәліметі бойынша Ираклий таққа отырған кезде Фессалоникадан басқа жердің бәрін “варварлар” тонаушылыққа ұшыратқан дейді. Георги Писид “Ираклиад” атты екінші өлеңінде (VII ғ. бірінші жартысы ) аварлар Фракияны тонаушылыққа ұшыратқан кезде славяндар теңізден шабуыл жасады дейді. “Чудеса св. Дмитрия” атты деректің екінші кітабы Иллириктің оңтүстігі жайында толық мәлімет береді, бірақ хронологиялық шеңбері көрсетілмесе де, онда айтылған деректер Балқандағы VII ғ. 10-20 жылдардағы оқиғалармен сай келеді.

626 жылы Византия мен аварлар арасында бейбітшілік бұзылғаннан кейін, Баян қаған Константинопольге шешуші шайқасқа дайындалады. (Авар қағаны парсы патшасының әскери қолбасшысы Сайспен келісім жасап одақтасады.) Ал 617 жылдан бастап парсылардың патшасы Хосров түрлі адамдардан: құлдар басқа жердің адамдарынан жаңадан әскер жинай бастаған. Бұл әскердің қолбасшысы Сайс болады. Сайстың әскеріне сарвар әскерінен елу мың жауынгерді қосып “алтын найза әкелушілер”, деп атап императорға аттандырады. Сайс батыс ғұндармен (яғни аварлармен) одақтасып Константинопольге аттанып астананы қоршауға алады. Император жағдайды естігеннен кейін, әскерін үш бөлікке бөледі: 1) Қаланы қорғаушылар, 2) бөлімнің қолбасшысы ретінде інісі Феодорды сайлап, Сайспен соғысуға жібереді, 3) сонымен әскердің соңғы бөлігін император өзі алып, Лазикаға қарай жылжиды. Ал парсы әскерін бастаушы Сайс жауынгерлерімен Калкидонға жылжиды. Қаған әскерімен Фракиядан Константинопольге келіп, он күн бойы құрлықтан да, теңізден де қоршауға алады. Авар одағының құрамында славян, гепид, болғар тайпалары да болып, қаланы қоршауда өзінше бір рөл атқарған. Құрлықтан аварлар т.б, ал теңізден славяндар қоршаған [7,8].

Шапқыншылық барысында шексіз көп славян қайықтары (однодервки) деп аталатындарымен Дунайдан жүзіп келіп Алтын мүйіз бұғазына кіреді. Бірақ қаланы қоршау барысындағы шайқаста византиялықтар теңізде жүзу өнерлерін асырып славян қайықтарын суға батырады. Византиялықтар аварларға қарсы қаланы қорғауға хорваттар мен сербтерді қояды. Деректерге сүйенсек, аварлар сол замандағы қамал бұзатын техникалармен қаруланған. Айталық Менандрдың хабарлауынша аварлар қамалдарды бұзатын “спалион” атты 12-ірі машинаны пайдаланады. Спалион - әскери машинаның рөлін атқарушы, биіктігі алты адамның бойындай төбесі әртүрлі аң терілерімен жабылған, ал осы шатырдың астында жауынгерлер әртүрлі

қарулармен қаруланып, қамалға жақындап, құралдармен бұзған. Осындай заманының техникаларымен қаруланса да аварлар бұл шайқаста жеңіліс табады. Ромейліктер қаланың жанында орналасқан қағанның шатырын өртейді. Теңіздің қарсы бетінде тұрған парсы әскері алыстан қарағанда астананың түтіндеп жатқанын көріп, аварлар жеңді қала өртеніп жатыр деп ойлап Сайс әскерін алып еліне қайтып кетеді. Авар қағанатының жеңілуінің басты себебі, дұрыс ұйымдастырушылықтың және ауызбіршіліктің болмауы.

Авар қағанаты тек сыртқы соғыстарда ғана жеңіліп қана қоймай, ішкі қайшылықтарда үлкен көрініс ала бастады. Қағанаттың ішінде Само бастаған славян тайпаларының көтерілісі белес алады, сонымен қатар болғар тайпаларының жеке бөлініп княздық құруы т.б сияқтылардың әсерінен қағанат іштей әлсірей бастайды.

Жоғарыда Константинополь түбіндегі шайқаста, Византия аварларға қарсы сербтермен хорваттарды қойды дедік. Енді осы мәселеге тоқталу үшін, VII ғ. Еуропаның Оңтүстік – Шығыс аймағындағы жағдайдың қиындығын жан-жақты қарастыру керек. Сонымен қатар авар қағанатының империямен және славян тайпаларымен болған кескілескен күрестерін бағалау керек. Осы жағдайлар жайында Константин Богрянародныйдың мәліметі бойынша, қазіргі Сербия, Пагония ол кезде захлумдер, терувния және каналат елі деп аталып, ромейліктерге тәуелді болған. Аталған жерлер аварлардың шапқыншылығының әсерінен, император Иракли тұсында адамсыз яғни тонаушылықтың әсерінен жер иесіз қалған. Кейін, осы босқалған жерлерге сербтер келіп қоныстанған. Деректе сербтермен аварлар арасында нақты соғыстар көрсетілмейді, бұл жердің бәрі аварлардың бақылауында болса да, аталған тайпалар арасында ұзаққа созылған күрестер болған сияқты. Яғни сербтердің бұл территорияға қоныстануын былайша түсіндіруге болады. Сербтер Византиямен одақтасып, келісім жасаудың әсерінен, жоғарыда көрсетілген жерге қоныстанып, авар қағанатының және оған тәуелді славян тайпаларының қарсылығына тап болады. Бұл оқиғалар шамамен VII ғ. 20-30 жылдарында болса керек, себебі аварлардың Константинополь түбінде жеңіліс табуы және қағанат ішіндегі қайшылықтар аварлардың күшін әлсіретті.

Константин Богрянародныйдың мынандай мәліметтер береді ; «сербтер ромей василевсіне тәуелді болды Византияның билігін мойындағаннан кейін, император сербтер арасында христиан дінін тарату үшін Римнен шіркеу қызметкерлерін жібереген». Яғни осы кезден бастап сербтердің қоғамдық құрылысы, мәдениеті ірі өзгерістерге ұшырайды. Сербтер мен Византия арасындағы әскери саяси одақтары қағаз жүзінде болғандықтан, әлсіз және тұрақсыз болған сияқты.

Сондықтан, VII ғ. 70 жылдарында авар қағанаты қайтадан күшін жинап, осы тайпаларды күйретіп, сербтар бастаған славян одағын құлатады.

Оны дәлелдейтін 678 ж. Византия императорына татуласу үшін, «авар қағанатының және батыс халықтарының басшылары» яғни, «карольдер»,

«экзархтар», «гастальдар», және олардың құрамында сербтер мен хорват тайпаларының басшылары бірігіп елшілік жіберген.

Басқаша айтқанда, енді “Батыс халықтары” авар қағанатының қол астында болған. VI ғ. жылнамашысы, Феофан Византийскийдің мәліметі бойынша, қаған Савтың оңтүстігі мен Дунайда үстемдігін нығайтқан [39,с.223]. Автордың хабарлауынша: 680 – 681 жж. Болғар мемлекеті құрылады да, аварлардан қорғану үшін, Аспарух бастаған протоболғарлар бағынышты “Жеті тайпа” ішінен славяндарды қағанатқа тиісті жерлерді қорғау үшін оңтүстік және батысты күзетуге қояды.

Никифор мен басқада Византия авторларының жазбалары бойынша, болғар патшылығы құрылса да, осы уақытта аварлардың күші Балқан жарты аралында мықты болғанын байқаймыз. Болғарлар аварлардан және оларға тәуелді славян тайпаларынан қорғану үшін, арнайы іс шаралар ұйымдастырған, оны дәлелдейтін Морав аймағындағы (шамасы шығыс Рашку т.б. серб одағының аймақтарындағы) қоныстар авар қағанатының құрамында болған.

Аварлардың сербтер жеріндегі билігі мен ұзақ уақыт одақтық қатынастың болғанын, сербтер мен хорваттар арасында “жупан” және “бан” атты авар термині дәлел болады. Яғни мемлекет пен жекелеген аймақтың феодал басшыларын “жупан” және “бан” деп атаған. “Сербтер мен хорваттардың күнделікті өмірінде “жупан” атағына байланысты аймақтарын (облстарын) - “жупания”, “жупан” деп атаған, яғни аймақтарды авар басшылары басқарып, оларды - “жупандар” деп атаған. Сонымен “жупан” атағы Авар қағанатының әкімшілік жүйесінің атауы, осындай басқарушылық болғар патшалығында да болған. Бұл атақ серб қоғамында XII ғ. дейін өмір сүрген.

Сонымен Византия мен авар арасындағы қарым-қатынас атты тармақшамызды қорытындылайтын болсақ, жоғарыда аталған деректердің мәліметтеріне сүйене отырып, олардың арасында бірнеше рет елшілік қатынастың болғанын байқадық. Авар одағы Еуропа даласында қалыптасқаннан бастап қағанат құлағанға дейін, үнемі қатынаста болып тұрған. VI ғасырдың ортасынан бастап, алғаш Византияға авар елшісі келіп, екі жақ әскери одақ құрады, сол кезден бастап аварлар империяның Истр өзені бойын, басқа да варвар тайпаларының шапқыншылығынан қорғаушы немесе күзетші болады. Біртіндеп, күшейіп Балқандағы саяси істерге араласып, империяның одақтастарына шабуылдар жасап, бағындырады да, Византияның өзіне қауіп төндіре бастайды. Шығыс Еуропа даласында орналасқан стратегиялық маңызды қалалар үшін, қағанат пен империя арасында бірнеше соғыстар болып тұрған. Тіпті, Баян қаған Константинопольдің өзіне де шабул жасаған.

### **Сұрақтар:**

1. Авар – Византия арасындағы алғашқы елшілік қатынастар қашан басталды ?

2. Фессалоника қамалын басып алу мақсатында аварлар кімдермен одақтасты және оның нәтижесі.
3. Сав өзені бойына Баян қағанның көпір салудағы мақсатын анықтаңыз?
4. Авар тарихында Константинопольді қанша рет қоршауға алған ?

### **5-тақырып. VI ғ. Византия империясы мен Түрік қағандығы арасындағы қатынастың барысы**

Авар ордағы жаулап алушылық жорықтарын шығысқа жалғастыра алмады, себебі, эфталиттер батыс түркі қағандығының қол астында болды. Ал аварлар кезінде түркі қағандығына бағынған, халықтардың жылжып, ығыстыруының әсерінен, Шығыс Еуропа даласында пайда болған. Византия тарихшысы Менандр жылнамасында түркі қағандығы мен аварлар жайында былай деп сипаттайды: «...Владелец Турков Силзивул узнав о победе Аваров, которые ушли по нанесению вреда Туркам, всем свойственною варварам дерзостию сказал: «Авары не птицы», чтоб летая по воздуху, избегнуть из мечей туркских; «они не рыбы», чтоб нырнуть в воду и исчезнуть в глубине морской пучины; они блуждают на «поверхности земли». Когда кончю войну с Эфталитами, нападу на Аваров, и они не избегнут «моих сил...». Бұл жерден Түркі қағанымен қақтығыстардың нәтижесінде аварлардың Еуропа даласына қоныс аударуға мәжбүр болғандығына байланысты мәліметтерді байқауға болады. Византия императоры Юстиниан 565 ж. қайтыс болып, Римдіктер мен аварлар арасында қатынас өзгереді. II Юстин таққа отырғаннан кейін, шамамен 565 ж. императорға аварлардан елші келіп, салықты көбейтуін талап етеді. Император II Юстин салық төлеуден бас тартып, елшілерді қуып жіберді. Осы жылдан бастап аварлар ат басын батысқа бұрады. Византия мен түркі қағанаты арасындағы байланыс Менандрдың айтуы бойынша 568 ж. Юстиннің патшалық құрғанына төрт жыл болғанда түркілерден елшілік келген [10,с.223]. Бірақ кейбір мәліметтер оқиғаны 563 жылмен байланыстырады. Өкінішке орай елшілік жайында нақтырақ мәліметтер жоқ. Түркілердің Византия императорына келуінің себебі, парсылармен қатынасының шиеленісуінің әсерінен болған, яғни түркі тайпалары 550 жылдардың ортасында Түркістан шекара аймағында пайда болған (бұл атау түркілердің келуімен байланысты болса керек). Ол заманда бұл жер эфталиттердің немесе ақ ғұндардың қоластында болып парсылық сасанидтермен соғыс жүргізіп отырған I Хосров түркі эфталиттермен күресетін потенциалды одақтасым деп қарсы алған. Көп ұзамай түркілермен парсылар, эфталиттермен күресу үшін одақтасады. Бұл күресте эфталиттер жеңіледі. Енді Түркістанды түркілер мен парсылар Амудария өзенін шекара деп бөліп иемденеді. Көп ұзамай одақтар арасында түскен олжаны бөлісе алмай жанжалдасып қалады. Енді түркілер парсы төңірегінде дипломатиялық

шектеу құруды терең ойластыра бастайды. Византия мен сасанидтер арасындағы қатынас шиенелінісіп жатқандықтан, түркілер империямен байланыс жасауға тырысады. Сонымен жоғарыда айтып кеткендей 563 ж. түркілерден Византияға жолаушы келген. Парсылар мен Византия арасында тек саяси байланыстар болып қойған жоқ, сонымен қатар экономикалықта байланыстар болып, Хосров жібек матасын тасымалдауды өзі бақылап отырған: сондықтан түркі жолаушысы жібек саудасын дамытуды сұраған. Хосров дереу өртеуге бұйрық беріп, жолаушыны тұтқындаған, осы жағдай екі арадағы байланысты түпкілікті үзуге алып келген. Парсылар түркілермен байланыс жасау тиімсіз деп есептеді, себебі скиф тайпалары зұлым және өзгергіш деген. Кейінірек 568 ж. түркілерден Маниах бастаған жаңа жолдаулар Византияға келеді. Түркі қағаны Дизавул Рим императорына елшілерден хат, сәлемдемелер көп сыйлықтар беріп жіберген. Олар көп керуен жібек матасын апарып, сатып көп пайда түсіреміз деп ойлаған, бірақ ол жоспарлары іске аспай қалады, себебі ол кезде Римдіктер жібек өндіруді білген. Бір жағынан бұл түркі елшілерінің коммерциялық қатынастары сәтсіз болғанмен, олар маңызды саяси нәтижеге жетті. Менандрдың хабарлауынша елшілер Византия империясына келісімен сарайға аттанады. Патша алдына Маниах келген соң, әкелген сыйлықтарын және хатын беріп, бұл саясат өте ауыр болғанмен, жемісті болар деп сенемін дейді императорға. Патша аудармашы арқылы скиф хатын оқып, елшілерді өте жайлы қарсы алып, олардан түркілердің елі және иеліктері жайында сұрастырады. Елші мен император арасындағы сөз жайында Менандр нақты мәлімдейді. Айталық: «Посланник говорил, что народ их разделяется на четыре владения, но владычество над всеми принадлежит одному Дизавулу, что они покорили и эфталитов и заставили их платить себе дань». Император спросил посланников: «Всю ли эфталитскую силу вы подчинили себе»? – «Всю», отвечали посланники. Государь: «Как жили эфталиты, в городах или в селениях? Посланники: «Это племя, государь, живет в городах». «Итак, заметил император», ясно «что вы овладели их городами». «Так точно», отвечали они. «Уведомьте нас», сказал царь, «сколько Аваров свергли господство Турков, и остались ли еще Авары у вас»? Есть Авары, которые еще преданы нам; число же тех, которые от нас убежали, полагаем, «до двадцати тысяч». Посланники исчислили потом племена, подчиненные Туркам, и наконец просили императора заключить мир и союз с Турками. Они присовокупили, что очень расположены воевать с неприятелями римской державы, живущими в их краях. При этих словах Маниах (Maniaxъ) поднял руки вверх и вместе с бывшими с ним посланниками произнес великую клятву, утверждая, что сказанные им слова правдивы. Они произнесли проклятия на самих себя, на Дизавула и даже на весь свой народ, если не исполнять данных обещаний, и если слова их были ложны. Таким-то образом Турки подружились с Римлянами, и пришли в наше государство. Эти Турки, в древности называвшиеся Саками, отправил к Юстину посольство с мирными предложениями. Царь тоже принял намерение

отправить к ним посольство. Он велел полководцу восточных городов Зимарху, Киликицу, готовится к этому посольству. Зимарх отправился из Византии, сопровождаемый самим Маниахам и его товарищами, в начале месяца называемого Латинами Августом, к концу четвертого года царствования Юстина и во втором году пятнадцатилетнего периода. (Яғни, бұл айтылған Менандр Протектордың дәйектемесінде, автор елші мен императордың сұрақ жауаптарын келтіреді. Маниах өзінің елі төрт иелікке бөлінетінін, оның бәрі Дизавулға бағынатынын, және олар эфталиттерді толық жаулап алып, олардың салық төлейтінін айтқан. Сол кезде император барлық эфталиттерді бағындырдыңдар ма? дегенде «барлығын деп елші жауап берген». Патша эфталиттердің тұрмысын сұраған, олар қалада ма әлде қоныстарда тұрама деп? Елші бұл тайпалар қалаларда тұрады деп жауап қайтарған, яғни сіздер олардың қалаларын биледіңіздер ғой деп патша сөз алған. Елші «дәл солай деп жауап берген. Патша бізге хабарлаңызшы «қанша аварларды биледіңіздер және де аварлар қалдыма сіздерде»? Елші, бізге берілген аварлар әлі бар, ал бізден қашып кеткендердің саны шамамен «жиырма мың». Елшілік барысында өздеріне бағынатын тайпаларды атап беріп, императордан бейбіт келісім жасап одақтасуын сұраған. Елшілер өз елдерінде римдіктерге қарсылармен күресеміз деп Маниах жанындағы елші құрамындағы адамдармен қолдарын аспанға көтеріп ант берген. Егер біз берген сертімізді орындамасак бізді, Дизавулді, тіпті халқымызға қарғыс тисін деп ант берген. Нәтижесінде түркілер римдіктермен келісіп одақтасады. Автор сөзін жалғастыра келе, бұл түркілер ежелде сақтар деп аталғандар, Юстинге бейбіт ұсыныстармен елшілік жіберген. Патшада оларға елші жібермекші болды. Ол шығыс қалаларының әскер қолбасшысы Зимарх Киликицаға сапарға дайындал деп бұйырады. Автордың хабарлауынша бұл оқиға (568 ж). Юстиннің билігінің төртінші жылының соңына қарай, латынша август деп аталатын айдың басында және он бес жылдық кезеңнің екінші жылында Зимархты Маниахтың шығарып салуымен, түркілер еліне аттанған.

Жоғарыда айтып кеткен 568 ж. түркі қағаны Маниах бастаған елші келгенде хат алып келген, оны Юстин аудармашы арқылы оқыды дедік, енді тікелей осы хатта не жазылыпты, соған тоқталайық. Тарихнамада бұл мәселе шешілмеген. Менандр Протектор бұл хаттың мазмұны жайында ештеме айтпайды, тек Феофилакт Симокатта ғана үзінділер келтіріп, түркі тайпалары жайында мәліметтер береді. Ежелгі түркі тайпаларының әдеби жанрларының ішіндегі ең сүйіктісі өмірлерін жазу болса керек. Айталық атақты Орхон жазбалары Тоныкөк және Естемидің автобиографиялары, немесе Күлтегін мен Білге қағанның биографияларын келтіруге болады. VI ғ. қағандардың автобиографиялары құрастырылса керек, бірақ бірінші қағандық кезеңінен бастап түркі жазбалары біздің күнге жетпеді. Бірақ, бір биография толық болмаса да сақталған. Бұл жоғарыда айтып кеткен түрік қағанының император Маврикиге елшілік арқылы жіберген атақты хаты. 568 ж. Маниах бастаған түркі елшісі Рим империясына қаған атынан хат алып келген.



Хаттың барысы жайында Феофилакт Симокоттаның «Тарихында» мәлімделінген.

Бұл хат яғни, текст өте маңызды себебі бізге жеткен түркі әдебиетінің ежелгі шығармасы, яғни алғашқы тарихы дерек болып есептелінеді. Алғашқы түркі қағандығының тарихының қыр-сырын ашуға көп мүмкіншілік береді.

Хаттың алғашқы сөйлемі былай басталады: «Царю ромеев каган, великий владыка семи племен и повелитель семи климотов (областей) вселенной». Яғни, хатты сөзбе-сөз аударатын борлсақ, жеті тайпаның Ұлы иесі және жеті дүниенің (облыстың) әміршісі қағаннан Рим патшасына, деп басталады. Ары қарай мәтінді жеке-жеке бөліп талдайтын болсақ.

1. Разбив наголову вождя племени абделов (я говорю о тех, которые называются эфталитами), этот каган победил их и присвоил себе власть над ним. (Яғни, абдел тайпасының көсемін күйреткеннен кейін (эфталиттер деп аталатындар жөнінде айтып отырмын), бұл қаған оларды жеңіп, өз билігіне қосып алғаны жөнінде мәліметтер береді).

2. Сильно возгордившись этой победой и сделав Стембис-кагана своим союзником, он поработил племя абаров. Затем идет разъяснение, что это не европейские авары. (Яғни, осы жеңістен кейін қатты кеудесін көтеріп өркөкіректеніп Стембис қағанды өзінің одақтасы жасап, абар тайпаларын жеңгені тұрғысында хабар беріліп, сосын бұл абарлар Еуропалық абарлар емес екендігі жөнінде мәліметтер айтылады).

3. После того как абары были побеждены (я опять возвращаюсь к своему рассказу), одни из них бежали и нашли убежище у тех, которые занимают Табгаст. (Яғни, абарлар жеңілгеннен кейін, олардың бір бөлігі қашып, Табғаста тұрып жатқандарды паналайды деп, ары қарай Табгаст деген не екендігіне толықтырулар беріледі).

4. Другие из абаров, вследствие поражения низведенные до более униженного положения, остались жить у так называемых мукри. Краткая справка о мукри. (Яғни, ал қаған абарлар жеңілгеннен кейін өз жерінде Мукри деп аталатындарда қалады деп, Мукрилар жөнінде қысқаша мәлімет беріледі).

5. Совершил каган и другое предприятие и подчинил себе людей племени огор. Идет длинное описание, кто такие огры и предки европейских аваров уар-хуни. (Яғни, қаған басқа да істерді қолға алып, огор тайпасының адамдарын өзіне қосып алғаны жөнінде және де, огорлар жөнінде және еуропалық аварлардың бабалары-уар және хунндарға ұзақ түсініктеме беріледі).

6. Когда племя огор было окончательно побеждено, каган предал вождя племени колхов на истребление мечу. Из этого племени во время войны было уничтожено триста тысяч человек, так что непрерывным рядом убитых было покрыта дорога на расстоянии четырех дней пути. Кто такие колхи, Феофилакт казалось незачем объяснять, это и так было ясно его читателю. (Яғни, огор тайпалары толығымен жеңілген кезде, қаған тайпа көсемін өлтіруге колхтарға береді. Осы тайпадан соғыс кезінде 300.000 адам өлген,

тіпті өлген адамдардың денесі төрт күндік жолды алып жатқан. Бірақ, Ф. Симокатто колхтарға түсініктеме бермеген. Себебі, өз заманының оқырмандарына бұл атау түсінікті болса керек).

7. Когда победа столь явно улыбнулась кагану, у тюрков началась междоусобная война. Один человек по имени Турум, по роду близкий к кагану, задумав государственный переворот, собрал большие силы. (Яғни, қаған көптеген жеңістерге жете бастаған кезде, өз араларында түркі қақтығыстар басталып, қағанның жақын туысы Турум, мемлекеттік төңкеріс жасамақ болып, үлкен күш жинаған).

8. Когда в битве перевес оказался на стороне этого захватчика власти. Каган отправил посольство к другим трем великим каганам. (Яғни, күрес барысында, билікті басып алушының күші аса бастаған кезде, қаған басқа үш ұлы қағанға елші жібереді деп, басқада ірі қағандарды келтіреді).

9. Их имена следующие: Спарзегун, Кунаксолан и Тульдих. (Яғни, олардың аттары: Спарзегун, Кунаксолан және Тульдих).

10. Когда все войско собралось у Икара (это местечко окружено большими равнинами) и когда в этом же месте противники выступили против них и геройски сражались, пал в этой битве сам захватчик власти и союзные силы заставили противников обратиться в бегство. ( Яғни, барлық әскер Икрада (үлкен жазықпен қоршалған) жерге жиналады, қарсы жақ соғысқа кіріседі, батыл соғыс болады, Турум қолға түседі, одақтастар қарсыластарын қуғыншылыққа ұшыратады).

11. Произошла большая резня и каган вновь стал владыкой своей земли. Затем объясняется, где Икра и Золотая гора, а также дается справка о нравах тюрков и бегстве от них племен тарних, котзагиров и забендер. (Яғни, үлкен жақсылық болады, қаған қайтадан өз жерінің иесі болып. Арықырай Икар мен «Алтын тау» қайда орналасқаны жайында түсініктеме беріліп, түркілерден « тарних, котзагир және забендер» тайпаларының қашуы жайында айтылады).

12. Закончив благополучно гражданскую войну, каган тюрков стал приводить в порядок свои дела: он заключил договор с читателями Табгаста, чтобы, добившись прочного спокойствия, безмятежно установить свою власть. (Яғни, азаматтық соғыстары жеңіспен аяқталғаннан кейін, түркі қағаны өз жұмыстарын қалпына келтіре бастады; өзінің билігін нығайту үшін және тыныштықты қамтамасыз ету үшін ол, Табғас тұрғындарымен келісім шарт жасап бүліксіз өз билігін нығайтады).

Хаттың мәні зор әдеби жанрлық ескерткіш – Ф.Симокаттаның өзі дәл анықтама берген. Шындығында, мәтінді тарихты әңгімелеу деп атауға болмайды, себебі негізгі оқиғалар айтылады, мысалы: Қытаймен және Иранмен болған соғыстар, қидандар мен қырғыздарды бағындыруы. Хаттың авторы осы аталған іс шараларға қатыспаса керек [12,с.223].

Текстің барысында, ол ұлы қаған болды ма? Жоқ па?, себебі ол басқа үш ұлы қағандарды (8 үзіндіде) келтіреді. Оның атақ даңқында келтірілген жеті саны Күлтегін мен Тоныкөк жазбасында кездеседі, соған қарағанда жалпы

түркі тайпалар арасында байланыстары болса керек. Анализ жүргізудің барысында, Э. Шаванның ойымен дәл келді, яғни бұл қағанның есімі, Истемидің баласы, жалпы түркілердің соңғы ханы, Дяньгу Дату – хан, және оны Кара-Джурин Турк Биягу деп те атаған. Сонымен жоғарыда айтылғандай Византия мен түркі қағанатының арасындағы байланыстардан кейін, Римдіктер аварлардың түркілердің билігінде болғанын білген. Осы кезден бастап аварлар жалған аварлар (псевдоавар) деп аталына бастаған.

### **Сұрақтар:**

1. Түрік қағанатынан Византия империясына елшілік қашан және оны кім бастап келді?
2. Түрік қағанының Византиямен қатынас жасауының басты себебі не?
3. Түрік елшілері апарған хаттың мәні неде?

### **4-тақырып. Авар тарихында Баян қағанның рөлі**

Тарихи зерттеу саласында тұлғаның саяси портретін сипаттау ежелден, антика дәуірінен қалыптасып, даму үстіндегі салалардың бірі. Адамзат тарихында тарихи процессті өзгерткен және оған күш салған адамдарға әрқашан қызығушылық тудырып, көп көңіл бөлінген. Ерекше пассионарлы тұлғалар саяси қатынасты дамуытуда, қоғамдық және мәдени шараларды ұйымдастыруда белсенділігімен танымал болғандықтан, бұл адамдарға халықтың жалпы қоғамның қызығушылығы әрқашан басым болған. Тарихтан білетініміздей белсенді тұлғалар жүргізген ісі мен саясатына қатысты ерте заманнан өзіне көп көңіл аудартып, ұлы көсемдерге айналды. Әсіресе ерекше белсенді тұлғалар өзінің – психоэмоциясымен, мінезімен, жүргізген ісі, интеллектуалды бейнесімен әрқашан да қоғам ішінде қызығушылық танытқан.

Авар тарихында осындай ерекше тұлға болып, қағанаттың негізін құрып, түрік өркениетін Европада дамытушы – Баян қаған болды. Ол тек қағанатты құрушығана емес, ірі саяси істерді жүргізуші, екі үлкен өркениеттерді ықпалдасуға, қатынасқа түсуге себепкер болған ерекше тұлға. Баян қаған тек өз мемлекетін құрып қоюшығана емес, сонымен қатар Шығыс Европа сияқты ауқымды кеңістікте өмір сүріп, саяси белсенділігін танытып, Византия сияқты гегемонды империямен бақталасқа түскен лидер. Қазіргі таңда тарих бетінде сыры әлде болса да, ашылмай жүрген авар тарихын, соның ішінде Баян қағанның рөлін тарихи жазба деректерді өркениеттілік тұрғыдан зерттеп, ғылыми айналымға енгізу керек. Баян қағанның тұлға болып қалыптасуына түрткі болған екі алып өркениеттер – Византия мен Түріктердің ықпалдастығы. Баян екі алпауыт империялар арасында тиімді саясатқа қол жеткізу үшін алдына мақсат пен міндеттерді дұрыс қоя білді. Осы жағдайлар Баян қағанның түрлі этникалық топтар мен тайпалардың басын бір қағанаттың астын біріктіруі мықты көш басшы екендігін, оның лидерлік қасиетінің басымдылығын айғақтайды. Ерте ортағасырларда өмір

сүрген Баян қағанның саяси портретін құрастыру үшін, алдымен сол кезеңде өмір сүріп, аварлармен қатынасқа түскен мемлекет пен империялардың тарихшы мен жылнамашыларының жазған естеліктерінен аламыз.

Тарихқа жүгінетін болсақ VI ғасырдың басында Шығыс Европада Баян қағанның билікке келуіне сол кезеңдегі саяси жағдай да өз септігін тигізді. 558 жылға дейін Европада тұрақсыз саяси жағдай қалыптасты, осылардың бәрі аварлардың белсенділік танытуына жағдай туғызды. Атап айтқанда:

- Византи империясы Шығыста жібек жолы бойынша сауда қатынасын кеңейтіп, үстемдігін жүргізбекші болды, бірақ оған Иран кедергі келтірді.
- Осы уақытта Түрік қағанаты құрылып Византия мен қатынасқа түсіп өздеріне саяси портнер жасамақшы болды.
- Түріктер жужандарды талқандап, Еуропаға ығыстырудың барысында халықтардың ұлы қоныс аудару процессін жандандырады.
- Ұлы қоныс аудару шғысы славян тайпаларының, Шығыс Рим империясының шекараларына ығысуына алып келіп, әскери қақтығыстарды туындатады.
- Жоғарыда аталған саяси жағдайлар Византия империясын көшпелі тайпалар, славяндардан және Парсылардан қорғайтын мықты «қорғаушы күшті» қажетсінді.

Дәл осы қорғаушы күшті византиялықтар, авар ордасы және оның көш басшысы Баяннан қорғанысты тапты. Баян қаған жауынгер авар қағанатының негізін салып, құрушы тұңғыш лидері. Аварлар Орта Азия далаларынан қоныс аударған түркі тілдес тайпалық одақ. Оны дәлелдейтін бірқатар жазба деректер бар. Атап айтқанда, Менандр Протектор «Тарих», Феофилакт Симокатта «Тарих», Иоанн Эфесский «Шіркеу тарихы» т.б. Аталған жазба еңбектерден Баян қағанның ірі тұлға, мықты әскер қолбасшы, көреген саясаткер, орын алған саяси оқиғаларда өмір сүріп қана қоймай, өзін және қағанатын көрсете біліп, Европаны өзімен санасуға әкелген ұлы тұлға.

Баян қағанның туған жылы белгісіз. Қайтыс болғаны жөнінде тарихта екі дерек бар. 1) Г.Руссенің жорамалы бойынша 602 ж. Баян қаған ұлдарының қайтыс болуына төзе алмай қайтыс болды десе, 2) Менандрдың жазбалары негізінде 630 ж. өлді. Дегенмен бірқатар басқа да деректер бойынша 630 жылға дейін және одан кейін аварлардың Батысқа Германия жеріне дейін ат тұяқтарының жетуі, Баянның өмір сүргендігін немесе оның ізбасарларының қағанның бастаған ісін өзі жүргізгендей өктемдік етуі.

Жоғалып кеткен халықтардың тарихын зерттеуде еңбек еткен И.Эрдели болды. И. Эрделидің зерттеу нәтижелері бойынша авар қоғамында ер адамдардың орташа өмір сүру жасы шамамен 38 жыл [40,с.10].

Адамның ұзақ өмір сүріне бірнеше факторлар әсер етеді. Алдымен гендік қасиеті, қоршаған орта, өмір сүру салты, тағамдануы, тұрмыс жағдайы, қоғамдық қатынастар, даму деңгейі, табиғаты, экология т.т. Аталған факторлар адамдардың қоршаған ортасы мен тұрғылықты жеріне байланысты орташа мен өмір жасының ұзақтылығын айқындайды. Дегенмен

ғалымдардың жорамалдауы бойынша адамның жас мөлшері шамамен 95+2 жыл.

Баян қаған шамамен 40 жыл бойы белсенді түрде, авар ордасын басқарса, онда оның гендік құрылымының түріктердегідей таза және мықты болғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар Баян ақсүйек тұқымынан яғни, авар қоғамында «вархиониттер» билік етуші тап болғанын Менандыр өз еңбегінде жазады. Өзіміз білетіндей түркілер тарихында ақсүйектер өте лауазымды, жоғары шенді, тұрмысы мен қатынасы жақсы болғандықтан оларға ең әдемі нөкерлер, ақсүйектер ортасынан шыққан ақылды әйелдерге үйлендіріп, нағыз ел басқаратын мықты лидер ұрпақтарын дүниеге әкелетін болған. Әрине, осындай ортадан шыққан Баян қаған өлелгенше аттан түспей ел басқаруының басты себебі де осында. Ортағасырлық Европа тарихының карольдерінің гендік тазалығының жоқтығы, түрлі аурулардың нышаны болғанын жақсы білеміз. Снымен қатар орта ғасырлардағы экология жағдайын қазіргі таңмен салыстыруға болмайды, ол уақытта уаның тазалығы да адамның ұзақ өмір сүруіне өз септігін тигізді. Және көшпелілерге тән өмір салты мен тағамдануда белгілі – бір жағдайда адам жасының ұзақтығына себепші болды. Түріктердің басты тағамы ет пен сүт тағамдарынан тұрған, сонымен бірге үнемі ат үстіндегі жаттығу, соғыс, көшіп-қону адамның дене ағзасының шынығуына, төзімді болуына тиімді жағдай туғызды. Бір сөзбен айтқанда адамның әлеуметтік жағдайы өмір жасының ұзақтығына үлкен әсер еткен.

Егер Баян (562 ж.) билікке келсе, шамамен 20-25 жас шамасында болған (түркі дәстүрі бойынша ер бала қаруды қолына 15 жасында алса, ал 25 жасында оларды ресми түрде жігіт деп ел басқаратын жаста деп есептеген). 602 ж. ол шамамен 60-65 жаста және оның ұзақ өмір сүруіне барлық жағдайдың болғандығын ескеретін болсақ, онда 630жылы Баян қаған мөлшермен 90-95 жас аралығында болған. Яғни, Баян қаған 630 жылға дейін өмір сүруіне толық негіз бар.

Баян қағанның лидер болуына не себеп? Әрине өркениетті жағдай басты әсер болса керек. Түріктер яғни аварлар басқа Батыс халықтары сияқты феодалдық қатынас қоғамда басты рөл атқармады. Әрине авар қоғамында феодалдық қатынастар болмады деп айтуға болмайды, ол даму кезеңінің алғашқы сатысында десек дұрыс. Аварлар еркіндік сүйгіш халық, жер жыртып, егін салу олардың табиғатына жат болды. Сондықтан осы шаруаны аварларға тәуелді болған Батыс халықтары әсіресе славяндар егін шаруашылығын дамытты.

Авар одағының Европаға келуіне не себеп? Ең бастысы отанынан айрылған көшпелі халыққа қоныстануға құнарлы жайылым керек болды. Осы мақсат пен жужандар құрамында бірнеше тайпаларды жол бойында бағындырудың барысында Шығыс Европаға қоныс аударып, аттарын да, авар деп өзгертеді.

Европаға келген аварлар өмірлерін жаңа беттен, жаңа Отаннан бастауын тура келеді. Жаңа ортада өмір сүріп, өркениеттерін қалыптастыру үшін жаңа

одақ керек болды. Баян қаған бастаған авар өркениеті түркілік дәстүрді жалғастырды және Европада оны дәріптеді.

Баян қаған пассионарлы тұлға ретінде алдына мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қойып оған мүлтіксіз қолжеткізді. Осының өзі оның «лидер», «тұлға» екендігін айқындайды [4,с.470].


Қаған Баян өз мақсатына қолжеткізу үшін алдына бірнеше міндеттерді қойды:

- 1) Құнарлы жерге қоныстану. Европада орта ғасырда басты құндылықтардың бірі жер болды. Әрине түркі қоғамында да жер мәселесі басты мәселе болды. Оны «Жер дауы – жесір дауы» деген, қазақ халқының жадында атам заманнан сақталған мәтелдің өзі дәлел болады. Алайда авар ордасының Европа жерінде белгілі-бір беделге ие болу үшін, тұрақты жерді қажетсінді. Баян қаған түріктік дәстүр бойынша, көшпелі мал шаруашылығын дамытуға ең бастысы өмір сүру үшін қоныстанатын құнарлы кең жайылым қажеттігін жақсы түсінді. Сонымен қатар ата-баба дәстүрін жалғастырса аварлардың мықты болып, көп жеміске жететінін де, Баян қаған терең сезген.
- 2) Баянға жауынгерлері мен халқын азық-түрікпен қамтамасыз ету үшін алғашқы қор керек болды. Ол, оған тек тонаушылық соғыстар барысында ғана қол жеткізетінін жақсы білді.
- 3) Европада тұрақталып қалу үшін және түріктердің қудалаушылығынан қорғану мақсатында мықты одақ, қорғаушы қажет болды.
- 4) Сонымен бірге сол кездегі саяси жағдайларды шешуге қауқарлығын көрсетіп, саяси істе одақтас бола алатындығын білдіруде 562 ж. авар ордасының мықтылығы, жауынгерлігі жөнінде өздерін таныту қажет болды.

Авар қағанатын құрушылардың бойында ұлттық ментолитет, мінез өте жоғары болған, ол тіпті Баянның өзін басқарып отырған. Аварлар түрлі этникалық топтар мен тайпалардың бірігуінен қағанат құрып, мықты күшке ие болуы түркілік дәстүрді жалғастыруы, яғни түркілердің ықпалының зор болғандығы, түрік тілді мемлекетке айналды. Аварлардың түрік тілді мемлекет болғанын европалық деректер дәлелдейді және ол қазіргі таңда еш дау тудырмауы керек. И.Эрделидің зерттеу еңбектерінде және археологиялық қазба кезінде табылған жәдігерлерден аварлардың тәңірге сенуі «Аспан құдайы - Тәңір» деп сиынуы аварлардың түркілік екендігін тағы да бір дәлелдейді. Осындай мәліметтер жеткілікті. Сондықтан аварлар түркілердің бір тармағы. ҮІІІ ғ. авар қағанаты құласа да баба дәстүрін жалғастырған, оны Венгрия мен Болгария жерінен табылған қорған материалдары дәлелдейді. Бұл жәдігерлер ішінде құйылған мүсіндер, бейнелеу өнерінің дамығанын танытады. Әсіресе салтатты жауынгер мен аң стиліндегі «грифон». Грифон жылқы денелі ғажайып мифтік бейне. Символикалық белгісі жағынан грифон – аспан мен жердің қожайынын сипаттаған. Грифон – алыстан бақылаушы, өзіне сенімді, өркөкірек дегнеді білдірсе. Жылқы – еркіндік символы, тәуелсіз, мінез-құлқын сипаттаған. Осы аталған мәлімет дәлірек

болу үшін № 1-5 суреттерді қараңыз. Авар қағанатын жасаушы халықтың еркіндік сүйгіш қасиеті Баян қағанды Византиямен тең қатынас жасап, тұрақты жерін одан алшақ ұстау барысында дәстүрлі мәдениетін сақтап қалуына себепші болды.

№ 1-2



(Алтынан құйылған ат әбзелдері мен белбеу ұштарындағы «Грифон» бейнесі)



№ 3



№4





№5

Баян қаған император Юстианнан бастап – Фокидің биік жүргізген уақыттарында империямен байланысты өзінің және қағанаттың ыңғайындағы саясатты ұстанды және соны мойындатты.

Авар әскерінің құрамы жайында және Баянның әскерді басқаруы жөнінде мәліметті империяның оларға қарсы сәтті жасалған шабуылдардың нәтижелерінен көруге болады. Айталық 601ж. Византия әскері Дунайдың арғы бетіне өтіп, Тисс өзенінің бойында екі шайқаста, авар жасағын күйретеді. Империяның қолына түскен тұтқындардың тек бесінші бөлігі ғана аварлар болған, жартысы славяндар, ал қалған бөлігі “әртүрлі варварлардан” құралған. Византия әскер қолбасшысы Тивери аварлардың қағанат құрамындағы славян тағы басқа тайпаларымен қарым-қатынасын жақсы білді де, аварлармен бейбіт келісімнен кейін, кепілдікке авар қағанының өзінің баласын емес, одан да “скифтік” княздердің баласын алған жөн дейді. Себебі, егер де авар қағанының өзі бейбітшілікті бұзбақшы болса, онда дәл осы княздер кедергі келтіреді деп кәміл сенемін білдірген.

Сөзсіз бұл жерде князь сөзінің астарында, қағанат құрамындағы әртүрлі тайпа көсемдері айтылса керек. Олар жайында авар қағаны Баян былайша айтады, тайпа көсемдері одақ бойынша жүріп отырады, егер де сәтсіздік туа қалған жағдайда, олардың көзіне түсуге қорқамын деп мойындайды.

Авар әскери одақ құрамына тек славяндар кірмеді, сонымен қатар басқа да тайпалар, әсіресе кутригурлар өте көп болған. Баян қаған рим қолбасшысына бұл тайпа жайында қатыгез пікірін төмендегідей білдіреді. Сонымен қаған айтқандай; “Я таких людеи пошлю на землю римскую, которых потеря не будет для меня чувствительна, хоть бы они со всеми погибли”. Бұл жерден байқайтынымыз, қағанға бағынышты тайпалардың авар қоғамындағы рөлін және Баянның қолбасшы ретіндегі темірдей тәртіпті дәріптеуші тұлға екендігіне көз жеткіземіз. Осы сөздерден кейін Византия иеліктеріне 10 мың кутригур тайпасынан тұратын жауынгерлерді соғысқа аттандырған.

Византия императоры Фокидің (602-610 жж.) және Ираклийдің билігінің (610-641 жж.) бірінші жартысында, Рим жері авар-славян басқыншылығына ашық болды. Фокидің патшалығы кезіндегі жағдайды мәлімдейтін антика авторларынан “Феофанның Хронографиясы” дәлелдейді [13,с.223].

Қаған 610 жылы бүкіл аймақты аварлар тонаушылыққа ұшыратқан, әсіресе ең мықты басқыншылық 618 – 619 жж. аварлардың атты әскері Константинопольге шабуыл жасайды. Бұл аварлардың Византия империясының астанасына алғаш шабуылы.

Иллириктің оңтүстік аймағында жағдайдың қиын болғаны жайында Исидор Сивильский (VI ғ.аяғы –VII ғ. басында өмір сүрген) өзінің жылнамасында 615 ж. Ромейлерден славяндар Грецияны жаулап алады дейді, ал Иоанн Никиусеки (VI ғ.) мәліметі бойынша Ираклий таққа отырған кезде Фессалоникадан басқа жердің бәрін “варварлар” тонаушылыққа ұшыратқан дейді. Георги Писид “Ираклиад” атты екінші өлеңінде (VII ғ. бірінші жартысы ) аварлар Фракияны тонаушылыққа ұшыратқан кезде славяндар теңізден шабуыл жасады дейді. “Чудеса св. Дмитрия” атты деректің екінші кітабы Иллириктің оңтүстігі жайында толық мәлімет береді, бірақ хронологиялық шеңбері көрсетілмесе де, онда айтылған деректер Балқандағы VII ғ. 10-20 жылдардағы оқиғалармен сай келеді.

Сонымен аварлармен славяндар бірігіп Фессалоникаға шабуыл жасайды. Тарихта қаланы төрт рет қоршауға алған. П. Лемерленің зерттеуі негізінде 615 – 620 жж. аралығында болған. Фессалониканы төртінші қоршау кезінде, қаланың қабырғаларын алатын сол кезде танымал болған, қоршау техникасының бүкіл жабдықтарын аварлар пайдаланылған. Қаланы алу өте қиын болды, себебі оны қоршаған дуалдың қалыңдығы 2 метрден - 4,5 метрге дейін, ал биіктігі 8,5 – 12 метрге дейін жеткен, тұрғындардың конфигурациясына байланысты бұл қоршау 7-8 км. жеткен. Аварлар қаланы бұзатын техникаларын орналастырып ішке кіруге талпыныс жасаған кезде, римдіктер қорққандарынан елші жібереді авар қағаны қаланы қоршаудан босатады. Деректерде қаған не себепті тез арада қаланы қоршаудан босатып кеткені жайында ашып айтылмағандықтан, біз үшін құпия болып қалуда. Сонымен 620 жылы аварлар мен Византия арасында бейбітшілік орнап, ол 626 жылға дейін сақталады.

Фессалоника Византияның “варвар” тайпаларына мәдени және саяси ықпал етуші жолсерігіне айналады.

626 жылы Византия мен аварлар арасында бейбітшілік бұзылғаннан кейін, қаған Константинопольге шешуші шайқасқа дайындалады. (Авар қағаны парсы патшасының әскери қолбасшысы Сайспен келісім жасап одақтасады.) Парсы әскері “алтын найза әкелушілер”, деп аталаып астананын қоршауға аттанған. Император жағдайды естігеннен кейін, әскерін үш бөлікке бөледі: 1) Қаланы қорғаушылар, 2) бөлімнің қолбасшысы ретінде інісі Феодорды сайлап, Сайспен соғысуға жібереді, 3) сонымен әскердің соңғы бөлігін император өзі алып, Лазикаға қарай жылжиды. Ал парсы әскерін бастаушы Сайс жауынгерлерімен Калкидонға жылжиды. Қаған әскерімен Фракиядан Константинопольге келіп, он күн бойы құрлықтан да, теңізден де қоршауға алады. Авар одағының құрамында славян, гепид, болғар тайпалары да болып, қаланы қоршауда өзінше бір рөл атқарған. Құрлықтан аварлар т.б, ал теңізден славяндар қоршаған. Өз заманының барлық техникаларымен қаруланса да аварлар бұл шайқаста жеңіліс табады. Ромейліктер қаланың жанында орналасқан қағанның шатырын өртейді. Теңіздің қарсы бетінде тұрған парсы әскері алыстан қарағанда астананың түгіндеп жатқанын көріп, аварлар жеңді қала өртеніп жатыр деп ойлап Сайс әскерін алып еліне қайтып кетеді. Авар қағанатының жеңілуінің басты себебі, дұрыс ұйымдастырушылықтың және ауызбіршіліктің болмауы.

Авар қағанаты тек сыртқы соғыстарда ғана жеңіліп қана қоймай, ішкі қайшылықтарда үлкен көрініс ала бастады. Қағанаттың ішінде Само бастаған славян тайпаларының көтерілісі белес алады, сонымен қатар болғар тайпаларының жеке бөлініп князьдық құруы т.т. сияқты жағдайлар әсерінен қағанат іштей әлсірей бастайды.

630 жылы авар қағанының қайтыс болуы, қоғамда билік үшін тартысты күшейтіп, одан сайын әлсіретті.

### **Сұрақтар:**

1. Авар тарихында Баян қағанның рөлі қандай?
2. Баян қағанның қайтыс болған жылына байланыста қандай гипотезалар бар?
3. Баян қағанның шешуші шайқастарын атаңыз?

### **7-тақырып. Авар-славян қатынастарының барысы.**

Б.з. IV ғасырда «Халықтардың Ұлы қоныс аударуы» кезеңінде, Европа тарихының сахнасында келесі бір үлкен күш славян тайпалары пайда болады. Византия, латын және сирия авторларының мәлімдеуінше б.з.V-VI ғасырларда славяндармен анттар сөзсіз бір – біріне қатты ұқсаған және өте көп болған.

Анттар мен славяндар, славян тілінде сөйлеген. Прокопий Кесарийский анттар Днепрдың шығысында, ал солтүстігінде утургурлардың Мэотийлік бұғазының (Азов теңізі) жағалауына дейінгі жерді алып жатты дейді. Бұл мәліметтер археологиялық деректермен сай келеді, ежелгі славяндар

шығыста шамамен Днепр мен Днастрдың Бөлінген жерімен шектескен. Славян мен анттардың жерлері орманды, шығыс жағы тегіс дала, үлкен өзендер таралған, батысы таулы аймақ болып келген. Славян елінің керемет жері, ежелгі авторларға мәлім болған. Славяндармен анттар орманды алқаптың тұрғындары болғандықтан, сол жағрафиялық ортаға сай өмір сүрген. Стратег Маврикийдің айтуынша «олар ормандарда тұрады-өтуге ыңғайсыз өзендердің бойында, батпақты жерді мекендеп, көп есіктері бар үйлерде тұрған. Есіктің көп болу себебі, егер қауіпті жағдай туа қалса, тез қашып құтылудың амалы болған деседі. Ең қажетті заттарын белгілі бір жерді қазып жасырып қоятын болған. Жоғарыда келтіргендей Иорданның айтуы бойынша «қалалардың орнына оларда орман мен батпақтар» десе, ал Прокопий Кесарийскийдің айтуынша славяндар және анттар бір-біріне жақын орналасқан күркелерде тұрады дей келе, олардың тұрақты жерлері болмаған, кезіп өмір сүрген деген мәліметтер келтіреді.

VI ғасырдың басында Византия империясының солтүстік шекара аймағында, Дунайдың төменгі және ортаңғы ағысына, славян тайпаларының басып кірушілігі басталады.

Дунай өлкесі империяның, ең тынымсыз шекара аймағы болды. Дунайдың солтүстігінде, Қара теңіз даласында орналасқан көптеген варвар тайпалар, византияға жиі қауіп төндіріп тұрды.

VI ғасырдың бірінші жартысында, Дунай шекарасындағы қарқынды оқиғалардың бірі деп, славяндардың Византия империясына енуін, ұзақ дәуірдің басталуы деп атап өтуге болады. Халықтардың қоңыс аударуы, сол сияқты славяндардың жылжуының басты мақсаты, жаңа жерлерді басып алу, тағы да басқа мәселе болды.

Славян тайпалары Шығыста Висладан (Балтық теңізінің арасында Карпат тауының солтүстік аймағында) мекендеп, Дунайдың солтүстігінде мықтап орнығып, амалсыздан Византияның көршісі болады. Славяндар (склавиндер мен ант) тайпаларының негізгі қоңыстарын нақты көрсетуде, Прокопийдің мәлімдеуінше, олар Дунайдың солжақ жағалауындағы, үлкен жерде мекендеген дейді.

Славяндар солтүстікте Вислаға дейінгі, шығыста - Днестрге, батыста - Сав өзенінің орта ағысына дейінгі жерді алып жатқан. Анттар склавиндер мен көршілес жатып, славян тайпаларының шығыс тармағын құрады.

Славяндар жайында мәліметтер келтірген келесі бір автор, жоғарыда келтіргендей Иорданның замандасы Прокопий Кесарийский болды. Оның бізге жеткен еңбектерінің бірі «О войнах Юстинияна», «О постройках» және «Тайная история»... Славян танушы ғалымдардың айтуынша Прокопий славяндарды өз атымен атап, олар жайында толығырақ мәлімет берген автор деп атайды [29,с.]. Автор славян әскерінің шығыс Рим империясына жасаған тонаушылық соғыстары жайында айта келіп былай дейді: «Бұл славян мен ант тайпалры бір адамның басшылығымен басқарылмайды, бірақ ежелден теңдікте (демократияда) өмір сүрген, жоғарыда аталған екі тайпаның өмір сүру салт заңы бірдей. Олардың есептеуінше найзағайды жаратушы құдай,

барлығының билеушісі деп танып, жыл сайын құрбандыққа өгізді шалып, т.б. киелі дәстүрлер жасаған. Өте қарапайым өмір сүрген. Күркелерде тұрған және бір-бірінен өте алыс орналасқан. Славяндар мен анттар орналасқан қоныстарын жиі ауыстырып отырған. Олар ұрысқа аттанғанда қолдарына қалқан мен найза ұстаған, сауыттарын ешқашан кимеген, жеңді көйлекте, жамылғышта кимейді, тек қысқа шалбар киіп, осы түрлерімен жаулармен соғысуға баратын болған. Екі тайпада бір тілде сөйлеген, түрлері де варварлар сияқты, славяндармен анттар бір-біріне өте ұқсас болып келген. Бойы ұзын және күштері көп. Денелерінің түсі өте ақ, ал шаштарының түсі ақшулан, кейде сары, қызыл-күрең қара емес. Өмір сүру салттары массагеттерге тән, өте дөрекі, күйсіз, ылғида кір, лас болып жүреді, бірақ шын мәнісінде қатыгез жаман адамдар емес, бірақ ғұн әдеп-ғұрпын өте таза ұстанады дей келе, бұл славянмен ант тайпаларының аттары әртүрлі аталған. Ежелде осы екі тайпа спора деп аталған, автордың ойлауынша, олар «спора-ен» елін мекендеп өмір сүрген, ал «рассеянный» дегеніміз жеке-жеке ауыл болып бір-бірінен алыс орналасқандықтан болса керек дейді. Сондықтан олар көп жерді алып жатқан. Истрдің көптеген жерімен, өзеннің келесі бетінде қоныстанған».

Прокопий Кесариискийдің жазбаларында «шалаш, күрке, (яғни бақташының уақытша жолаушыханасы) деген сөздер келтірді». Автор бұл жерде славяндардың күрке сияқты, жайсыз тұрмысын айтқысы келсе керек. Археологтар Дунайдың сол жағалауына қазба жұмыстарын жүргізіп «славян тұрғын үйінің екі түрін табады, яғни біріншісі славян дүниесіне тән жер үй, екіншісі жартылай жерге көмілген, шатыры бар үй». Осы шатырды немесе қалқаны Прокопий, шалаш деп атауы мүмкін. Автор славян әдеп-ғұрпын массагеттік деп атау себебі, жалпы варварлық тұрмысын (тамақтың аздығын, күйсіздік, тазалық т.б.) жоқтығын айтса керек.

Иорданның айтқанындай «қалалардың орнына, саз бен орман» мұнда славяндардың қоныстанған жері, жаудан қорғану үшін, табиғаттың өзі қамқорлық жасағандай. Славян тайпаларының өмір сүрген жағдайы көшпелілерге тән, дейді. Славян тайпаларын, Византиялықтар көшпелі деп атауының себебі, жаяу қатарда күресе алмайтындарын атаған болса керек. Көшпелілердің тактикасы көбінесе атты әскерге сүйенеді. Ал Прокопийдің сөзінде, славяндар жауға жаяу барады дейді. Прокопий мен Маврикийдің мәліметтерін салыстыра келіп, кейбір авторлар «Прокопийдің тұсында славяндар көшпелі, олар тек Маврикийдің билік құрғанда отырықшы болды дегендей».

Славян тайпаларының алғашқы мекендерінен Византия шекарасына қоныс тебуіне, бірден-бір «халықтардың Ұлы қоныс» аударуы кезінде, түрлі этникалық массалардың жылжуы, әсер етті.

Славяндардың империя жеріне алғашқы басқыншылық шапқыншылықтары кезінде, олар Византия жерін тонаушылыққа ұшыратып, олжаларын алып, Дунайдың сол жақ жағалауына оралған. Дунай өзені славяндар мен Византия шекарасы болып қала берді. Шекараны күзету үшін

император дереу шаралар қолдануға кіріседі.

Прокопий Кесарискийдің мәліметі бойынша, VI ғасырдың 20 жылдарының аяғына таман Юстиниан I, қызметшілерінің арасында, император сарайына жақын ақсүйек тұқымынан шыққан, қолбасшы Хилбуд есімді, адам жайында айтады. Юстиниан өзінің төртінші билік еткен жылы. (1.4.530ж.) Хилбудті Фракия аймағында стратиг қызметіне қояды. Ол империяның солтүстік шекарасын, яғни Дунай өзені бойын славян ант және протоболғарлардан күзетуін және олардың жерлерінде тонаушылық жасап отыруын талап етеді. Хилбуд «варварлардың» шапқыншылығын тоқтатып қана қоймай, ол өзі олардың жеріне шапқыншылық жасап, соққыға ұшыратып, жауларын тұтқынға әкеліп отырған. Енді варварлар Хилбуд деген адам атынан қорқатын болған. 533 ж. Славяндар Хилбудқа қарсы торуыл ұйымдастырып, ол Дунайдан біраз адамдарымен өтіп бара жатқан жерінен қоршауға алады. Осы жерде славяндардың басшылары болып, ромей жауынгерлерімен Хилбуд қаза табады.

Прокопийдің жазбаларынан «Юстиниан император болып тұрған кезде, тарихта екі Хилбуд болған».

Жоғарыда айтқан стратиг Хилбуд өлгеннен кейін, варварлар ромей жеріне тонаушылық соғыстарын қайтадан жаңғыртады. Бірнеше жылдар өткеннен кейін славян мен ант арасында соғыс болып, анттар жеңіледі. Осы соғыс барысында бір славян, Хилбуд атты жас антты тұтқынға алады. Бұл Хилбуд ержүрек болып, иесін өлімнен бірнеше құтқарып қалған. 540-545 жылдары анттар славяндармен татуласқаннан кейін, бірігіп Фракияға шапқыншылық жасайды. Тұтқындалған ромейліктердің ішінде біреуі, қайырымды адамның қолына түсіп оған, славяндардың тұтқынында римдік стратиг Хилбуд бар деп айтады.

Сонымен, Прокопийдің айтуынша бұл құл-өзін стратиг Хилбудпын деп атап, 545 ж. анттарға Юстинианның елшілігі келіп, оларға көптеген сыйлық және Дунайдың сол жағы Туррис (Турин Магуреле) қамалын және көп ақша беріп, егер империя жерін ғұн, болғар тайпалары шапыншылық жасайтын болса, анттардың одақтасуын сұраған. Анттар, егер Турристе қайтадан ромей стратигі Хилбуд болсын деген талап қояды. Осындай жағдайлардан кейін, жас ант-өзін қолбасшы Хилбудпын деп мойындайды. Хилбудты Константинопольге аттандырады, дәл осы кезде славяндардың келесі бір шапқыншылығы болып, қарсы тұруға ромейлік қолбасшы Нарсес жолда кездесіп қалады. Нарсес Хилбудпен сөйлесіп, оның жалған екенін біліп қояды. Бұл Хилбуд латын тілінде жетік сөйлеп, аттасының барлық мінезін жаттап алсада, оны ажырату қиын болмайды дейді. Кейбір авторлардың айтуынша, «анттар осы жалған Хилбудты пайдалана отырып, жағдайларын жақсарту барысында Фракия жеріне қоныстану үшін ұйымдастырған» дейді.

Шын мәнінде екі Хилбудта шығу тегі жағынан, анттық (яғни славяндық) болған. Прокопийдің бұл мәліметі, шындыққа жанасатын сияқты. Қорыта айтқанда Фракияның қауіпсіздігін сақтаған, Хилбуд (ертеректе бала кезінде құл немесе т.б. империя жеріне келіп) императорға берілгендігін дәлелдеп,

сеніміне кіріп 527 ж. бастап Юстиниан сарайында қызмет еткен.

Прокопийдің хабарлауынша «славян мен анттардың алғашқы шапқыншылығы 527 жылы басталды» дейді. Бұл жерде славяндармен Византия арасындағы алғашқы байланыс емес: екі елдің арасындағы алғашқы әскери қақтығыс болған жыл деп, айтуға болады.

Император Юстинианның жүргізетін әрекетін сөз қылатын болсақ, ол империяға үлкен қауіп төнгендігін сезіп «варварлардың жылжуын тоқтату үшін, мықты қарсылық көрсету керек» дейді. Оның билігінің алғашқы жылдарында Дунай шекарасында бекініс салу, үлкен жетістіктерге жетеді. Өзеннің ағысы бойы-Сингидуннаң Қара теңізге дейін, құрылыс жүргізілді, жаңадан және ескі қамалдарды қайта қалпына келтірілді, «Ұзын қабырғаға» дейін қорғаныс жүйесі бірнеше қатар бекіністен тұрды.

Прокопий Кесарииский “О постройках” атты еңбегінің 28 үзіндісінде бірнеше бекініс пунктерін атайды: айталық: «... Истр өзенінің жағалауында Сальтупир, Доростол, Сикидаба т.б. бүкіл бекіністерді қалпына келтіруге император ерекше мән берді, сонымен қатар Квестрис қамалын да. Бұл қамалдың жанына Адин бекінісін қайта тұрғыздады, себебі славяндар осы маңайда жасырынып торуыл жасап, маңайдағы жолдардан адам өткізбейтіндей жағдайға жеткізген. Император осы жерге Тиликиан қамалын тұрғызады. Сонымен Мөзия жерінде Истр өзенінің бойы мен оның жақын маңындағы қорғаныстардың салынуы мен жабдықталуы қарастырылған.

Император Юстиниан империя жерін «варварлардың» басқыншылығынан қорғау үшін, бірнеше километрге созылған қорғаныс құрылыстарын тұрғызып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілсе де, бәрі-бір славяндардың тонаушылығын тоқтата алмады. Империя солтүстік Африкада, Италия мен Испанияда қантөгіс соғыстар жүргізді. Византия империясы Европадан Гибралтарға дейінгі кеңістікте, өз әскерін ұстауға мәжбүр болды, сондықтан шекара аймақта орналасқан қамалдарды әскер мен жабдықтауға жағдайы болмады. Прокопий Кесарийский 548 жылы славяндардың Иллирикке жасаған шапқыншылығын айта келе былай дейді: «көптеген бекіністер, бұрыннан бері тұрған және мықты болып көрінгенмен, славяндар оларды көп қиындықсыз алады, себебі бұл қамалдарды ешкім қорғамады» дейді.

Славяндардың Византия жеріне басып кірушілігі әлсіздеу болды, себебі славяндармен анттар арасында ауыз бірлік болмады. 540 ж. Славян мен анттар арасында қақтығыстың әсерінен, екі тайпа арасында соғыс басталады, сонымен біріккен шабуылдар тоқталады. Славяндар ғұн-балғар тайпалары мен одақтасып 540-542 жж. византиялықтар Чума індетіне ұшырап жатқанда, жоғарыда аталған одақтастар империя жеріне үш дүркін басып кірген.

Олар Константинопольге дейін жетіп, сыртқы қамалдарынан өтіп, астанаға үлкен үрей туғызады. 540 жылғы ғұн және славян тайпаларының астанаға жасаған басқыншылық соғыстарын өз көзімен көрген Иоанн

Эфесский былай дейді: «Варвар халықтары күшейіп, жердің түбінен көтеріліске шығып, елді тонаушылыққа ұшыратып, өртеп қаланың дәл қақпасына дейін жетеді, біз осы қақпаның ішінде едік» дейді. Олар тіпті қоныстарды алып, оның тұрғындарын тұтқынға алады. Олар бір ғана жыл емес, үш жыл қатарынан келген. Бұл тайпалардың көптігінің соншалықты, ешкім оларға қарсы шықпады. Варварлар империя жеріне жек көрінішпен қарап, тіпті елші арқылы былай сөйлеген екен: «... Сарайлрыңды дайындап қойыңдар, біз келе жатырмыз) деп жар салған екен. Патша мен оның шабармандарына қорқыныш үрей туып, сарайлардың қақпалары бірден жабылып, темір шынжырмен бекітілді деп, Иоанн сөзін былай жалғастырады: «Егер артымызда қала болса біз, ұрыссыз беріліп, тек, сарайды қорғайтын едік, бірақ қаланың қалпынан ештеме көрінбеді де, сезілмеді дейді, қала ішінде берекетсіздіктің орын алып, оны қорғайтындай ештемесі қалмай қирағанын» айтады. Қорыққандарынан қала маңындағы барлық ағаштарды кескізіп тастады. «Бұл ағаштарды кесу, барлық халықты одан әрі үрейлендіре түсті: бәрі мазаланып былайша сөлейді: егер қайғылы жағдайды сезбегенде, біз бұндай жағдайға бармас едік» деген.

Парсы патшасы Рим жеріне шабуыл жасап, Антиох қаласын қоршауға алып жеңеді. Қаланы тонап, халқын тұтқынға алып, мрамор тастарды алып кетеді.

Иоанн Эфесскийдің замандасының бірі Михайл Сирийский [IX,33] варвар тайпаларының империя жеріне басып кіруі жайында төмендегі мәліметтерді береді «ғұн әскері мен славяндар келді де, патша қаласын қоршауға алады. Олар сыртқы қабырғаны бұзды, онда орналасқан қоныстарды тонап, өртеді және халқын тұтқындады. Сосын қайтадан екінші, үшінші рет келеді».

Ромейліктер әскер күшін жинап, қарсы шығып, оларды ұрыс барысында талқандап жеңеді, енді варварлар бұл аймаққа келмейтін болды дейді.

Авар славян қатынасын ашуға көмек болатын келесі дерек Орыс жылнамалары. Орыс жылнамасында аварлардың славян тайпаларының бірі, дулебтермен болған соғысы жайында мәліметтер келтіреді: «Вси же времена быша и Обры и же ходиша на Ираклия царя греческого и к царю граду и мало его яша. Си же обри воевахи на Славянах и примучиша Дулебы суцая славяны». (Бұл жерде яғни орыс жылнамасында, аварларды обр деп атайды да; ежелгі уақытта обрлар Иракли жерінде жүріп грек патшасына барды, ол жайында мәлімет аз. Осы обрлар славяндармен соғысып, славяндардың тайпаларының бірі дулебтерді бағындырып оларды қинайды) деп жазылған. Авар ордасы Византия империясымен келісімге келгеннен кейін, Юстинианның ықтиярымен славян жерін тонаушылық жасайды.

Ант елі Идаризидің баласы, Келагастың ағасы Мезамирді елші ретінде аварларға жіберіп, тұтқындалған адамдарына төлем төлеп қайтарып алу міндеттеледі. Мезамирге байланысты Менандр төмендегі мәліметтерді келтіреді: «Мезамир бос сөйлегіш және мақтаншақ, ол аварларға келіп қатты және дөрекі сөйлейді. Сол кезде аварларға туыс болып келетін Котрагит, анттарға қарсы, қағанға кеңес береді, Мезамир өте қатты сөйледі қағанға



деп”: «Бұл адам анттар арасында зор ықпалды, сондықтан қарсыластарымызды қарсы қоюы мүмкін. Сондықтан оны өлтіру керек те, еш қорқынышсыз ант жерін басып алу керек дейді». Қаған Котрагигттің сөзіне көніп, елшілікке ешқандай құрмет, сый көрсетпестен Мезамирді өлтіріп тастайды. Сол заманнан бастап аварлар анттар жерін иірілген жіпті тарқатқандай үздіксіз тонап, халқын құлдыққа салған».

Авар одағының анттармен жүргізген жаугершілік соғыстарынан кейін, түркі тайпалары 561-562 жылдары төменгі Дунай өлкесіне тарала бастайды.

Тиверидің билігінің 4-ші жылында яғни, 578 ж. славян тайпалары жаңа күшпен, империя жеріне тонаушылық соғыстарын жүргізе бастады. 100 мың славян Дунайдан өтіп Фракияны т.б. Балқан аймақтарын және де Элладаны тонаушылыққа ұшыратады. Тиверидің қарсы қоятын әскері болмағандықтан, Дунай славяндарына қарсы тұру үшін, Авар қағанатына елші жібереді, Баян қағанының да арманы осы еді, себебі үлкен Рим империясының негізгі жауларының бірі, славяндарға және оның қолбасшысы Давритке қарсы шабуылға шығу болатын. VI ғ. Авар – славян және славян – авар – византия қарым – қатынасы жөнінде Менандр көптеген мәліметтер келтіре келе былай дейді: «славяндар» Элладаны тонап, оны жан-жағынан қыспаққа алады. Император Тивери қарсы тұра алмады, оның күші де, шамасыда болмады, себебі әскерін Парсылармен соғысқа шығысқа жіберген болатын. Авар қағаны Баянға елшілік жіберіп, славяндарға қарсы аттандырады». Көп ұзамай Паноннияға Иоанн есімді қолбасшы жіберіледі, оның басшылығында Верен аралындағы Иллирилік қалалар болды. Ол Паноннияға келіп Баян қағанды және оның әскерін Рим жеріне «ұзын кеме» деп аталатынмен алып өтеді. Мәліметтер бойынша Рим жеріне Баянның сауытпен жамылған шамамен 60 мың салт атты әскерлерін әкелген Иллирия арқылы Иоан, аварларды Скиф жеріне әкеліп, одан қайтадан Истр арқылы артымен де, алдымен де жүзетін кемемен алып өткен. Көп ұзамай аварлар өзеннің келесі бетіне өтіп, бірден склавиндердің қоныстарын өртеп, қуғыншылыққа ұшыратып, егістерін тонайды. Жергілікті славяндардың бірде-біреуі қарсы шыға алмаған: себебі, бәрі қалың орманға қашып, жасырынады. Сонымен аварлардың славяндарға қарсы соғыс әрекеті, рим елшілігінің ұсынысымен, не болмаса оған жақсылық жасау, жағымпаздану ниетпен емес, Баян славяндардан кегін алу үшін болды. Алдында авар көсемі, славян халқына және оның князі Даврентке елшілік жіберіп, олардың авар қағандығына бағынып, салық төлеуін талап еткен. Даврит және склавин қариялары былайша жауап берген: «...бұл жерде тайпа көсемі мен ақсақалдары – славян халқын бағындырып, оның жерін басып алып, күн сәулесін түсірмейтін адам әлі туған жоқ. Керісінше біз біреудің жерін басып алып үйренгенміз. Жер бетінде «соғыс пен қылыш» болып тұрған уақытқа сенеміз деген». Менандр сөзін жалғастыра келіп, склавиндер осындай дөрекі жауап береді; аварларда мақтана сөйлеп жауап қайтарды. Нәтижесінде екі жақ ұрысып бір-бірін балағаттайды, варварларға тән қатал және көпіре еліре сөйлеудің әсерінен, жанжалдасып қалады. Славяндар ашуларын баса алмай ақыры авар

елшілерін өлтіріп тынады. Бұл жағдайды Баян қаған естіп, ашуланады. Баян осы кезден бастап, славяндарға өшіккен. Славяндардың бағынбағаны, Авар қағандығын қорлағаны деп есептеді Баян. Себебі, славян жері алтын мен ақшаға мол, өйткені ежелден олар Римдіктерді тонаушылыққа ұшыратып отырды..., ал олардың жерін ешқандай халық тонаған жоқ және де аварлар Дакиялық славян жері, империяның Балқан аймақтарына қарағанда өте бай деп есептеген; славян территориялары басқаларға қарағанда тыныш өмір сүрген, ал империяның аймақтары бірнеше рет түрлі халықтардың тонаушылығына ұшырап отырғанын Баян қаған жақсы біліп, түсінген.

Авар қағаны славян жерін аяусыз қырғыншылыққа ұшыратып, тонап, көптеген жерлерін басып алған.

Шамамен 573-581 жж. Баян қаған славяндарға жорық жасау үшін Сав өзеніне көпір салуды сылтауға алып, Византияның стратегиялық маңызы зор орталығы Сирми қаласын басып алады да, император Тивериге, славяндар жыл сайынғы салынатын салықты төлеуден бас тартты деп сылтау айтады. Михайл Сирийцтің айтуынша, Панониялық славяндар әрине бұл көпірді салуда қатысқан. Себебі, дала көшпенділері-аварлар кеме жасауды және өзен жұмыстарын білмеді. Тағы бір осындай жағдай 592 ж. қаған Сав өзенінен өтпек болып, славяндар оған кеме жасап берген екен.

Империя аварларды славяндарға қарсы айдап салсада, олардың жаңа басқыншылықтарынан құтыла алмайды. Варвар тайпаларының басқыншылығы тіпті күшейіп, соңғы кезеңін бастайды, яғни империя территориясына славяндардың жаппай қоныстануы басталады.

581 ж. Славяндар империя территориясына жемісті жорық жасап, енді бұрынғыдай Дунайға оралмай, Византия жеріне қоныстанып орнығып қалады.

Иоанн Эфесский осы басқыншылықтың куәгері ретінде құнды деректі айта келе былай дейді: «Юстиннің өлгеніне үш жыл болғанда Тиверидің патшалық құрған кезде, қарғыс атқан славян халқы басқыншылық жасады. Олар бүкіл Элладаны, Фессалоника және Фракияны түгел дерлік шапқыншылыққа ұшыратып, көптеген қалалармен қамалдарды бағындырып алады. Олар қалаларды тонап және өртеді, халқын тұтқындап, жердің қожайыны болды. Славяндар жердің иесі сияқты, ешқандай қорқынышсыз қоныстанады. Міне төрт жыл бойы бұл халық, ағылып келіп қоныстанып, таралып, құдайдың өзі оларға, әзірше мүмкіндік беруде, ал патша, әскерін шығысқа парсылармен соғысқа жібердім деген сылтауды айтады. Олар тонаушылық жасап, от қойып, тұтқындыққа алып, олар тіпті ең сыртқы қабырғаның жанынан, патшаның көп мыңдық табынын тартып алды және т.б. әртүрлі олжаға ие болды. Міне осы бүгінге дейін 895 ж. (сириялық санау бойынша 583-584 жж.) Рим жерінде қалып тыныш өмір сүруде бұл халық бұрын қалың орманнан көрінбейтін, қарудың не екенін білмейтін, тек екі немесе үш қолшоқпарлары болмаса, деген сияқты құнды деректер береді.

Аварлар славяндардың әскери басқыншылықтары барысында қоныстануға байланысты арнайы жағдайлар жасады; айталық бірінші,

территория империяның әскери жасақтарынан тазартылды, екіншіден қамалдар бұзылды, үшіншіден-орнығатын жер белгіленді (тіпті одақтас тайпалар арасында бөлінуіде мүмкін), осы шараларды іске асырғаннан кейін, жаппай қоныстану басталған.

Сонымен славяндардың қоныстану толқынының, үш кезеңін атап өтуге болады: біріншісі VI ғ. 50 жылдан басталып, 80 жылға дейін күшейді, екіншісі 602 ж. Белградтан бастап шекара аймағын Византия әскері тастаған кезең және үшіншісі 626 ж. Константинополь түбінде авар әскері жеңілгеннен кейін басталды.

Енді, соңғы екі кезеңге байланысты талдаулар жасайтын болсақ, алдымен авар-славян қоныстану мәселесі төңірегіндегі негізгі деректер: Константин Богрянародныйдың Империяны басқару, Монемвасийлік хабарлар және Чудеса св. Дмитрия. Соңғы еңбек ескерткіш, алдыңғы екі деректерге қарағанда бұл еңбектердің авторлары оқиғаны өз көздерімен көргенін жазған «Чудеса св. Дмитрия» Македониямен солтүстік Грецияның жағрафиялық аймақтарына қатысты мәліметтерді береді. Бұл дерек діни бағытта болғандықтан, оның мәліметтері ұзақ уақыт тарихнамада өз бағасын алмады. П. Лемерленің сыни түсініктеме жасаған еңбегінің нәтижесінде, бұл деректің құндылығы айқындалды.

«Чудеса св. Дмитрия» дерегі бойынша, 584ж. славяндардың Фессалоникаға жасаған бірінші шабуылы жайында келесі мәліметтерді береді: «Б.з.584. славяндар Фессалоникаға 5 мың адамнан тұратын (бүкіл славян тайпаларының ішінен, іріктеліп, әскери жауынгерлік тәжірибесі мол адамдарды жинап) шабуыл жасайды. Егер славян тайпалары өздерінің артықшылығына сенбесе, бұндай үлкен қалаға шабуыл жасамас еді. Артықшылығы дегенде тайпаның күшінің көптігін, батырлығын, жауынгершілігін айтады [31,с.31-63].

«Чудеса св. Дмитрия» еңбегінде славяндардың қаланы қоршауға алып және оларды басқарған Дмитрий басшысының кереметтілігін және славяндар жайында маңызды тарихи деректерді айтады. Осы мәселе жайында П.Лемерл төмендегі мәліметтерді айтады. “Бірінші шабуылға славяндардың ұйымдасқан аз әскері қатысты, қалалықтар, «варварлардың айқай-шуынан» бірден таныған”. Иоанн Эфесскийдің жоғарыда келтірген мәліметтеріне сүйенсек, бұлар 80 жылдары империя жеріне - Фракия, Эллада және Фессалоника аймағына басып кіріп, қыстап қалған славяндар болса керек, себебі П.Лемерлдің айтқанындай қалалықтар оларды бірден таныса, онда олар жақын маңайдан болса керек. Бірақ бұл кезде славяндар Фессалонниканың өзіне шабуыл жасаған жоқ, тек қаланың шеткі аймағына шапқыншылығы болды.

Авар – славян қатынастарын баяндай отырып, келесі жағдайға мән берерлік. Авар қағандығы Панонния славяндарымен одақта болды. Кейде славяндар өздері шапқыншылықтар жасады, бірақ қағанның бұйрығы бойынша, жоғарыда келтірілген 584 ж. шабуыл дәл осылай болса керек. Сонымен VII ғ. екінші он жылдығында 615-620 жж. Хацон бастаған славян

одағы Фессалоникаға шабуыл жасайды. Тарихта Фессалоника бес рет қоршауға алынған, оның 1-3 славяндар жасаса, 4-5 аварлармен біріге отырып жасаған.

«Чудеса св.Дмитрия» еңбегінің екінші кітабы, Иллиридің оңтүстік аймағындағы оқиғаларды мәлімдейтін негізгі деректердің бірі деуге болады. Автор, бұл жерде ешқандай хронологиялық мерзімдерін көрсетпесе де, көптеген зерттеуші ғалымдардың есебінше, Балкан төңірегіндегі жағдай VI ғ. 10-20 жж. басына жатқыздады. П. Лемерль Фессалониканы үшінші рет қоршауын 615 жыл деп есептейді. Осы басқыншылыққа қатысқан славян тайпалары: друговит, сагудаг, велегезит, войнит, верзит т.б. өздерінің кемелерімен бүкіл Фессалониканы және оның маңайындағы аралдарын тонаушылыққа ұшыратып, көптеген қалалармен эпархтарды халықсыз қалдырды [27,с.13-61].

Деректерді талдай келе біз славяндардың бір ауыздан Фессалоникаға шабуыл жасағанын көреміз. Қаланы славяндар, теңізден де, құрылықтан да қоршауға алады. Хрониканың айтуы бойынша бұл жолы славяндардың тек жауынгерлері келмеді, сонымен қатар олардың жанұялары, туыстары келіп, қаланың маңайына қоныстанған. Фессалоникаға славяндардың шабуылынан күйреген, көптеген қалалардың босқындары келіп паналады. Славяндар негізгі соққыны теңізден бермекші болып, үш күн бойы қаланың маңайын бақылап, қала қорғанысының осал жерін іздеді. Сонымен қатар бір жағынан соғысқа кемелерін дайындады, яғни шабуыл кезінде қала қорғаушылары, қабырғадан найза, тас, оттан қорғану үшін аң терілерімен, тақтайлармен кеменің үстін жапты. Фессалоникалықтар теңіз соғысына үміт артпады, себебі автордың айтуынша кеме қалада тұрмақ, жақын маңайда да болмаған дейді. Сондықтанда қалалықтар, теңізден келетін славян кемелеріне кедергі келтіру үшін әртүрлі алдаушы құрылыстарды ойлап тапты. Төртінші күні шабуыл басталады. Теңізден де, құрылықта басқыншылық жасап, славяндар қаланың қорғанысының осал жерелерінен, яғни порт маңынан, шіркеудің құпия есіктері арқылы қорғаныстың ішіне кірмекші болады. Теңізде, славяндар үлкен сәтсіздікке ұшырады, қолайсыз желдің соғуынан және дұрыс ұйымдастырушылықтың болмауының әсерінен, кемелері немесе қайықтары (моноксил депте атайды) бір-біріне соғысып төңкеріледі, қалғандары жағалауға жеткенде, қала қорғаушылары оларға, сәтті тойтарыс береді.

Славяндардың судағы жеңіл құралдары сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, бірден үлкен қайықтар жасап алады. Біздің ойымызша славяндар бұл кемелерін Дунайдан алып келмеген шығар да, олар сол жерде жасалынуы мүмкін. «Моноксил» деген термин «однодеревки» деп аударылады. Однодеревкаларды төрт адам көтере алатын болған. «Чудеса св.Дмитрия» еңбегінде қаланы 5-ші қоршауында “попарно” деген атауы айтылады, бұл кеменің палубасы яғни төбесі жабылған таспен, найзамен атқылаудан қорғану үшін, пайдаланатын құрал. Егер моноксилдер однодеревкалардың түпнұсқасы болса, онда славяндардың ең алдымен теңіз соғысына үміт

артқанын түсіну қиын. Бұл жерде 20-40 жауынгерлерді көтеретін соғыс кемелері болуы мүмкін. Қалаға енген славян көсемі (экзерх) Хацон тұтқындалып өлтіріледі. Сонымен славяндар шегінеді, бірнеше күннен кейін қолға түскен тұтқындар түскен олжаның бір бөлігін алып Фессалоникаға қашып кетеді.

Осындай үлкен сәтсіздіктен кейін славяндар авар қағанына елші жіберіп, қаланы алуға көмектесуін сұрайды және қаланы алғаннан кейін қымбат төлем төлейтіндері жөнінде уәде берген.

Сонымен славяндардың Фессалониканы үшінші рет қоршауы сәтсіз аяқталып, шегінеді. Баян қаған славяндардың ұсыныстарына келіседі, себебі қала славяндармен жан-жағынан қоршалып, қоныстанып дайын тұрғанымен, бір жағынан Дунай, Панонния, Дакия және Дардани аймағының босқындарының жиналып, паналаған негізгі мекені болды, сондықтан да қаланы алуға құштар болды. Авар қағаны өзіне бағынышты тайпалардан үлкен қол жинап, тек екі жылдан кейін Фессалоникаға шабуыл жасайды. Тарихта қаланы төрт рет қоршауға алынған дейді. П. Лемерленің айтуы бойынша 615 – 620 жж. аралығында болған. Фессалониканы төртінші қоршау кезінде, қаланың қабырғаларын алатын сол кезде белгілі болған, қоршау техникасының бүкіл жабдықтары пайдаланылған. Басында үш қоршау славяндардың атымен байланысты болған, олардың шамасы келмегеннен кейін осы техникаларды меңгерген және қуатт атты әскері бар, аварларды көмекке келген. Қаланы алу өте қиын болды, себебі оны қоршаған дуалдың қалыңдығы 2 метрден - 4,5 метрге дейін, ал биіктігі 8,5 – 12 метрге дейін жеткен, тұрғындардың конфигурациясына байланысты бұл қоршау 7-8 км. жеткен. Аварлар қаланы бұзатын техникаларын орналастырып ішке кіруге талпыныс жасаған кезде, римдіктер қорққандарынан елші жібереді авар қағаны қаланы қоршаудан босатады. Деректерде қаған не себепті тез арада қаланы қоршаудан босатып кеткені жайында ашып айтылмағандықтан, біз үшін құпия болып қалуда. Сонымен 620 жылы аварлар мен Византия арасында бейбітшілік орнап, ол 626 жылға дейін сақталады.

Славян тайпаларының ақсүйектері Византиядан және авар қағандығынан тәуелсіздік алуға тырысты. 626 ж. Константинополь түбіндегі шайқаста аварлар жеңіледі, қағанат ішінде қалыптасқан, саяси бытыранқылықты пайдалана отырып, славяндар көтеріліске шығады. Само бастаған славян көтерілісі, ірі саяси одаққа айналып, Авар қағанатына күйрете соққы береді.

Алғаш славян тайпаларының мемлекеттік бірігуі ретінде «Само мемлекетін» атауға болады. Само бастаған саяси бірігуі шамамен 626 – 661 жж. өмір сүрді. Само-адам аты. Франк хроникаларында «славян мемлекетінің негізін салушысы деп атаған. VII ғасырда өмір сүрген батыс славян патшасы Самоның семьялық жағдайы жайында мынандай мәліметтер бар» Самонның 12 әйелі - (бәрі де венед тегіннен шыққан), 12 ер баласы және 15 қызы болған». Мемлекеттің орталығы қазіргі Чехословакия жерінде орналасқан. Осы жерлерді мекендеген славян тайпалары Авар қағанатына

тәуелді болды, және де осы «Само мемлекетінің» пайда болуына әсер еткен, аварлардан бостандықты алу үшін күрес болды. Само бастаған саяси бірігу шамамен 616-661 жылдар арасында өмір сүрген.

Само 623-658 жж. Батыс славян тайпалары қуатты одақ құрып, оны (627 ж.) бастап Чехия корольі басқарған. Сонымен қазіргі Чехословакия жерінде, авар одағында славян тайпасының, Само бастаған ірі көтерілісі болды. Бұл мемлекеттің орталығы Чехословакия жері, сонымен қатар славяндардың, иелігінде Карантании (қазіргі Славения) жері де кірген. Осы жерлерді мекендеген славяндар авар қағандығына тәуелді болды, тәуелсіздік үшін күрес мемлекеттің пайда болуына әсер етті. Бұл одақтың құрамын чехтар, моравтар және славяндар т.б. құрады. Само бастаған көтеріліс жайында VII ғ. Галлияда жазылған Фредегердің Хроникасын негізгі деректердің бірі деп атауға болады. Бұл мәліметте «Само» патшалығы жөнінде құнды деректер келтірілген. Аталмыш патшалық авар езгісінен және Самоның Франк каролі Дагобертпен 629-639 жылғы соғысының әсерінен пайда болған деген сияқты хабарлар келтіреді.

Шамамен 623 жылы Хлотордің билік еткеніне қырық жыл толғанда, Само есімді адам, Саже қаласынан шығу тегі Франктік, көп саудагер көпестермен славян жеріне келеді. Бұл кезде славяндар аварларға қарсы көтерілісін бастаған болатын, олар бұрын ғұн деп аталынатын, олардың патшасы қаған делінді. Венедтер (befulci) соғыс барысында ғұндар барлық әскерімен лагердің алдында тұратын, ал венедтер соғысқан: егер жеңсе онда ғұндар түскен олжаны алу үшін келетін, ал егер жеңілсе, олар ғұндардан көмек алып қайта күш жинаған. Сондықтан да оларды befulci ғұны деп атаған, олар күрес барысында ғұндардың алдында екі әскер болып тұрған. Аварлар жыл сайын қысты өткізу үшін славяндарға барып, қыстайтын және күнде славян қыздарымен, әйелдерін алып кететін болған. Славяндар аварларға салық төлеп тұрған. Славяндар көп қиыншылықтан және оларды ығыстыруына байланысты бас көтеріп, оларға салық төлеуден бас тартып, көтеріліске шығады. Славяндар аварларға қарсы шыққанда көпес Самода әскерімен бірге шығады. Само күрес барысында үлкен ерлік көрсетеді. Самоның айбындылығын славяндар бағалай отырып, оны өздерінің патшасы деп сайлап, ол 35 жыл бойы билік жүргізеді. Самоның берген кеңесінің және көрсеткен ерліктерінің арқасында, көптеген соғыстарда жеңіске жетіп отырады.

631- 632 жж. венедтер деп аталатын славяндар Само патшалығындағы көптеген франк көпестерін өлтіріп дүние-мүліктерін тонайды. Осыдан бастап Дагобертпен Само арасында жанжал туады. Дагоберт Самоға Сихари бастаған елшісін жібереді. Самоның адамдары көпестерді өлтіріп, заңсыз мүліктерін тонағаны үшін қанағаттанарлықтай әділ болуын сұрайды.

Само Сихариді көргісі келмегендіктен қабылдамайды, сосын Сихари славян киімін киіп, Самоның алдына келеді. Сихари каролінің айтқанын бәрін жеткізеді, бірақ Само дұрыс жауап бермей, тек уәде береді. Сихари ақылсыз елші сияқты, келіспейтін сөздер айтады. Ол былай деген: «Само

және оның халқы Дагобертке бағынуы тиіс дейді». Само абайлап жауап береді: «Біздің жер, біз өзімізде Дагоберттік боламыз, егер ол бізбен дос болса деп жауап береді». Ал Сихари былайша қатал жауап береді: «Кұдайдың құлдары иттермен дос болуы мүмкін емес дейді». Само қарсы былай деген: «Егер сендер құдайдың құлы болып, ал біз құдайдың иті болсақ, жоғарыдан айтылғандай, бізге сендерді тістеп, азаптауға рұқсат етілген деп жауап береді. Осы сөздерден кейін Само Сихариді қуып жібереді. Болған жағдайдың бәрін Дагобертке елшілікке жеткізгеннен кейін, бірден Австразия карольдігінің барлық әскерін шығарып Само мен венедтерге қарсы шығуларына байланысты бұйрық береді. Әскер венедтерге үш отрядпен барады және Лангобардтарда славяндарға қарсы шығады, оларды Дагоберт жалдап алған болатын. Славяндар ақырындап соғысқа дайындалып жатқан болатын және Алеман әскерінің басшысы герцог Хлодоберт әскері осы жерде жеңіске жетеді. Лангобардтарда жеңіске жетеді. Алемандар мен лангобардтар көп славяндарды тұтқынға алады. Австразиялықтар Вогатисбург қамалын қоршауға алып, үш күн соғысады. Венедтердің қолынан Дагоберттің көптеген әскері құрылады, ал қалғандары шатырларын және т.б. мүліктерін тастап қашады. Венедтер Тюрингияға және франк карольдігінің басқада өлкелеріне баса көктеп кіріп, тонаушылыққа ұшыратады. Тіпті серб тайпасының герцогі Дерван бұрын славяндарды жақтап бірақ кейін франк карольдігіне бағынып, енді бүкіл халқымен Самоға беріледі. Франктерді жеңген венедтер, Австразиялықтарға көп қиянат жасады. Олар Дагобертке өздерінің мүлкіне қол сұқты деген кінә тағып, айыптайды. 631 ж. Само одағы франктерді жеңеді. Бұл мемлекет ұзақ өмір сүре алмады, себебі Само өлгеннен кейін одақ ыдырап кетеді.

Славян тайпаларының 70-80 жж. оңтүстік аймақтарға жаппай басқыншылығын ғылым салаларының бірі археология мен нумизматика дәлелдейді. Бірақта славяндардың Грециямен Македонияға қоныстану процессіне арнайы экспедициялар ұйымдастырылған жоқ. Көбінесе заттар кездейсоқ жағдайда табылған. Славян тайпаларының бұл жерде болғандығын дәлелдейтін тікелей куәгер материалдар өте аз: айталық-пражалық типтегі қыш құмыралар, фибулалар және әртүрлі аң стиліндегі металдан жасалынған бұйымдар (Пелопаннес) Олимпии қаласының маңынан Коринф және Неа Анхиал (Фивы) және Спартада адам сүйектері табылған. Бұл табылған заттардың этникалық шығу тегі жағынан кейбіреуі дау туғызтады. Көптеген жанама мәліметтер бойынша славян және авар басқыншылығын VI ғ. аяғы деп көрсетеді. Грецияны қоныстанушылардың мәдениетін зерттеу барысында, қоныстарда өрт болып, жергілікті халық көптеп өлген. Бұл оқиғалар VI ғ. Коринф Афина, Дмитрида, Фив және т.б. қалаларында орын алған [Pallas, 1955, Metcalf 1962, Milojsic, 1977]. Археологиялық мәліметтерден сондай-ақ Македонияға VI ғ. аяғында бірнеше қалалардың қираушылығы орын алған. Афина, Коринф, Олимпин, Фив өңірінен табылған тиын (монета) көмбелерінің шығу тегін ғалымдар

зерттей келе «варварлардың» шапқыншылығымен байланыстырады. Пелопонес аймағында осындай көмбелердің сегіз, тоғызы қазылған. Археолог мамандардың зерттеуі бойынша, бұл тиындардың ең ежелгісі, шамамен VI ғ. 70 ж. жатса, ал кейінгі тиын ақшалар 584ж. кейін көмілсе керек. Бір қызығы бұл көмбелер 584-585 жж. Македония жерінің Прилипа районының Баргала және Баба сияқты кейінгі табылған қазыналардың із ашары болып шыққан.

В. Попович нумизматикалық коллекцияларды зерттеп, бұл қазыналардың құрамында 584-585 жж. тиындарының жоқтығын айтады. Себебі, зерттеуші 80 ж. ортасында тиын шығару, варварлардың басқыншылығына байланысты, құлдырай бастайды, яғни Македония қалаларының даму тарихында шешуші өзгерістер орын алды деген сөз. Нумизматикалық мәліметтер бойынша, Дакии мен Дарданияның солтүстік аймақтарында алдында айтқандай өзгерістер тек VII ғ. басында басталған. Көптеген зерттеуші ғылымдардың айтуынша, алғаш Греция территориясында жаппай тұрақты қоныстар Македонияда, Фессалиде, Эпирде, Архайде орын алды, басқаша айтқанда, «Балқанда славяндану» процесі басталып, алғашында оңтүстік аймақтарында басталса, кейін Иракли билігі тұсында жарты аралдың солтүстігіне тараған.

Аварлардың славян тайпаларымен болған қарым-қатынастары жөніндегі тақырыпты қорытатын болсақ. Аварлармен славяндар арасындағы одақтық қатынастың, аварлардың қол астындағы славянды қатал езгіге ұшыратуына кедергі келтірмеді. Аварлардың славяндармен қарым-қатынасын Фредегер айқын суреттей келе былай дейді: Аварлар жыл сайын қыстау үшін славяндарға барады да, әйелдері мен балаларын пайдаланатын. Осындай қорлықтан кейін, славяндар салық төлеп тұруға тиіс болды. Орыс жылнамалары да аварлардың славяндарды дулеб тайпасының басына түскен езгісі жайында мәліметтерді сақтаған. Бұл обрлар – деп басталады жылнама - соғысып жатып славяндарды және дулебтерді зорлыққа ұшыратып – олардың әйелдерін қорлайды; егер обрлар бір жаққа баратын болса, арбаға ат жегуге тиым салып, оның орнына дулебтің үш, төрт немесе бес әйелін арбаға жеккен деген мәліметтер айтады.

### **Сұрақтар:**

1. Авар-славян қатынасы жайында қандай жазба деректерді белесіз?
2. Ант тайпасын авар ордасы қашан жаулап алды?
3. Славян тайпаларының Авар қағанатында әлеуметтік статусы болды ма?

### **8-тақырып. Аварлардың Паноннияны иеленуі**

Авар қағаны Баянның басты мақсаты Шығыс Европа даласынан тұрақты мекенді иелену. Жоғары бөлімдерде айтқандай Византия императоры аварлардың қоныстануына құнарсыз және жайылымға қолайсыз жерлерді ұсынған болатын. Баян қаған қанаты қайтайған авар мемлекеті Европада өз



орнын тапса, Батыс халқына үстемдігін батыл жүргізер еді деп түсініп, калайда осы арманына қол жеткізуге күш салды.

565 ж. император II Юстин аварларға салық төлеуден бастартқаннан кейін, империя мен аварлар арасында түсінбеушілік болып, соңы ашық әскери қимылдарға алып келеді. Аварлар ат басын батысқа бұрып, Дунай жерлеріне шабуыл жасауға бел буады. Көп ұзамай олар Тюрингияны мекендеген австразиялық франктермен соғысады, нәтижесінде екі жақ арасында әскери одақ құрылады. Менандрдың мәліметтері бойынша, Лангобард патшасы Албуин (Abboinus) гепид көсемі Конимунданы жек көріп, оның иеліктерін күйретуге тырысқан. Лангобардтар өз мақсатына жету үшін Баян қағанға елші жіберіп одақтасуын сұраған. Елшілер аварларға келгеннен кейін былай деген екен: «Лангобардтар гепид тайпаларымен күресіп шаршағандарын және бұл гепидтерге аварлардың қас дұшпаны, себебі римдіктер оларға көмектесетінін айтады». Сонымен қатар елшілер аварлар мен келісім жасаған Юстинианның шартын бұзған, салық төлеуден бас тартқан Юстинді сөз қылады. Және де егер аварлар мен лангобардтар одақтасып гепидтерді күйретіп жеңімпаз боламыз және көп байлықты басып аламыз, сосын бірлесе жерді иемденеміз, осындай бақытты жағдайдан кейін оңай Скиф және Фракияны басып алып, әрі қарай еш қиындықсыз Рим жеріне Византияның өзіне дейін шапқыншылықтар жасауға үгіттеген. Баян қаған елшілерді қабылдағанмен, менсінбеген. Қаған олармен одақтасқанда өзіне тиімді жағын іздестірген; «он то давал им знать, что не может заключить с ними союза, за то - что может, да не хочет». Одним словом, употребив против просителей всякого рода обмана, он дал им знать, наконец, будто насилу соглашается на их просьбы, но не иначе однако, как с условием, чтоб Лангобарды тотчас же выдали десятую часть всех находившихся у них четвероногих, и если они одевают неприятелей, то чтоб лангобарды уступили Аварам половину добычи и всю землю Гипедов. Авар қағаны Баян, лангобардтар одақтасуды сұрап келгенде мың құбылып, біресе одақтасқым келмейді, біресе одақтасам деп алдаған. Нәтижесінде Авар қағаны егер сендер менің шартымды орындасаңдар келісімімді беремін деп, өз пайдасына шешуге тырысқан. Шарт бойынша лангобардтықтар барлық төрт аяқты малдың оннан бір бөлігін дереу берсін және түскен олжаны тең бөлісіп, гепид жерін түгелімен аварларға бересін дейді. Лангобардтар қағанның қойған талабына келісіп, аварлармен лангобардтар арасында шарт бекітілген. Шарт бойынша авар әскері гепидтерге шабуыл жасап, жеңіске жетеді. Лангобардтар түскен олжаның тең жартысын және гепид жерін толық аварлардың еншісіне береді. 568 ж. лангобардтар бағындырған соғыс тұтқындарымен бірге Италия жеріне көшіп, гепид жері – Паноннияны аварлардың иелігіне қалдырады. Сонымен аварлар Паноннияны түгел дерлік өздеріне бағындырды, тек Сирми қаласы ғана бағынбады. Гепидтер бірден Юстинге елші жіберген. Егер римдіктер көмектессе Сирми қаласы мен Драв өзені бойындағы елді мекенді беремін деп уәде береді. Бірақ Юстин гепид басшысы Конимундқа

сенімсіздікпен қарап, қаланы өзіне алып қалып, оның ұсынысын шегеріп кейінге қалдырған.

568 жылдары Баян қаған Панонниядағы византияның еншісіндегі Сирми қамалын қалай-да өзіне қаратуды ойластырды. Сирмиді өзіне қаратса Панонния түгелімен аварлардың тұрақты жері деп есептеді.

Сирми қаласы Сав өзеніндегі маңызды стратегиялық пункті болды (қазіргі Югославия жеріндегі Митравица қаласы). Аталмыш қала Византия империясының еншісінде қалғандықтан, авар қағаны императордан гепид қаласын беруін талап етеді. Сирми қаласы Шығыс Рим империясының Панонниялық көршілерін қарсы тұратын негізгі тірегі болғандықтан, авар қағаны жүргізген келіссөздер нәтижесіз болды. Жалпы тарихта Сирми қаласы үшін үш жылға созылған (579-582 жж.) соғыс болған. 580 ж. Авар қағаны Баян Таргитиді императордан салықты жинап келуге жібереді, Менандрдың хабарлауынша 80 мың алтын беруі тиіс болған. Таргити салықтың ақшасына сауда жасап қағанға келеді, қаған дереу келісім шартты, варварлық жолмен бұзады.

Сонымен қаған әскери қимылдарын бастап, барлық жауынгерлерімен Сав өзенінің жағалауына келеді де, Сирми мен Сингидон қалаларының арасына көпір салмақшы болады. Қағанның ойы Сирми қаласын алу болды. Сингидон қаласын қорғаушы өзен кемелерін жүргізуде мол тәжірибелі римдіктер, оның жоспарын біліп қоймас үшін, жоғарғы Паноннияда, Истр өзенінде көптеген ауыр кемелерді жинап (олардан) кеме жасау өнерінің ережесіне ұқсамайтын қолда бар құралмен ұзын әскери кеме жасайды. Менандрдың хабарлауынша бұл кемелерге, ол көптеген ескекші жауынгерлерін, ретсіз, варварларға тән, қалай болса солай отырғызып, бірден өзенге жіберіп, ал қағанның өзі, қалған әскерімен Сирми аралдарына тау жолдары арқылы Сав (Сая) өзенінің жағалауына келеді. Бұл аймақтағы қалалардағы римдіктер қағанның келгеніне алаңдаушылық білдірді. Олар қағанның ойын білді. Сингидон қолбасшысы Сио, адамдарды жіберіп сұратқан екен! «...қағанның Сав өзенінің бойына, екі мемлекеттің арасында бейбітшілік пен достық қатынас уақытта келуіне не себеп болды екен деп сұраған, бірден қағанға көпір салуға рұқсат бермеймін, себебі патшаның келісімі жоқ деп Сингидон әскер қолбасшысы сөйлеген екен». Авар қағаны оларға былайша жауап берген. Мен көпірді Римдіктерге қарсы жаман ниетпен салайын деп жатқан жоқпын; мен склавиндерге бара жатырмын, Сав өзенінен өтіп, рим жерінен жүріп, одан Истр арқылы оларға қарсы шығамыз; рим императоры өзендерден алып өту үшін, көптеген кемелер дайындауда, рим халқына бейбітшілік пен еркіндікті қамтамасыз ету үшін осы жорықты жасағалы отырмын, бір жағынан склавиндер маған жыл сайынғы салықты төлегілері келмей, тіпті мен жіберген аварларды өлтіргендіктен Сая өзенінің бойына келіп отырмын деп қаған ақталады. Қаған Сиоға жолдаушыларын жіберіп, әрі қарай Истр өзенінен жүзіп өту үшін кеме дайындауы жайында рим императорына жіберген жолдаушыларын өткізуін, талап етеді. Баян қаған тіпті бұл көпірді склавиндерге шабуыл жасау үшін ғана салам деп антта берген екен. Бірақ

қағанның жауынгерлері аз болды, себебі аварлардың қозғалысы аяқ астынан басталған. Қаған риммен арадағы бейбіт келісімді сақтайтынын жариялаған, бірақ бастаған істі Склавиндерге қарсы көпір салуды тоқтатпаймыз деген. Егер римдіктер салынып жатқан көпірге бір оқ ататын болса, онда империяның өзі келіс сөзді бұзғаны деп қорқыта сөйлейді. Осы сөздер Сингидон римдіктерін үрейлендірді. Римдіктер Қағанның ант беруін талап етеді. Қаған авар заңдарына сүйене отырып қылышын көтеріп, егер сөзімде тұрмасам өзіме тисін: «...Қағанның берген антын сөзбе-сөз аударатын болсақ: “Бүкіл авар халқы мен Баянның өзі қылышпен өлтірілсін; аспан мен құдай жердегі және аспандағы аварлардың үстінен от жіберсін; олардың үстінен айналасындағы тау мен және жер құласын; егер көпірді «Римдіктерге қарсы жаман пиғылмен салатын болса – Сай өзені арнасынан асып, олардың үстінен бассын деген сияқты варварлардың дәстүріне сай қарғысты өзінің және халқының атынан серт береді». Енді қаған рим заңы бойынша сөз беремін деген. Рим дәстүрі бойынша ең құрметті қасиетті деп есептеп, оны бұзғандар құдайдың қарғысына қалады деп түсінген. Сол кезде Сингидонның архейі қағанға қасиетті кітапты беріп жіберген. Қаған өзінің ойын жасырып отырған ертоқымынан тұрып кітапты қолына алғанда жасанды қылықпен, қатты қорыққан сияқты құрметтеп олардың алдында қасиетті кітап сөзі бойынша ант береді. Осыдан кейін Сио авар қағанның жолдаушыларын қабылдап астанаға Тибериге аттандырады. Сонымен елшілер императорға барғанша қаған бар күшімен тездетіп көпірді бітіруге тырысады. Авар елшілері императордан славяндарға қарсы, қаған әскерлерін Истрдан алып өту үшін кеме дайындауын сұрайды. Император Тибери Сирми қаласына азық-түлік қорды тасымалдауға кедергі келтіріп, аштыққа ұшыратып, жаулап алу үшін, көпірді салып жатқанын түсінді. Бірақ ол аварлар арасындағы бейбітшілікке үміт артып, алдын-ала қаланы қорғауға іс шараларды ұйымдастырмайды. Ол қағанның жоспарын түсінбеген болып, былай деген; мен өзім аварлардың славян жеріне шабуылын қолдаймын дейді. Қағанның құрылысты салуына кедергі келтірмек болып, бір адам арқылы аварлар үшін дәл осы уақыт қолайсыз болады, себебі түркілер Херсонда тұрақ орналастыруда, егер аварлар Истрдан өтсе, түркілер бірден біліп қояды. Сондықтан жорықты қоя тұру керек деген сияқты жалған мәліметпен, қағанды қорқытпақшы болған. Баян қаған пиғылынан бас тартсын деп, көп сыйлықтармен елшіні қағанға жібереді, бірақ Иллирияда оларды склавиндер өлтіреді. Көп ұзамай қағаннан Солах атты жолдаушы келеді, Менандр сөзін жалғастыра келе былай дейді; Солах император алдына келіп ашық арсыз, ұялмастан былай деген: «Сав өзенінде көпір салынды. Сізге қағанның шын ниетін жасыру ақмақтық деп ойлаймын. Римдіктер Сирмиді қорғауға еш мүмкіншіліктері жоқ, себебі енді қалаға азық-түлік қоры өзен арқылы апарылмайды. Сондықтан римдіктер қаланы дүние мүлкімен, аварларға беруі тиіс» деген. «Және де авар қағаны империядан алып жатқан жылсайынғы алтын, күміс және жібек киімдер, керемет пайда бірақ бәрінен қымбаттысы игілікті - өмір. Қымбат сыйлықтар байланыс қарым – қатынас

т.б. бәрі қағанның алдына қойған мақсатынан бас тартқызта алмайды, ол Сирмиді және «Сирми аралдарын иеленбей тынышталмайды. Ақиқат бойынша бұл жерлер «гепидтердің меншігі болған, оларды аварлар жеңгеннен кейін, бұл жерлер қағанның қоластына көшуі тиіс деп, қатты сөйлеп шындықты жайып салады». Одан кейін император қатты ашуланып, елшінің сөзі оны қобалжытты да былайша жауап берді: «...бұл жерде император авар қағанның күшпен де, ақылмен де, батылдықыпен де оларды жеңе алмайды. Себебі оның жексұрын екенін бүкіл әлемге белгілі, ол келісімді тіпті құдайдың өзін жек көріп, тіпті оның атынан серт берді. Бірақ құдайға сенбеушілік оған ешқандай пайда әкелмейді. Оған жақында қыздарымның біреуін беремін (менде олар екеу), Сирмиді өз еркімен бере алмаймын, оған ешқашан рим державасынан ештеме бере алмаймын» деп, сөйлеп болғаннан кейін, жолдаушыларды қайтарып, қаланы шамасы келгенше қорғауға кіріседі. Ол әскер қолбасшыларын және әскер шенеуніктерін жинап, біреулерін Иллирия аймағы арқылы, қалғанын Долматия арқылы Сирмиді қорғауға жібереді.

Рим қолбасшысы Феогид, Каси және Карвонари аралдарына келісімен аварлардың татуласу ұсынысын қабылдайды. Менандрдың хабарлауынша Баян бұл жерге атпен келіп, аттан түскен. Оған арнап алтыннан жасалған таққа отырып, оның үстінен тастармен әшекейленген матадан шатыр құрылған. Оның күзетшілері, қағанның денесінің және бетінің алдынан қалқандарымен қорғап тұрған, себебі римдіктер аяқ астынан атып жібермесін деп ойламаған. Баян Феогидтен біраз алыстау жерге отырып, онымен сөйлеседі. Унндық аудармашылар бейбіт келісімді түсіндірді. Баян қаған римдіктер Сирмиді беруі тиіс деп дәлелдеуге тырысады. Жақын арада қалаға нан тасу тоқтатылады дей келе, қаған не үшін қаланы алуға тырысқанын шамалап айтады. Яғни, авар жауынгерлерінің, дәл осы қаланың маңы арқылы рим жеріне өте алмайды деген сияқты сылтауын айтады. Феогид аварлар шегінбейінше соғысты тоқтатпаймыз дейді. Сөйтіп екі жақ еш келісімге келе алмайды. Феогид ешқандай келісім жасамаймыз, шайқасты кейінге қалдырудың қажеті жоқ, сондықтан ертең бастаймыз деп кетіп қалады.

Сонымен Менандр бойынша бұл шайқас 581 жылы басталады дейді. Аварлар мен Римдер арасында шайқас үш күнге созылады. Далматиядағы көпір қозғалмасанда ешқандай рим әскері көрінбеді. Осы көпірде авар әскері және оның басшысы Апсих өзен жағалауында болғандықтан келесі көпірге барады. Баян күшіне тағы басқалар келіп қосылады. Сирмидегі Римдіктер аштықты басынан кешірді. Жейтін ештеме болмағандықтан жеркенішті заттармен тамақтануларына тура келеді. Сирмидің басшысы Саламон қаланы қорғауға ешқандай стратегиялық қабілеті болмады. Қала тұрғындары рим қолбасшыларын және Феогидтің әскері аз болды деп кемсітеді. Осы жағдайлар Тибериге жеткенде, ол былай деп хат жазып жібереді: “қала тұрғындары бір көйлектерін ғана алып қаладан шықсын қала аварларға берілсін деген”. Императордың бұл талабы орындалады. Сонымен қала

аварларға беріледі. Қаған сонымен қатар соңғы үш жылдың салығын төлеуін талап етеді. Себебі алдында аварлар рим жеріне шабуыл жасамау үшін төледіңдер. Сонымен римдіктер, әр жыл үшін – 80 мың алтын төлеуге тиіс болды. Жалпы осы жағдайларға байланысты Менандр Протектор, төмендегі мәліметті келтіреді: «Таким-то образом великий владетель Уннов наконец успокоился». (Яғни, осындай жағдайларға байланысты Ұлы унн иесі тынышталады дейді). Нибур бойынша бұл жерде Унн тайпаның аты емес (sibiуар) Одигар деген ғунн билеушісінің есімі дейді.

583 ж. мамырда Сирми қаласын алғаннан кейін жаугершілікті тоқтатады. Осы жылы авар қағаны Константинопольге елші жіберіп жыл сайынғы 80 мың алтынның үстінен 20 мың алтын төлеп тұрсын деп салықты көбейтеді. Император қағанның қойған талабынан бас тартады. Мұны естіген қаған, бірден әскерін жинастырып Сингидон қаласына шабуыл жасап 583 жылы жазда басып алады. Сингидон Сав өзенінің Дунайға құятын жерінде орналасқан, қазіргі Белград. Қаланы алар кезде аварлар мен империя арасында кескілескен шайқас болады, көптеген авар жауынгерлері қаза табады. Сол кездегі айту бойынша аварлар «Кадмова победа» (победы купленной дорогой ценой) яғни “ өте қымбатқа түскен жеңіс” деп баға берілген.

Авар қағаны рим иеліктерінің басқада қала-қамалдарын тонап, еш қиындықсыз жаулап алады. Айталық, Дунайдағы Огост өзенінің бойындағы қазіргі Болгария жеріндегі Август камалын алады және қазіргі Югославия жерінде орналасқан жоғарғы Мөзияның негізгі қалаларының бірі Виминакиді алады, содан кейін Қара теңіз жағалауындағы Анхил қаласын және маңайындағы ауылдарын тонаушылыққа ұшыратады. Баян қаған үлкен құрылыстарды, ыстық бұлақтары бар моншаларды қиратпаған. Себебі моншаларда қағанның әйелдері жуынған. Ф. Симокаттаның хабарлауынша бұл моншаларға минералды сулардың денсаулыққа пайдалылығын аварлар білген. Үш ай өткеннен кейін римдіктер қағанға елші жіберіп соғыстарын тоқтатуды сұрайды. Елшіні сенатор Эльпидия мен Коментиол басқарып келеді. Бұл екеуі де Анхилда орналасқан қағанға келіп, татуласуды сұрайды. Бірақ қаған одан әрі римдіктерді қорқытып үрейлендіре сөйлеп «Ұзын қабырғаға» шабуыл жасаймын деп сөзін қайтарады. Коментиол Рим еркіндігін сақтау үшін былай деп сөйлейді: «қаған туған құдайыңды достық үшін берген антыңды, ортақ нан мен тұзды құрметтейді деп римдіктер ойлайды, сен берген сөзінде тұрады деп сенді. Қандай да болмасын халықтар атақ-даңқ үшін күрессе де, ешкім римдіктер сияқты бостандық, ар-ұят, отан және балалар үшін күресе алмайды. Осы бүгінгі күнге дейін ылғи жеңіске жеткеніңе мақтанып кеуденді көтерме; әрине сені бәрі мақұлдайды. Бірақ сенің менмендігің жақсы мейірімді сөйлеу жолында, бірінші орында тұрмау керек. Істеген істеріңе байланысты кеуденді бостан бос көтерме, ол ақылсыз мақтанудың белгісі. Сен өзіңнің құдайыңды балағаттадың, берген антыңды бұздың, келісімдерден аттап кеттің, сөзінде тұрмадың. Саған берген алым-салық, сыйлықтардың бәрін ұмытып кеттің. Бізге тыныштық бер. Біз

ешқашанда сені ренжіткен жоқпыз ғой, сенімен көрші болғандығымыз, бізге бақытсыздықтан басқа ештеме әкелген жоқ. Бұл ромей жеріне рахымдылықпен қара, біздің ежелден тұрған жеріміз; сені қорғайтын қорғанысың болдық қой, сен қашып келе жатқанда біз емеспе паналатқан, сені келімсекті, бөтен жердің адамын өз иеліктеріне қоныстандырдық емеспе. Қонақ жай одағымызды бұзба. Егер саған ақша керек болса римдіктер саған ақшаны дайындап қойды. Рим халқы ақша бергенде, тарылмай кең пейілмен аямай береді. Сенің билігіңде жер бар, аз жер емес өте үлкен және кең, оны қоныстанатындар қысылып жер жетпей жатқан жоқ. Сен үшін жетіспейтін ештеме жоқ, өмірдің рахатын көріп, өз жерінде өмір сүрмейсің бе. Саған берген жерді де римдіктер сыйға тартпадыма, сол жеріңе бар да, иелігіңнен артық шықпа дейді». Коментиол сөйлеп болғаннан кейін авар қағаны қатты ашуланады, түрі де өзгеріп, көздері бақырайып, қастары жоғары қарай көтеріліп маңдайынан шығып кететіндей болып, түрі қорқынышты болып кетті, оның қараған қарасынан-ақ, елшілерді оңдыртпайтыны айтпаспа да көрініп тұрды. Коментиолға айтқан сөздері үшін үлкен қауіп төнді. Коментиолды тұтқындайды, оған шынжыр бұғау кигізеді, оның аяғын ағаштан жасалған тар кісенге сұқтыртады. Қаған елшінің шатырын бұзуды талап етті: жергілікті заң бойынша бұл өлім жазасына кесілетін деген мағынаны білдірді. Келесі күні қағанның ашуы тарқағаннан кейін аварлардың ішіндегі ең данышпандары қағанға келіп Коментиолды өлтірмей-ақ, осы тұтқындалғанымен тоқтатуды сұрайды. Қаған келісіп, оларға аяқ астынан өмірлерін сыйлап, барлық абырой даңқынан айырып императорға жібереді. Келесі жылы Эльпиди елші болып сайланып, авар қағанына жіберілді. Ол келісімен Қағанға жаңа бейбіт келісімдер және төленетін салық үстінен, басқа жиырма мың алтын төлеу үшін, елшілікпен бірге императорға баруын сұрайды. Қаған мақұлдап Эльпидимен бірге аварлардың бетке ұстар Таргитиды елші ретінде императорларға жібереді. Бұл екеуі императорға келіп, римдіктер сексен мың алтын үстінен, жыл сайын 20 мың алтын төлеп тұратын болып келіседі, егер төлемесе онда қайтадан соғыс басталады деді.

Жоғарыда айтылған екі көпірді де салуда Панонниялық славяндардың үлесі зор болды, себебі славяндар өзен мен теңіз жұмыстары бойынша маманы болатын. Көпірлер салу жөнінде нақты және толық мәліметті Иоанн Эфесский береді. Оның айтуы бойынша қағанның II Юстинге жіберген елшілігі жайында былай дейді: «...аварлар достық қатынас жасаған болып, императорға елші жібереді, елшілер патшаларының атынан сөйлеп, одан үй, сарай және монша салу үшін инженермен құрылысшыны жіберуін сұрағаны жайында айтылады...». Өзен бойына көпір салынғаннан кейін, Баян қаған славяндарға жорық жасау үшін Сав өзеніне көпір салу славяндардың салықты төлемегендіктен, олардың жерін шабуылға керек болды деп, сылтауды император Тивериге айтып, Византияның стратегиялық маңызы зор орталығы Сирми қаласын басып алады.

Сирми қаласын алғаннан кейін, Сингидон және Фессалоника сияқты Византия империясының маңызды қалаларына шабуылдар жасап, Шығыс Европадағы қарқынды жаугершілік соғыстарының барысында, авар қағанатының барлық әскери күшін паш етті [32,с.223].

Император Маврикий билігі тұсында (582-602 жж.) аварлар Фракиямен Иллириктің қалаларының ішіндегі ерекше көрікті Фессалоника қаласын алу үшін бірнеше-рет қоршауға алады.

Жазба деректер мен тарихи хроникалар бойынша шамамен 100 мың авар әскері Фессалоникаға 586 ж. дүйсенбі 23 қыркүйекте шабуылдарын бастаған. Дегенмен, аварлар дұрыс бағдар білмегендіктен түнде киелі Матрон қамалын қала екен деп шатастырып, сол жердің халқымен соғыста кідіріп қалады. Деректердің мәліметі бойынша бұл қуатты әскедің, бірінші күннен бастап кемшіліктері байқалды: азық-түліктің жетіспеушілігі; оның жекелеген контингенттарының арасында қарама-қайшылықтардың болуынан, славяндар қалалықтар жағына қашып кетеді. Варварлар қалаға теңіз жағынан кірмекші болады, ағаштан қайық жасап теңізге шығады, бірақ дауыл көтеріліп, оларды су алып кетеді. Аптаның соңында қаланы қоршаушылар арасында, тағыда ұрыс болып, олар бірін-бірі тонайды. Тағыда жаңадан келген славяндар қалалықтар жағына шығып кетеді. Жетінші күні аяқ астынан аварлар қаланы тастап кетеді деп сипаттап, аварлардың жаугершілігіне баға береді.

Деректер бойынша осы уақыттарда аварлар Фракияны және Дунай өңірін 583, 584, 587 жылдары тонаушылыққа ұшыратады. Император Маврикий билігінің тұсында, шамамен 587 жылы Византиялықтар парсылармен соғысып біткеннен кейін, әскери іс-қимылдарын Дунай аймағына жұмылдырады; шекара аймағындағы қорғаныс объектілерін қайта қалпына келтіре бастайды, өзеннің сол жақ жағалауындағы славяндарға қарсы жаугершілік экспедициялар ұйымдастырылады, бірақ осы кезеңдерде де аварлар Фракияны екі рет (592-600 жж.) тонаушылыққа ұшыратады және де 597 ж. Далмацияға шабуыл жасап, қырықтан астам қаланы басып алады.



Авар мен Бұлғар атты әскері

595 ж. Аварлар славяндар мен одақтаса отырып, бавар тайпаларымен сосын франктер мен де күресуге мәжбүр болады. Сонымен авар қағанатының ат тұяғы тіпті Батыс Европа қазіргі германия жеріне дейін жетіп, өзіне қаратқан. Дегенмен басып алған жердің тым көптігі, түрлі



халықтар мен этникалық топтарды басқару аварларға қиынға соғады. Нәтижесінде қағанат ішінде қақтығыстар орын алып, мемлекетті іштей күйзеліске ұшыратты. Онымен қоса 630 жылы жеңімпаз авар қағаны Баян қайтыс болады. Қаған қайтыс болысымен бйлік үшін тартыс басталады, тартыс негізінен таза аварлықтар мен болғар-кутригурлар арасында орын алады. Соңында соғысқа айналады. Соғыс барысында кутругурлар жеңіліп 631 ж. Панонниядан, Франктердің иеліктеріне қашады. Бастапқыда Франк королы Дагоберт кутругурлар тайпасына қоныстануға рұқсат береді, артынан келімсектер қауіпті болуы мүмкін деп, өлтіреді. Фредегордың мәлімдеуінше тоғыз мың кутругур мен болғарлардан жеті жүз адам ғана тірі қалған, олар бастапқыда Альцек княздықтарының басшылығымен қашады, ал одан кейін Италиядағы лангобардтарға қашып, ақыры Беневентин герцогтігінің аймағына қоныстанады. Павел Диаконның мәлімдеуінше, оның өмір сүрген уақытында (IX ғ.) болғар тайпалары латынша сөлейтін, бірақ өз тілдерінде білетін дейді.

VII ғ. Балқан жарты аралының шығысында орналасқан тайпалардың тағдыры, славян тарихында ерекше орын алады.

Авар қағаны дүние салғаннан кейін, ішкі тартыс және Само бастаған славян тайпаларының үлкен көтерілісі, болғар патшалығының құрылуына байланысты, Авар қағанаты әлсірей бастайды.

VII ғ. аяғында славяндар жеріне Аспарух хан бастаған «протоболғар» ордасы ене бастайды. Олар славяндардың тайпалық одағын (жеті тайпа одағын) өздеріне бағындырып, Византиямен келісім шарт жасасып, 681ж. шығыс Рим империясы болғар тәуелсіздігін мойындап, шекарасын анықтап береді. Болғар патшалығы славян жерінде бірнеше жүз жылдар бойы тәуелсіздігін сақтаған, алғашқы орталықтанған мемлекеттік құрылым болды. Әрине жеңілістен кейін барлық авар болғарларын қашты деуге болмайды, олардың көбі өз орында қалса керек. Себебі, VII ғ. 70 ж. Авар қағанатына бағынышты болғарлық Кубер көтеріліске шыққан. Ол қалың қолымен Битол маңындағы Керамисий даласына жетіп, Солунью қаласын алмақшы болады. VII ғ. ортасында аварларды солтүстік Қара теңіздің жағасынан ығыстырады. 680 ж. Дунайда Болғар патшалығының құрылуына байланысты, Панонния территориясына биліктері шектеледі.

Аварлар өздеріне бағынатын, славян тайпаларына жер өңдеп, егін еккізген, одан түскен өнімді аварларға берген. Қосымша аңшылықпен, балық аулаумен шұғылданған.

Панонния жеріне орналасқаннан кейін Баян қаған Батыс елін билеп төстейтін орталық бекінісін салдырған. Осы орталық бекініс арқылы екі жүз елу жыл бойы бүкіл Шығыс Европаның байлығын жинастырған. Кейін Ұлы Карлдың территориясын кеңейту мақсатында жүргізген соғыстарында, бұл орталық тонаушылыққа ұшырап, қағанаттың құлауына әкелеген.

Дәлірек айтқанда 796 жылы Ұлы Франк корольдігінің Фриульский Марк графы Эрик, славян жеріне және Паноннияға авар хрингісін басып алу үшін өзінің әскерін жібереді.

Эйнгард “Ұлы Карлдың өмірі” атты еңбегінде авар орталығы болған «Хринг» атты қамалдың тоналуы жайында мәліметтер келтіреді: “Ғұндардың барлық ақсүйектері, осы соғыста қаза табады, барлық атақ даңқтан аварлар айырылады [38,с.223]. Жылдар бойы жиналған барлық ақша, қымбат заттар, бұйымдардың барлығынан айырылады. Тіпті адам ескерткіші де сақталмады, франктер бұрын соңды соғыстарда осындай байлықты көрмеген еді. Осы уақытқа дейін франктер өте кедей болатын, бірақ енді олар хрингтен өте көп алтын мен күмісті және ұрыстар барысында көптеген бағалы, қымбат заттарды қолына түсіреді. Шындығын айтқанда аварлар басқа халықтардан әділетсіз жолмен тартып алғанын, франктер аварлардан әділетті жолмен тартып алды” дейп өзінше баға берген. Сонымен Хринг қиратылып, бүкіл авар жері тонаушылыққа ұшырайды. Стефан Лебек зерттеу жұмысында былай дейді: “ жаугершілік барысында Франктер өте үлкен он бес арбадан тұратын олжаны өз елдеріне алып кетті, осы уақатқа дейін франктер кедей еді, енді олар байлыққа кемелденді дейді. Ұлы Карл Баварияның тәуелсіздігінен айырып, Германияға өзінің жасақтарын сайлайды.

Сен – Галлендік монах XI ғасырдың ортасында өмір сүріп “О деяниях императора Карла” атты еңбегін жазған. Онда аварлардың “Хринг” атты бекінісі жөнінде бірқатар тың мәліметтерді береді. Жалпы орта ғасырлық кей деректерде “Ринг” деп те айтылады. “Хринг” жүйесі аварлардың басқа халықтарды билеп төстеудің негізгі сүйеуші орталығы болды. Ринг (“шеңбер”) – қағанның қамалы, бекінісі немесе астанасы деп те айтуға болады. Хринг жүйесі Франк пен Славяндардың бірлесіп жасаған жорықтардан кейін жойылады. Негізінен Сен-Галленский Ұлы Карлмен славяндардың, аварларға қарсы біріккен жорықтарына қатысқан Адальберттің айтуларына сүйеніп жазады. Яғни онда былай делінеді: “Адальберт айтты Ғұн жері тоғыз шеңбермен қоршалған, тоғыз дуалмен бекітілген, әр шеңбер өте кең, шамамен Цюрих пен Констанцқа дейінгі жердей көлемді алып жатқан. Шеңбердің дуалдарын (қабырғасын) емен, қарағай, шамшат, ағаштарынан тұрғызды, ана шеті мен мына шетінің ені 20 фут болған және биіктігіде сондай мөлшерде: ортасы кесек тастармен және саз балшықтармен толтырылған: ал дуалдың үстінгі қабаты түгелдей шыммен жабылған”. Дуалдың маңайына бұталар өсірген. Бекіністердің ішінде, адам дауысы жететіндей қашықтықта бөлек аулалар мен ауылдар орналасқан. Бұл құрылысқа қарсы, дуалдарда өте үлкен емес қақпалары болған: бұл қақпада қорғаныстың жақын және алыс тұратын тұрғындарын тонауға шығатын болған. Екінші шеңберде, дәл осы бірінші сияқты салынатын болған, ені үшінші шеңберге дейін созылған, германдықтарша - 20, италиянша – 40 миль болған, тоғыз шеңберде осылайша болған, бірақ шеңбер өзі ішіне қарай тарыла берген. Бір шеңбермен келесі шеңбер арасындағы қоныспен тұрақтар жан-жағынан белгі естілетін жерде орналасты [35,с.459]. Ғұндар осы қорғандарында, екі жүз жыл тіпті оданда артық жылдар бойы, батыстың қазыналарын тасыды. Гот тайпалары мен славян тайпалары тыныштық пен бейбітшілікті бұзғаннан кейін, батыс

дүниесі тіпті, толығымен тоналды. Мәліметтер бойынша Хринг немесе Ринг қағанның резиденциясы болған.

**Сұрақтар:**

1. Панонния атты аймақ қазіргі қай жерлер.
2. Авар қағаны Баян Паноннияны алу үшін кіммен одақтасты?
3. Паноннияға Баян не үшін құштар болды?
4. «Хринг» дегенімі не?

## III бөлім

---

### VIII ғ. АВАР ҮСТЕМДІГІНІҢ САЯСИ ӘЛСІРЕУ КЕЗЕҢІ

#### **9-тақырып. Ұлы Карл бастаған Франк империясының аварларға қарсы соғыстары, қағанаттың құлауы**

VIII ғ. Еуропаның батысында өте үлкен Ұлы оқиғалардың бірі – Франк империясының қалыптасуы болды. Қантөгіс соғыстардың нәтижесінде Франктер Рейн мен Эльбаның арасындағы герман тайпаларын бағындырып, бетпе – бет аварлармен кездеседі.

Тікелей авар – франк қатынастарына тоқталмас бұрын, франктердің Ұлы Карлдың тарихына көз жүгіртуді жөн көрдік. Ұлы Карлдың жүргізген саясаты, Византиямен қатынасы т.б. сияқты мәселелерге ертеден медевистер қызығушылық танытқан.

Латындық деректерін талдай отырып, ертекаролингтік қоғамның Византиямен қарым – қатынастарының халықаралық саясаттағы рөлін байқауға болады.

Карлдың әкесі Пипин нақты франк болды. Ол өзінің әкесі және де басқа Меровингтік карольдер сияқты, өлер алдында 754 жылы өзінің иелігін екі ұлына мұрагерлікке бөліп береді. Пипин, 18 жасар кіші баласы Карломанға, сыртқы шағын, әртүрлі халықтан тұратын, Суассоннан Марселге және Тулузден Базелге дейінгі территорияны бөліп берген. Ал үлкен баласы Карлге (сол кезде 21 жаста болатын) ауқымды, ай тәріздес келетін иелік, атлантикалық Аквитанидан Тюрингияға, Нейстридің және Австрияның үлкен бөлігі, Фризиядан Франканияға дейінгі жерді иеленді. Карлдің резиденциясы Нуайон, ал Карломандікі – Суассон болды.

Пипин өлгеннен кейін үлкен баласы Ұлы Карл деген атпен тарихта қалады, ол өзінің інісінен ерекшеленіп тұрды және оның мұрагерлікке иеленген теңізбен ұштасқан жері де тиімді болды. Бірақ ағайындылар арасында татулық болмады, олардың шешелері Берта да ымыраға келтіруге тырысада, ештеме шықпайды. 769 жылы оңтүстік – батыста Гукальд байлықты бөліскен мұрагерлерге қарсы шығып, батыстық Аквитан және т.б. көтеріліске үгіттейді. Карломан көтеріліске барып басудан бас тартады, сондықтан Карл жалғыз баруға тиіс болады. Карл үлкен пайда түсіреді, ол тек Бавар герцогі Тассилонмен жақындасып қана қоймай, Дидьянің қызына үйленіп, өзінің заңды некесін жариялайды.

Сонымен ағайындылар арасында текетірес күннен күнге күшейе түседі. 771 жылы желтоқсан айында Карломан қайтыс болады. Осындай жағдайлардан кейін Карл қарамағына інісінің иелігін және оның ықпалды қызметшілерін қосып алады. Тіпті Карломанның әйелі Герберг пен оның 770 жылы туылған баласы Пипин, Дидьені паналайды.



Ұлы Карл, Батыс императоры (Франкфурте орналасқан мүсін).jpg

Сонымен Карл барлық байлықтың жалғыз мұрагері болғаннан кейін сыртқы саясатты яғни территорияны кеңейтуді қолға алады. Франктер мүмкіншілік болған жерлерді иемденіп, жергілікті тұрғындармен некелік қатынасқа түсіп, шіркеулердің негізін қалыптастырды. Ендігі кезекте аварлар мен франктер арасында қақтығыстардың алғы шартына тоқталсақ, ол ең алдымен Византия арасындағы дипломатиялық қатынастармен байланысты. Менандрдың мәлімдеуі бойынша шамамен 561 жылы римдіктермен франктер арасында татулық орнаған.

562 жылы II Юстин таққа келісімен аварлармен барлық қатынасты үзіп, салық төлеуден бастартақан. Екі жақты келісім шарт жалғаспағандықтан авар қағаны Баян империяның одағы болып саналатын франктер жеріне шабуыл жасайды.

Франк королі Хлотар өлгеннен кейін ғұндар Галлияға басып кіреді, Р. Латуштың және Г. Турскийдің айтуынша “ғұн” деп айтылғанымен, мәселе аварлар жөнінде деп айта келіп, бұл халық Орал-Алтайдан келген олар Дунай өлкесіне келіп қоныстанып, Дунайдан Тюрингияға дейінгі аралықтағы территорияға шапқыншылық жасап отырған деп алдыңғы тарихына көз жүгіртеді.

Г.Турскийдің «История франков» атты еңбегі авар-франк арасындағы қатынасты толық сипаттайды. 561 жылы франктердің әскер басшысы

Сигиберт жауынгерлерімен авар шапқыншылығына қарсы шығып, жеңіліп қудалаушылыққа ұшырайды. Бірақ көп ұзамай авар қағаны елші жіберудің нәтижесінде, франктермен одақтасады. Сонымен аварлар мен Франктер арасында одақ құрылып, татуласып, бейбітшіліктері нығайғаннан кейін, Баян Франк князі Сигибертке авар жауынгерлері отаршылыққа ұшырағаны жайында хабар айтып жеткізеді де, Сигиберт мемлекеттің басшысы және одақтасы ретінде қағанатқа көмектесуі тиіс деп бұйырады. Менандрдың мәліметі бойынша Қаған Сигибертке былай деген: “егер әскерді қажетті жабдықтармен қамтамасыз етсең, мен бұл жерден үш күн ішінде кетемін” деген. Сигиберт Баянның жарлығын ести сала «аварларға ұн, жеміс, қой және өгіз т.б. азық – түлік пен қамтамасыз еткен» [35,с.225].

Сигиберт ғұндармен араласып жатқанда, франк мемлекетінің өз ішінде тартыстар орын алған. Оның куәсі ретінде Сигиберттің ағасы Хильперик Реймсті және бауырының қоластындағы қалаларын өзіне қаратып алады. Осы жағдайларға байланысты ағайындылар арасында соғыс басталады. Сигиберт қайтып оралып Суассон қаласын қоршауға алып, онда орналасқан корольдің баласы Теодобертті тұтқындап, күзетші қояды. Содан ол Хильперикке қарсы, соғысқа шығады. Оны жеңіп және қудалаушылыққа ұшыратып Сигиберт өзінің және Хилперик пен Теодоберттің қалаларын заңды түрде иеленіп, билейді. Ол Теодобертті Пантион вилласында бір жылға сыртынан күзетіп тұруға бұйрық береді. Сигиберт мейірімді жан болғандықтан, Теодобертті босатып, аман – есен әкесіне қайтарып, сыйлықтар береді, бірақ алдынала Сигибертке қарсы шықпаймын деген сертін алады. Бірақ Теодоберт сертін бұзған.

Көп ұзамай 566 жылы ғұндар (яғни, аварлар) екінші рет Галлия территориясына басқыншылық соғыстарын бастайды. Оларға қарсы Сигиберт көптеген ержүрек франк жауынгерлерін шығарады. Бұл шайқаста Г. Турскийдің мәліметі бойынша авар әскері түрлі сиқырлы өнерлерін көрсетіп жеңіске жетеді. Бұл жерде Г. Турскийдің сиқырлы өнер деп отырғаны, авар жауынгерлерінің соғыс өнерін жетік меңгеріп, Франктерден анағұрлым басымдылығын айтқысы келген шығар. Сонымен соғыста аварлар франктерді қудалаушылыққа ұшыратып, Сигиберттің өзін тұтқынға алған. Сигиберт тұтқыннан босатылмағандықтан, өзінің қулық әрекетімен қағанды сатып алмақшы болып, сыйлықтар береді және оған қағанның иелігінде яғни тәуелді тайпалар арасында христиан дінін таратпауға шек қоятынын және ол өзінің мұрагері Дагоберді авар қаншайымы Рахилаға үйлендіруі жайында ұсыныс жасайды. Сонымен франктер мен авар қағанатының арасында одақтасып, қыздарымен ұлдарын некелестіреді. Жас жұбайларға жер үлесі ретінде, теңіз жағалауындағы қалашықты франктер сыйға тартады, көп ұзамай бұл қала Ла Рошель деп аталып, кейін ортағасырлық Францияның эретиктік қозғалыстардың орталығына айналады.

Сонымен Сигиберт қағанға көптеген сыйлықтар беріп екі жақ ешқашанда соғыспаймыз деп ант беріп, келісім шарт жасасады. Авар қағаны да франктерге сыйлықтар беріп серт берген.

593 жылы Рим императорына Франктерден елші келеді. Елшілікті Бос пен Бетт басшылыққа алып келді. Оларды Франк корольі Теодорих II-ші жіберген болатын. Елшілік аварларға қарсы одақтасу үшін келген. Одан кейінгі елшілік 630 жылы Дагобердтің Византия императоры Ираклий арасындағы “Мәңгілік бейбіт” (Вечный мир) жөнінде уәде береді, корольдіктер арасындағы жанжал көбінесе Европаның солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтары үшін болды. Бұл аймақтарға қызығушылықты Дагоберд танытты және тиімді жағдайлар жасай бастады. Осы өлкеде әртүрлі байланыстар жасап, франктік жерлер батысқа күннен күнге көп ашыла бастады. Оларға батыстық көпестер мен құл сатушылар жиі келе бастайды. Солардың бірі Само болды. Само шығу тегі жағынан франктік болды. Само VI ғасырдан бастап батыстық славяндар мен аварлар арасындағы күреске белсене қатыса бастайды. Франк деректерінде славяндарды венедтер деп айтады. Славяндармен аварлар арасындағы күресте, славяндар жеңіп, шамамен 625 жылы Самоны корольдері етіп сайлайды.

Фредегердің мәліметі бойынша, шамамен бес жыл уақыт өткеннен кейін, франк көпестерінің керуендерінің бірі, славян жерінен өтіп бара жатқанда венедтер шабуыл жасап, бәрін өлтірген. Көпестер Само жағынан ешқандай қамқоршылық көрмегендіктен, Дагоберд оған елші жіберген, байланыстар ешқандай нәтижелер бермегендіктен, ол славяндарға соғыс ашпақшы болған. Дагобердтің әскерінің құрамында, австразиялықтардан басқа олемандар (франк корольіне салық төлеушілер болатын), солтүстік Италияның лангобардтары болған. Осы кездері венедтер шапқыншылықтарын күшейтіп, жиілей түседі, соңғы бірнеше онжылдықтар бойы сакстердан алым алып, Франк мемлекетінің шығыс шекара аймағын күзетуге қойған, Дагоберд славяндарды сакстер сияқты салық төлеуін талап ете бастайды.

Жалпы франктердің сыртқы саясатына қатысты іс шараларды, әрі қарай жалғастырушы Карл болды. Осы Саксонияны бағындырудың нәтижесінде, Карл батыс славян тайпаларымен бетпе-бет кездеседі. Вильц, Серб және Чех тайпаларына шапқыншылық жасаудың әсерінен, славян тайпалары Карлге салық төлеп, шекараны қорғайтын жауынгерлер дайындап беруге тиісті болды.

Карл өзінің мемлекетінің шекара аймақтарына франк маркаларына қорғаныстар сала бастайды, дегенмен Карл өзінің мемлекетінің құрамына славян территорияларын қоспаған.

VIII ғасырларда Балқан түбегінде, Авар қағанатының әлсіреуіне байланысты, ірі өзгерістер орын алады. 745 жылы Корантан славяндары аварлардың ығыстыруына қарсы күресу үшін франк корольінің вассалы Баварияның герцогінен көмек сұрап, ақырында франктерге тәуелді болып қалады. Бұл жағдайлар тек Каронтан князьдігін жойып қана қоймай, сонымен қатар Балқанның солтүстік-батыс аймағына франктердің енуін жеңілдетті. 788 жылы Ұлы Карлдың қарамағына сонымен қатар бұрын Византияның билігін мойындайтын, Истр аймағы мен кейбір Долмат қалалары көшеді. Мүмкін осы уақыттарда басқа да славян князьдіктері (қазіргі Хорват

территориясы мен оның көршілес аймағындағылар) Авар қағанатынан бөлініп кетсе керек. Сонымен Балқанның солтүстік-батыс аймағында және түбекте, толығымен франктерге тәуелді славяндар арасында интенсивті түрде христиандалу процесі жүреді.

Енді Ұлы Карлдың аварларға қарсы соғыстары мен мұрагерлері жайында тоқталатын болсақ. Ұлы Карл 814 жылы 28 қаңтарда дүние салады. Оның өмірі мен қызметі жайында Эйнгард жазбаларында былай дейді, Ұлы Карл (814 жылы 28 қаңтарда) өлгеннен кейін бірден Ахена атты сарай шіркеуінде жерленеді деп келесі мәтінді келтіреді: «мына тастың астында Карлдың денесі жатыр, ол Франк корольдігінің территориясын анағұрлым кеңейткен, жетпіс жыл бақытты өмір сүрген Ұлы император». Эйнгард сөзін жалғастыра келе, Людовик Карлдың баласы және оның мұрагері, ол әкесі өлісімен оның артынан қалған өсиеттерінің бөлімдерінің бәрін мұқият уақытында орындауға тырысты.

Деректерді мәліметтер бойынша Ұлы Карл өзі тірі кезінде, 806 жылы ақпанда үш баласына мемлекетті бөліске салып, корольдіктерге бөліп бермекші болғанын жариялаған. Ол бойынша: Людовикке – Активания мен Бургундия. Пипинге – Дунайдың оңтүстігі және Италия мен Германия. Карлге – Дунайдың солтүстігі, Нистрия мен Германия.

Аймақтарға бөлу құжаттарында, император балаларының өмірі жайында мәліметтер келтірмейді. Карлдың өмірінің соңына қарай, екі баласының мерзімсіз дүние салуының нәтижесінде, бір баласы ғана мұрагерлікті иемденіп, империяның тұтастығын, атақ даңқын сақтап қалды. Карлдың билігінің соңына қарай, франк корольдігіне жаңа дұшпандары пайда болып – викингтер қауіп төндіреді.

Жылнамаларда империя ішінде бірнеше толқуларды келтіреді, айталық Пипин қортық, 792 жылы қарсылығының соңы, графтыққа алып келеді. Ұлы Карл франк қоғамының тарихында тепе-теңдікті сақтап қалды: оның атақ даңқы мен жеке меншік байлығы Мировингтерді билеуге мүмкіндік туғызды, бірақ соңында оның мұрагерлері билікті бөліске салады. Сонымен Ұлы Карл өзінің артынан тек бір мұрагер қалдырды. 813 жылы 11 қыркүйекте «Людовик император болып, әкесі бүкіл франк халқының алдында, Ахенада (тіпті папаның қатысынсыз) ресми түрде жариялаған».

Сонымен VIII ғасырлардың соңына қарайғы кездегі, жоғарыда келтірген франктердің сыртқы саясатындағы жаугершілік соғыстарын жалғастыратын болсақ, славян тайпаларының көмегімен Ұлы Карл аварларға шабуыл жасауға бел буады. Аварлардың шексіз жаугершілігін тоқтату үшін, Ұлы Карл қолбасшыларына бұйрық беріп, 790 жылы франк рыцарлары Дунайдағы авар лагерлеріне күйрете соққы береді.





Ұлы Карл және Аварлар.jpg

Айта келе VIII ғасырдың аяғында Авар қағанатына Ұлы Карл шабуыл жасайды. 791 жылы аварларға күйрете соққы беріп, қиратады: бес жылдан кейін Эрик Фриул олардың негізгі лагеріне шабуыл жасап, көп олжа түсіреді. Аварларға франк корольдігінің шабуылы жайында (Франк корольінің жылнамаларынан) құнды мәліметтер алуға болады. “Бұл аннал – Ұлы Карлдың ауласында құрастырылған ресми құжат. Мұнда славяндар мен аварлардың соңғы күрестері және аварлардың күйреуі жайында құнды мәліметтер береді”.

Сонымен 796 жылы Фриульский Марк графы Эрик, Карлдың жоспары бойынша Панонниядағы авар иеліктеріне басып алу үшін үлкен жорықтарын бастайды. Осы соғыста франкет авар қағанатының астанасы «Хринг» атты бекінісін басып алып, тонайды.

Франктерден жеңілу мен қатар авар ордаларына VIII ғасырдың аяғында христиан дінін тарата бастайды, мәліметтер бойынша оны бастаған Тудун есімді адам болды, кейін оны аварлар өлтірген. Аварлар жеріне христиан діні таратылып, шіркеулер салына бастайды. Көптеген шаруалар епископ пен аббаттарға, тәуелді болып, салық төлеуге міндетті болды.

Аварлар жаңа қаған сайлап, Карлдың баласы Пипично Италийский мен соғыс бастайды. Соғыста аварларды күйретіп Дунайға дейін қуып тастайды. Франк корольдігінің аналы бойынша, 805 жылы ұзақ уақыт өтпей Ғұн қағаны өз халқының қажеттілігіне байланысты, императордың алдына келіп, Сабария мен Карнунтумның арасынан қоныстануға жер беруін сұрайды. (Сабарие деген қазіргі Самбатхей, Карнунтум-қазіргі Петронелль). Жер сұрауының себебі, славяндармен дұшпандасуына байланысты, бұрынғы жерде қала алмайтындықтарын білдірген, бірақ қағанның аты аталмайды.

Аварлардың бір бөлігі соққыға ұшырады, ал екінші бөлігі Тисс өзенінің бойында 809 жылға дейін, саяси жағынан болғарлар күшейгенше тұрды.

Франктердің қол астында болса да, аварларды өздерінің қағандары басқарды. Авар қағандарын Франктің марграфы Марк Панонский және Фриуськ басқарып отырды. Алғаш маркграф Герольд Баварский (799 жылға дейін) болды. Соңғы маркграфтықты Эрибо басқарып, ол басшылықта екі мәрте сайланған (876 жылы және 882-887 жылдарда). Кейін маркграфтықты венгрлер жояды.

Әрі қарай, Европада қалған аварлар жергілікті халықпен араласып, сіңіп кетеді.

Сонымен алып ғұн тайпалық одағының қайта жаңғырығы “авар одағының” мемлекет қарсаңындағы тарихы осылайша аяқталады.

Авар қағанатының үлкен жетістіктерге жетіп, бірнеше тайпаларды бағындыруына, VI-VII ғасырларда Византия империясының негізгі жауының болуына авар тайпасын ұйымдастырып басшылық еткен Баян Тері болды. Авар қолбасшысы Баян Терінің тарихта орны ерекше. Оны Шыңғыс хан, Темір және Аттила сияқты ұлы қолбасшы хандармен салыстыруға болады. Византия авторлары Баян қаған, империяның негізгі дұшпаны болғандықтан, мынадай кері баға берген: «Баян сараң, ылғи да пайда көріп қалу мен байлыққа тырысты». VI ғасырдың 560 жылы авар қағаны құрылып, қаған ретінде Баянды сайлаған. (Баян қаған 630 жылы қайтыс болған). Баян қаған өлгеннен кейін, алдында айтып кеткендей империя ішінде, билік үшін тартыс басталған және Само бастаған славян тайпаларының үлкен көтерілісі болады және болғар патшалығының құрылуына байланысты, Авар қағандығы әлсірей бастайды. Авар қағанаты ыдырығаннан кейін, орнына Хазар патшалығы тарихи сахнада белес ала бастайды.

Сонымен Авар қағанатының франктермен соғысы және қағанаттың құлауы атты бөлімді қорытындылайтын болсақ, ең алдымен қағанаттың франктермен Сигиберт патша тұсындағы алғашқы қатынастарын ашып көрсеттік. Сонымен қатар Сигиберт пен Баян қаған арасындағы келсім шарт негізінде одақ құрылып, құда болып Баянның қызы Рахиланы Сигиберттің басласына күйеге берген. Рахиланың қалың мал ретінде теңіз жағасындағы қамалды сыйға тартқан. Бұл қала Ла Рошель деп аталып, кейін ортағасырлық Францияның эретиктік қозғалыстардың орталығына айналаған орталықтардың бірі ретінде танымал болды.

Авар қағанатының құлауын, феодалдық мемлекет қарсаңындағы соңғы сәттерін ашу үшін, франктермен болған соғыстарына тоқталдық. Авар қағаны мен франк корольдігінің арасындағы соғыстары қарастырылды. Жазба деректерде берілген мағлұматтар бойынша Ұлы Карлдың шешесі Берта шығу тегі жағынан аварлық болған екен. Бәлкім Ұлы Карл аварлармен туыстық қатынасын біліп, олардың байлығының мұрагері болуым керек деп ойлаған шығар. Франк империясы Ұлы Карл тұсында біршама тиімді сыртқы саясаттар жүргізіп, көптеген елді мекендерді жаулап алады. Осы жаугершілік ішінде Авар қағанатына шабуылдар ұйымдастырылады. Авар қағанаттың ішінде ауыз бірліктің болмауының және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күйзелісті басынан кешіріп жатқанда, 791 жылы

Ұлы Карл Дунай өңірінде орналасқан авар ордасына шабуыл жасап, үлкен соққыға ұшыратады. Бес жыл өткеннен кейін, қағанаттың орталығы “Хринг жүйесіне” шабуыл жасап, мол олжаға ие болады. “Хринг” Авар қағанатының билеп, басқарушы орталығы болған. Авар қағанатының астанасы. Франк жылнамашыларының еңбектерінен, авар жері тоғыз шеңбер (дуалмен) қоршалған деп, тіпті осы шеңберлердің ара қашықтықтарын, тұрғындардың қоныстануын айдан анық айқындайды. Осындай үлкен мәдени ескерткіштерді, рухани құндылықтарды франк корольдері жермен жексен жасап, авар қағанатын тарих сахнасынан кетіреді. VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басында аварлықтар Ұлы Карлдың баласы Пипинге қарсы көтеріліске шығып, жеңілістерге ұшырайды. Сонымен тәуелді болған аварлар франктердің маркграфтығына айналып, IX ғ. басына дейін өмір сүреді. Бұдан кейінгі тарихта Авар қағанаты кездеспейді. Яғни Авар қағанатын құрушылар жергілікті халықпен араласып кетеді.

### **Сұрақтар:**

1. Авар-франк қатынасының алғашқы шиеленісуі қашан болды ?
2. «Ла Рошель» атты қамалды Сигиберт не үшін Баянның қызы Рахилаға сыйға тартты?
3. Авар қағанатын құлау себептерін анықтаңыз?
4. Ұлы Карлдың аварларға соғыс ашуының себебі неде деп ойлайсыз ?

### **10-тақырып. Аварлардың әскери өнері мен мәдениеті**

Б.з. VI-VIII ғғ. Шығыс Еуропа жазығына қоныс аударып, өздерінің мемлекеттілігін құрған авар этникалық құрылымы жағынан түркі тілдес тайпалық бірлестік болғандықтан әскери құрылымы, соғыс жүргізу әдісі, тіпті болмысы сақ пен ғұндық дәстүрді дәріптеген.

Авар қағанатының соғыс жүргізу тактикалары мен әскери өнері өзалдына тың зерттеуді талап ететін күрделі мәселе. Себебі, жоғарыда айтқандай аварлар түркі дәстүрін Батыс Еуропада сақ пен ғұндардан кейінгі әскери құрылым ретінде қайта жаңғыртушылар болып, қару жарақта бірқатар тың жаңалықтарды ашты.

Қазақ халқы түркі тілдес халықтардың бір тармағын құрайды, яғни VI-VIII ғғ. авар тарихын зерттеу арқылы, қазақ халқының арғы тарихын, жалпы түркі әлемі, көшпенділердің тарихын қарастыру болып табылады. Авар тарихын қарастыра отырып, Орта Азия мен Еуропаны мекендеген түркі тілдес тайпалардың арасындағы қарым-қатынастары мен саяси жағдайларына шолу жасау арқылы, Еуропадағы түркілердің тарихына айтарлықтай толықтыру болмақ. VI-VIII ғғ. Авар қағанаты Шығыс пен Батысты өркениетті тұрғыдан байланыстырушы көпір болды.

«Аварлардың атты әскерінің Европалық әскери өнерге ықпалы» деген

сұраққа жауап іздейтін болсақ.

Еуропа даласында екі жүз жылдан аса уақыт үстемдік құрушы Авар қоғамын жасаушылардың мықты қаруланған әскері мен соғыс тактикасындағы асқан шеберлігі жөнінде, Византия жазба деректері талай жазған болатын. Себебі авар ордасы Шығыс Еуропа жеріне орнығып, Византия империясымен қатынасқа түскен. Стратегикон және тағы басқа жазба деректер бойынша авардың мықты қаруланған сатты атты әскеріне сол заманда тең келетіндей европадей мемлекет болмады деген. Тек, император II Юстиннің билігінен бастап аварларды жеңу үшін, аварлардай қаруланып тактикасын тиімді пайдалану керек деп, авар басқыншылығына тойтарыс бере бастаған. Император Тиверидің билігінде Менандрдың жазба материалдары бойынша авар көсемдерінің балаларын кепілдікке алып, келісімге келген дейді, яғни қағанаттың әскери көсемдерінің балаларын болашақ билікке келуші ұрпақ деп, оларға империяның мүддесінде тәлім-тәрбие беріп, оқытқан.

Авар қағанатының соғыс пен саяси аренада үлкен жетістікке қолжеткізуіне басты себеп мықты қаруланған атты әскер мен тиімді соғыс тактикасын жүргізуі, ұлы жеңістерге жеткізді. Жемісті жаугершілік соғыстардың барысында аварлар Византия империясы сияқты алпауыт мемлекеттермен терезесі-тең саяси қарым-қатынас жасауға мүмкіншілік алды. Бұл жағдайлар авар қағанатының саяси беделі мен абыройын асқақтатты.

Аварлардың соғыс жүргізу тактикасы сақтардың тактикасына өте ұқсас, жауынан қашып жүріп соғысу, шегінгендей болып артынан садақтан оқ жаудырығаннан кейін, ауыр қаруланған атты әскерін соғысқа шығарып жаудың шебін бұзған. Бұл соғыс жүргізу тактиканың тиімділігі жау аварлардың жақын соғыстан қашуы, әскери әлсіздігінің нәтижесінде үнемі шегініп отырады деген жалған ой тудырып, жаудың босансуына, қарсыласын бағалай алмауына алып келген. Осы тактиканы византиялықтар өте тиімді әдіс деп кезінде бағалаған. Яғни аварлардың садақ пен жебемен жеңіл қаруланған атты әскері қашып жүріп шегіну әдісін пайдалана жүріп соғысуы, жаудың шаршауына алып келген. Аварлардың соғыс өнерінде үлкен ревалюциялық жаңалығы: тімірден құйылған үзеңгі мен жүген, авар жауынгерін аттың үстіне шегелеп отырғызғандай мықты және жылдамдықты артуына үлкен себепкер болған. Жеңіл қаруланған садақшы атты әскерден кейін, ауыр қаруланған сауыт жамылған атты әскер жаудың шебін бұзып, талқандаған. Яғни, аварлардың жақын соғыстан қашып жүріп соғысу тактикасы сақ заманынан қалған мұра. Еуропада мемлекеттігін құрған аварлардың сақ пен ғұндардың тікелей ұрпақтары, түрік екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

№-1



Алтыннан құйылған ат

әбзелдері.

ҮІ-ҮІІІ ғғ. Авар қағанатының әскері сак, ғұн, түріктік салт-дәстүрін жалғастыра отырып ерте ортағасырлық еуропалық өркениетпен ықпалдасты.

Авар қағанатын жасаушылардың Еуразия құрлығының Азия бөлігінен Еуропа аймағына көшіп-қонуы, солтүстік Қара теңіз аймағындағы тепе-теңдікті бұзып, Батыс Еуразия аймағындағы халықтардың өміріне жаңа кезеңді бастап берді. Әсіресе, аварлардың келуімен ант тайпаларының өмір сүруіне қауіптер төніп, нәтижесінде бұл бірлестікті Бессарабия аймағында талқандалып, тәуелсіздігінен айырылады. Бұдан кейінгі Аварлардың жасаған шапқыншылық соғыстарының барлығына анттар қатысып отырған. Авар қағанатының құрамында саны жағынан славяндар басым болатын. Себебі, славян тайпаларын аварлар 558 жылы жаулап алғаннан бастап барлық әскери әрекеттердің бәрінде дерлік қатысып отырған.

Славян тайпаларының құқысыздығы жайында, қағанның ең алдымен тұтқындалған аварларды босатуға тырысқанынан көруге болады. Бұл тайпалар ағаш шебері болғандықтан қағанаттың әскерін, қайықпен “моноксил” немесе “однодеревки” деп аталатын жеңіл және ауыр соғыс кемелерімен қамтамасыз етіп отырған (ауыр кемелер 20-40 жауынгер көтеретін). Славяндар арқылы қаған өзінің әскерін әсіресе жаяу жасағын нығайтқан. Славян тайпалары ежелден саз-балшықты климоты қолайсыз аймақта қоныстанғандықтан, сондай аймақта соғыс жүргізудің өзіндік әрекеттерін меңгергендіктен, оларды аварлар жаяу әскерде тиімді пайдаланған. 600 жылы Тис өзеннің маңында Византия және авар арасындағы кезекті шайқастың бірінде, соғыс тұтқындарына қатысты негізгі этникалық контингентпен аварлардың қатынасын жобалауға болады; соғыс барысында ромейліктердің әскери күшінің басым түсуіне орай алма кезек соғыс барысында “көп славяндар өлтірілген, ал өлген және тұтқындалған аварлардың саны 3000 мың болса, ал 6200 жауынгер басқа этностардың (протоболғарлар, гепид, ғұндар) өкілдерін құраған және 8000 жасак

славяндардан тұрған. Яғни пайыздық мөлшерге шаққанда тұтқындалғандардың 17,5% - аварлар, 46,5% - славяндар, т.б. тайпалар шамамен 36% құраған [32,с.354]. Аталған статистиканы Ф.Симокатта өз еңбегінде дәл көрсеткен болатын. Дегенмен бұл келтірілген мәлімет YII ғасырлардағы авар қағанатының гүлдену шағына жеткен кезіндегі статистика. Яғни, соғыс тұтқындар бір емес бірнеше есе өскен уақыт екенін естен шығармауымыз керек.

Аварлардың соғыс жүргізу әдісі мен қару жарақтары жөнінде археологиялық деректермен қатар жазба деректерде де жақсы көрсетілген. Айталық, Византия жылнамашысы Менандр Протектор, аварлардың әскери тактикаларының бірі – олар ашық ұрысқа шыққанда, аяқ астынан варварларға тән дауыспен айқайлап шулайтынын жазады. Римнің әскер қолбасшысы Бон, аварлардың бұл тактикаларын біліп, рим жауынгерлеріне, аяқ астынан болған айқайдан шошып кетпес үшін, алдын-ала айтып ескертіп, үйретіп қоймақшы болады. Сонымен, авар жауынгерлері айқайлап өлең айтып, қалқандарын соғыстырып және ағаштан жасалған су құйған ыдыстарында ұрғылаған дейді. Ал, Г.Турский авар жауынгерлерін орманды алқаптар мен қыр далаларда жүргізген жемісті соғыстарына оң баға бере отырып, олардың жасақтары сиқыршы сияқты, қылыш пен найзаны өте шебер меңгергендігін хабарлайды [35,с.223]. Сонымен қатар авар садақшыларының асқан шеберлігін де сипаттайды. Жебенің ұшы үш қырлы, өте алысқа ұшатын, тіпті деректер бойынша 200 метрге дейінгі қашықтықтағы жаудың темір немесе былғарыдан жасалған қалың қалқандарын тесіп өтетіндігін мәлімдейді. Яғни авар дәуірінде Шығыс Еуропа даласында оларға қарсы төтеп бере алатын мықты қаруланған, мерген садақшылар мен атта еркін шабалатын бірде-бір мемлекет болмады. Аварлардың көптеген жорықтарының сәтті болуы, Еуропа даласының саяси аренасында басты рөл атқаруына мүмкіндік берген - әскери жағынан жақсы ұйымдасушылығы, негізгі орында жақсы қаруланған ауыр және жеңіл атты әскермен басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы.

Авар қоғамы әу бастан әскери жасақ негізінде құрылғанын ескеретін болсақ, осы әскери әлеуметтік құрылым Еуропа даласын да өз жалғасын тапқан. Оны (Сентэндр, Боче, Кунсентмиклош–Бабонд т.б.) қабірлерінен табылған археологиялық жәдігерлер – құрал-саймандар, түрлі заттар мен қарулар дәлелдейді. Қабірлерде жауынгер мен қоса қару жарағын бірге жерлеу орын алған, бұл салт Азия халықтарында ертеден келе жатқан наным сенімі. Яғни, о дүниеге табынушылық. Авар дәуірінің қорғандары қару жараққа бай. Айталық, көсем жерленген Боче қабірінде садаққа толы қорамсақ табылған. Көбінесе садақтың саны оннан аспаған. Шамасы әр садақ еркін он жауынгердің билеушісін білдіретін нышаны болса керек – себебі, авар әскерінің ұйымы Азиялық бойынша ондық жүйемен құрылған.



Awarengrab.jpg

Ерте және орта кезеңдерге қатысты қабірлердің көпшілігі Венгрияның орталық бөлігінде орналасқан. Бірақ кейінгі авар кезеңіне жататын мұндай қабірлер кездеспейді. Есесіне жұпыны құрал-саймандары бар мәйіттердің саны көбейеді. Яғни қоғам ішінде жікке бөлінгенін, тәуелді, жеке меншігінен айырылған адамдардың санының өскендігін байқауға болады, сонымен қатар христиан дінінің ықпалы да болса керек, шіркеу бұл дәуірде пұтқа табынушылыққа сонымен қатар жауынгерлерді қаруымен, атымен жерлеуге тиым салғанын байқауға болады. Бір сөзбен айтқанда христиан дінінің басымдылығын айғақтайды.

Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконына тоқталсақ төмендегідей құнды мәліметтерді келтіруге болады. Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. Олардың саяси қатынастарын айта келе, дерек қағанның билігіне айырықша тоқталған. Ғұндардағыдай, аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақпен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған, олар атүстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен дәл тигізетін мергендер дейді. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найзадан тұрған.



Die Avaren gründen ihr Reich in Ungarn..jpg



1- византиялық жауынгер, 2- славян, 3- авар

Аварлардың тұрмыстық өмірінде негізі рөлде ат, яғни жылқы малы атқарды. Жылқы сүйектерінің қалдықтарын зерттеу барысында, бұл аттар шығыстық тұқымнан шыққан – жылдам жүргіш, төзімтал, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған. Дәл осы жылқыларды ертеортағасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған. Сондықтан да Византия императорлары аварлардың жауынгер әскеріне тойтарыс бере алмайтындықтарына көздері жеткеннен кейін, Азия халықтары үшін бей мәлім дипломатиялық айла тәсілін ұстанған. Дегенмен аварлардың соғыс жүргізу тактикасы, қаруды игеру мен атта нық отыруға бейімделген.







№-1 сурет жеңіл қаруланған жауынгер

№ 2- авар аттары мен садақшылары

Аварлар Батысқа келмей тұрған кездің өзінде мал шаруашылығының ішінде, әсіресе жылқы өсіруіне, көп мән берген. Бұл жөнінде археологиялық материалдарды пайдалансақ, мәселен Ресейде Эрмитаж музейінде түрік сайып қырандарын бейнелейтін саз мүсіндер сақталған [37.]. Осынау мүсіндердің, кейінгі уақытқа (VII ғ. аяғы мен VIII ғ. басы) жататыны белгіленгенімен, оларда бейнеленген қару-жарақ, VI ғасырлардағымен салыстырғанда, көп өзгеріске ұшырамағанын байқауға болады. Өйткені, бұл



Bildergalerie zu. Vösendorf. Awaren.jpg


уақыт ішінде мәдени дәстүрі алмасқан жоқ.

Бұл мүсіндер Тұрфанға жақын жердегі, қытай бекзатының мазарынан (Тұйық Мазар, Тұйық шатқалындағы қорымнан) табылған. Мұндай олжаны тағы да, Турфанның маңындағы Астана қыстағынан А.Стейн тапқан. Жаяу әскер мен атты әскерлер де көлікпен жүруге бейімделген киім киеді. Бұдан түркіттерде жаяу әскердің, жауынгердің айырықша түрі ретінде болмағаны байқалады. Әскери киім-кешек бас киіммен сауыттан тұрады, ал біріншісі металл қаңылтырмен көмкеріліп, қоңыр-қызыл түстермен жиектелген қазіргі қазақ құлақшынына ұқсайды. Сарбаздар биік жағасы, иекке дейін

жететін шекпен киген. Шекпеннің етегі, тізені жауып тұрады және оң жағынан ілгектенеді екен-дағы, оның сол өңірі сыртына шыққан. Шекпеннің үстінен металл пластиналардан құралып, қоңыр-қызыл түспен жиектелген сауыт киген. Сауыт тізеге дейін жететін шолақ, белі жіңішке белбеумен буылады, жеңі қысқа, кісінің шынтағынан жоғары тұрады. Оны шамасы бас арқылы киетін болса керек. Бұл сауыт сарматтардың катафрактіне ұқсайды, бұл ауыр атты әскерге тән болып келеді. Сауыттың пластиналары өзара кішкене белдіктермен біріктірілген. Ерте замандарда сауыттың бұл түрі, кеңінен қолданылған тәрізді, бірақ оның орнына киюге қолайлы, жеңіл де берік торғауыт алмастырған. Сарбаздар бұтына қара теңбіл, сары шалбар киген (шамасы барыс терісінен болса керек). Етіктері жұмсақ қара киізден тігілген тәрізді және осы күнге дейін Тибет пен Шығыс Түркістанда киілетін етіктерге ұқсайды. Осынау киім-кешек тибеттіктерге ұқсағанымен, олардың бір өзгешелігі, Тибетке тән белбеу үстінен төгіліп түсіп тұратын желбіршегі болмады.

Қару бейнесі тек аттан түскен сарбаз мүсінінде ғана сақталған. Бұл атты әскерлер соғысына жарайтын ұзын да жеңіл найза. Осымен бірге түрік әскері жазық далаларда ғана емес, таулы жерде де әрекет етуге бейімделген тұрақты ауыр атты әскер болғаны анық. Яғни аварлардың сауыт жамылған ауыр атты әскері ортағасырлық Еуропада рыцарлықтың қалыптасуына негіз болды деп тұжырымдаймыз. Сауыт жамылған атты әскер түріктердің бабалары сақ-сармат заманынан қалған мұра. Аталған тұжырымдар аварлардың түрік тектес екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Сонымен авар қоғамын жасаушылар Еуропаға әсіресе әскерді жабдықтау саласында бірнеше жаңалықтар ашты. Атап айтқанда, сауыт жамылған атты әскер, ертоқым, темірден жасаған үзеңгі мен жүген. Аталған ат әбзелдері сол заманда атты әскерде үлкен жаңалық болып есептелді. Ат әбзелдер алдымен ат үстінде нық отыруға және темірден жасалған жүген мен үзеңгі атты белгілі – бір бағытта жылдам баруға септігін тигізген. Бір сөзбен айтқанда байланысты тездетті, қазіргі терминмен пайымдағанда аталған ат әбзелдері сол заманның инновациясы болды. Сонымен қатар қару жарақ қатарында да аварлар бірқатар жаңалықтар ашты. Дәлірек айтқанда ұзын садақ пен қорамсаққа салынған үш қырыл жебе. Авар дәуіріне жататын жебелер анағұрлым үлкен және ұзын болған. Қазба жұмыстары кезінде, қабірлерден сүйектен және темірден жасалған үш қырлы садақтың ұштары сақталған. Аварлардың бұл қарулары өте үлкен қашықтықта жауының қалқанын тесіп өтетін басты оқ болған.



• Avars •



Copyright Varlok Inc. 1992

Bovic  
92



Авар қылышы мен авар бейнесі.gif



Vösendorf.Folder\_Layout-2.jpg

Келесі жаңалықтары аварлардың бір жүзді қанжар – жақын соғыста өте тиімді қарудың бірі. Еуропа үшін тағы бір жаңалығы найзаның ұшы мен

спецификалық формадағы жауынгердің қалқаны. Авар найзасы салмағы жағынан анағұрлым ауыр болуы қарсыласын жеңуге тиімді жағдай туғызған.



Авар қанжары



авар жауынгерлері: жеңіл қарулану мен сауытты әскер

Деректер мен археологиялық мәліметтер бойынша аварлар Шығыстан яғни Орта Азиядан дәлірек Алтай тауы өңірінен шыққандар деп жазылады. Менандр, Теофилакт Симокатта мен Эйнгард аварларды жауыз, қанішер деп пайымдаған мен аварлар Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыстарды жандандырушы, материалдық және рухани құндылықтарды синтездеуге әкеп соқтырушылар болды.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, түрік тектес аварлардың VI-VIII ғғ. Шығыс Еуропа даласына қоныс аударуы жергілікті халықтың тек этникалық құрамын өзгертіп қана қоймай, олардың қоғамдық өміріне, географиялық орналасуына, тұрмыс-салтына, әскери тактикаларына (әсіресе атты әскерде) бірқатар өзгерістер енгізді.

Аварлардың бет бейнесі жөнінде қаңқа бассүйектерін реставрациялаудағы суреттерінен көруге болады.



VI-VIII ғғ. Авар қағанатының Еуропа мен Азия халықтарының

АВАРС~В4.JPG

тарихында өзіндік орны бар. Түрік тарихын Батыста жалғастыра отырып Еропалық өркениетке әсерін тигізіп ықпалдасқан тайпалық одақ. Аварлардың мықты қаруланған атты әскері Византия мен Франк империяларына үлгі бола отырып, келешекте рыцарлықтың дамуына себепкер болды. Сондықтан аварлардың қаруланған ауыр және жеңіл атты әскері түріктік дәстүрді сақтай отырып оны дәріптеуші. Темірден құйылған үзеңгі мен жүген соғыс барысында және мемлекеттік істерді жүргізуде байланысты тездетті. Байланыс яғни ақпар алу, пошталық істі бірқадам алға дамуын жеделдетті. Деректік мәліметтер бойынша аварлар өз заманында барлық қарулардың түрін меңгерген. Қару жарақтар әскердің құрылымына қарай бөлінген. Дәлірек айтқанда жаяу әскер қанжар қылышпен қаруланса, атты әскер садақ және найзамен жабдықталған. Сонымен қатар аварлар өз заманында Византия империясының Фессалоника және т.б. стратегиялық маңызды қамал-бекіністерін алу барысында қамал бұзатын қаруларды пайдаланған.

Қарулануға байланысты жаңалықтардың енуі, әскери тактикада өзгерістер болды, әсіресе атты әскер бұрынғыдан да жандана түскен. Деректерге сүйенетін болсақ, аварлар сол заманның қамал бұзатын қандай техникалар болса, солардың бәрімен қаруланған. Айталық, Менандрдың мәліметі бойынша, аварлар Византия империясының қала қамалдарын жаугершілік соғыс барысында “Спалион” атты машина типтес, бекініс бұзатын құралдарды пайдаланған. Аталмыш дерек осы мәселе жайында мынадай мәліметтерді береді; спалион – әскери машинаның ролін атқарушы, оның биіктігі алты адамның бойындай, төбесі жаңа сойылған түрлі аң мен мал терісімен жабылған. Қаруланған жауынгерлер спалион астында қамалға жақындап, оның қабырғасын бұзатын болған, немесе жерді қазып әйтеу бекініске кірудің амалын іздестірген. Ал келесі техникаларының бірі, қамал бұзғыш “таран” – бұл тас лақтыратын машина іспеттес ауыр әскери техника. Таран ерте кезде қамалдың қабырғасын құлату, қирату үшін қолданылған құрал. Түрлі ауыр және жеңіл техника құралдарымен жабдықталған авар жауынгерлері Еуропаның соның ішінде Византияның иелігіне жататын қалаларды басып алып, тіпті Константинопольдің өзіне екі мәрте шабуыл жасап, қамалды алмақ болмақ болған [22,23,24].

Авар қоғамының жартысынан көп бөлігі, жауынгерлерден тұрған. Оны археологиялық қазба жұмысы кезінде қабірлерден көптеген қарулардың табылуы, дәлел болады. Қабірлерде жауынгермен қоса қару жарағын бірге жерлеу, ертеден келе жатқан наным сенім. Яғни, о дүниеде де керек болады деген ұғым. Авар дәуірінің зираттарын қару жараққа бай деп жоғарыда көрсетілген суреттерден байқауға болады. Көбінесе қымбат бағалы заттар, жайдан-жай жауынгердің зиратынан табылмайды, ол мүмкін әкеден балаға мұра ретінде берілуі мүмкін. Қабірлерде садаққа толы қорамсақ табылмаған (тек жалғыз – Боче қабірінде көсем жерленген мәйітте ғана толы қорамсақ табылған). Көбінесе садақтың саны оннан аспаған. Шамасы әр садақ еркін он жауынгердің билеушісін білдіретін нышаны болса керек – себебі, авар

әскерінің ұйымы Азиялық бойынша ондық жүйемен құрылған.

Ерте және орта кезеңдерге қатысты қабірлердің көпшілігі Венгрияның орталық аймақтарында шоғырланған. Ал соңғы кезеңге тән қабірлер жұпыны құрал-саймандары бар мәйіттердің саны көбейген. Яғни қоғам ішінде жікке бөлінгенін, тәуелді, жеке меншігінен айырылған адамдардың санының өскендігін байқауға болады, сонымен қатар христиан дінінің ықпалыда болса керек, шіркеу бұл дәуірде пұтқа табынушылыққа сонымен қатар жауынгерлерді қаруымен, атымен жерлеуге тиым салса керек. Бірақ соған қарамастан қабірлерден әшекей бұйымдары да табылған, (сырға, білезік, сақиналар, жүзіктер) және де киімдер, осыларға қарап жерленген адамның қауымдағы дәрежесін білуге болады.

(Авар дәуірінің әшекей бұйымдары, моншақтар)





uvelir\_iskustvo\_avari2.Поясной набор.jpg



Slavic or Avaric Buckle, Bronze.jpg





uvelir\_iskustvo\_avari.Поясной набор.jpg



Slavic or Avaric Buckle, Silver.jpg

Үлкен патриархалды семья өздерінің жеке жерлеу орындарын иемденген. Бірақ ақсүйек, атақ дәрежесі бар адамдарды, жанұя мүшелерінен жеке – ерекше қабірлерде: алтыннан жасалған заттармен, қару жарақтарымен жерлейтін болған.

Кей кезде ақсүйектерді ағаш тақтайшалардан жасалған табытқа салып жерлеген. Ал кедейлерді шамасы, жай матаға орап көмсе керек. Зираттардың түрлері әртүрлі.

Сонымен әртүрлі қабірлерінің болуы, аварлардың біртіндеп басқа халықтармен араласқандығын байқатады, ескі дәстүрлерді сақтай отырып, сол рудың ішінде қай этникалық элементтердің артықшылығын байқауға мүмкіндік туғызтады. Жерлеу әдістеріне қарап, монғолоидтық элементтердің болғандығын байқатады. Тұрғызылып немесе отырғызылған жерлеу әдістер, қабірдің арғы аталары сарматтықтар немесе Орта Азиядан шыққандығын білдіреді.

Жазба деректер авар қоғамының әйелдерін шебер кілем тоқушылар деп сипаттаған, оны дәлелдейтін ою өрнектер сақталған.



wastika\_avarian\_Dagh.JPG

Қорыта келгенде авар қағанатында дамыған дәстүрлі әскери өнер мен соғыс жүргізу тактикалары Шығыс Еуропа даласындағы елді-мекендермен, мемлекеттердің дамуына өз әсерін тигізді. Қаруланудың жетілуі мен әскер түрі авар қоғамында жаяу және атты әскерден тұрған. Атты әскер өз ішінде; жеңіл қаруланған және сауытты (латная конница) болғанын деректер мен жоғарыда келтірілген суреттерден көруге болады. Сонымен қатар аварлар сол заманның барлық қаруларымен жабдықталған. Теңіз соғысында да аварлар византиялықтардан кем болмаған. Соғыстың осы түрінде славяндарды тиімді пайдаланған, себебі славян тайпалары ежелден суда жүзуді жетік меңгерген. Аварлардың Еуропаға келуімен, 1) саяси және мәдени қатынас орнады, 2) әлем тарихында жаңа фармациялық кезең – феодалдық қатынас нық орнайды, 3) халықтардың географиялық орналасу процессіне өз әсерін тигізді, 4) аварлардың сауытты атты әскерінің үлгісі, орта ғасырларда рыцарлықтың отаны болған Франк қоғамында қалыптасуына себепкер болды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен Еуропадағы түркі әлемі: YI-YIII ғғ. Авар тарихы, сөзсіз түрік халықтарының бір тармағы, Батыс халықтарымен қатынасқа түскен Еуропа тарихында өзіндік орны бар. Оқу құралында авар қағанатының құрылу тарихы, соның ішінде этникалық шығу тегін, әлеуметтік құрылымы, сыртқы саясаты сияқты, әскери құрылым мен тактикалары сияқты басты мәселелерді қарастырдық. Жазба деректер мен бірнеше тарихшы ғалымдардың еңбектерінен байқағанымыз, аварлардың шығуына байланысты екі болжам бар: бірінші болжам бойынша аварлардың шығуын “жужан” тайпасымен байланыстырады. Сырдария мен Арал өңірінің даласында Шығыс жужандық этникалық топтар “ғұн қоныстарына” ауысып, отырықшы ғұндар өздерінің жалған аттарын қабылдаса керек. Яғни, ғұн тайпаларына жужан одағының шашыранды тармақтарының келіп қосылуының нәтижесінде көшпелілер жаңа этникалық топ – «авар» атымен аталына бастаған. Екінші болжам бойынша аварлардың шығуын угор тайпасы мен байланыстырады. Угорлар күдіретті және көп халық, олардың біраз бөлігі уар (вар) және хун (хиониттер), түркілерге бағынғылары келмегендіктен, батысқа Еділ өзенінің ар жағына көшіп кетеді де, өздерінің авар атты Еуропалық есімдерін иемденеді. Аталған екі болжамнан авар қағанаты сөзсіз Орта Азия мен Шығыс Еуропаның этникалық массаларының араласуының нәтижесінде пайда болған деп түйін жасаға болады.

Аварлардың өзіндік айқындалған тарихы бар, оның бір бөлігі хундар немесе хиониттер құрап, бірнеше уақыт бойы соғдыларды билеп Иранмен тығыз байланыста болған.

Авар қағанатының қоғамдық қатынастары яғни, әлеуметтік экономикалық жағдайы мен шаруашылығы жайында деректер өте аз. Сондықтан қағанаттың ішкі қоғамдық қатынастары жайында басты мәліметті, археологиялық қазба жұмысы кезіндегі табылған, молалар мен қоныстардың қалдықтары береді. Зираттардан табылған заттар, авар қоғамында теңсіздіктің болғанын дәлелдейді.

Авар қағанаты түрлі этникалық топтардан құрылып, көп мөлшерде әр жақтан, келімсектер келіп құрамына енседе, олар жергілікті тайпалық одақтың дәстүрін жалғастыра отырып мемлекеттің жаңа кезеңін қалыптастырды.

Византиялық авторлардың мәліметі бойынша, авар қағанатының билік түрі монархиялық болған. Билік иерархиялық жүйемен құрылған. Елді қаған басқарған және ол жоғарғы титул болып есептелеген. Төменгі сатыда құлдар тұрған.

Қағанат о бастан әскери жасақ негізінде құрылғандықтан қоғамның жартысынан көбі жауынгерлерден тұрған. Авар әскерінің ұйымы азиялық бойынша ондық жүйе бойынша құрылған. Жоғарыда келтірген ерте және орта кезеңдерге қатысты авар молалары әртүрлі болып келген. Молалардан қару жарақ, әшекей бұйымдары, ат әбзелдері және монғолдық, ирандық

элементтер де көптеп кездескен. Кейінгі авар кезеңіне тән қабірлерде жұпыны молалардың саны көбейген. Бұдан біздің көретініміз авар қоғамы ішінде жікке бөлінушіліктің белес алғанын, жеке меншігінен айрылған тәуелді адамдардың санының өскендігін байқауға болады. Сонымен қатар, Византия империясымен қатынас жасаудың нәтижесінде, VIII ғ. авар ордасына христиан дінінің таралуына байланысты, пұтқа табыну жауынгерді атымен қару-жарағымен жерлеуге тиым салынған.

Түрлі қарулардың болуы, аварлардың біртіндеп басқа халықтармен араласқандығын байқатады, ескі дәстүрлерді сақтай отырып, сол рудың ішінде қай этникалық элементтердің артықшылығын көруге болады. Мысалы, тігінен немесе тізесін бүгіп жерлеу үлгісі, арғы тегі сарматтар немесе Орта Азиядан шыққандығын тағыда бір дәлелдейді.

Аварлар басқада көшпелі халықтар сияқты классикалық құлдық институтын білмеді. Бірақ, жазба деректердің мәліметтері бойынша, олар құлдықты білген, тіпті қолданбалы қанаушылықтың түрі мен де таныс болған, алайда аварлар өмір сүрген кезеңде, таптық жіктеліс болғанымен дамып жетілмеген.

Аварлардың негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылық. Археологиялық мәліметтер бойынша қазіргі Венгрия мен Дунай өзені бойында аварлардың отыз жеті қоныстарының қалдықтары табылған, олар жартылай жерге көмілген үйде тұрған, бұл құрылыстың қабырғасы ағаштан тұрғызылған, және пеші болған. Яғни, осы ауыл іспеттес топтасып қоныстанған үйлерге қарап, олардың жартылай көшпелі, жазғы жайылымдардан кейін қыс мезгілінде мал-жандарымен келіп қыстап шығатын болған. Аварлардың экономикалық негізі мал шаруашылығы болғандықтан, көктемнен күзге дейін кйіз үй сияқты, тез жиналатын құрылыстарда тұрған. Көшпелі малшылар ретінде өздерінің экономикалық қорын тонау мен жаугершілік арқылы толықтырып отырған.

Олардың шаруашылық өмірінде негізгі рөлді жылқы малы атқарған. Бұған дәлел, қазба жұмысы кезінде көп жылқы сүйегі табылған. Жылқы сүйектерін зерттеу барысында, бұл аттардың шығыс тұқымынан шыққандығы - жылдам жүргіш, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған. Дәл осы жылқыларды ерте орта ғасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған.

Авар қолөнершілері түрлі заттар жасауда өз заманының технологиясын жетік меңгерген. Айталық қышты күйдіріп құмыралар жасаған, сондай-ақ темір өндіруді жақсы білгенін жоғарғы бөлімдердегі суреттерден тамашлауға болады.

Авар қоғамында заманының талабына сай тауар қатынасы жақсы дамыған. Тауар өндірісі тек өздерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында емес, сонымен қатар айырбаста болған. Оны дәлелдейтін қабірлерде шеттен келген заттардың көптеп табылуы.

Латын деректері аварларда сауда және базар орындары болғанын дәлелдейді. Авар қағанатына көпестер тіпті Шығыстан келетін болған.

Себебі Карпат тау қыраттары арқылы Батысқа маңызды сауда жолдары өтетін болған. Осы сауда керуендерінен аварлар бақылап, баж салығын алып отырған. Ал ақша мәселесіне келетін болсақ аварлар өздерінің ақшаларын шығарды деген мәліметтер кездеспейді, бірақ олар византияның алтын тиындарының жасанды көшірмесін шығарумен айналысқан, оны дәлелдейтін пештердің көптеп табылуын келтіруге болады.

VI ғасырдың ортасында Византия мен аварлар одақтасудың нәтижесінде, империя салықты алтын ақшамен төлеп отырған. Жалпы бір жылдық салықтың көлемі сексен мыңнан, жүз жиырма мың солидке дейін жеткен. Осыншама алтын қайда жұмсалды немесе айналымға түсті ме, деген сұрақ туындайды. Археологиялық мәліметтерге сүйенетін болсақ бұл ақша, тиындар айналымға түспеген, шамасы аварлар бұл алтын ақшалардан әшекей бұйымдармен ыдыстарды жасауға жұмсаса керек; ал біраз бөлігі көсемдер арасында бөліске түскен, дәл осы ақшалар археологиялық қазба кезінде қазыналық қоймалардан табылған жәдігерлер айғақ болады.

Сонымен Авар қағанатын құрушы тайпалар сауда қатынасын, айырбасты жақсы білген және оны барынша дамытуға ықылас білдірген.

Аварлар жазып сызуды білген. Археологиялық мәліметтер бойынша аварлар руникалық жазуды білген, мысалы: жамандықтан сақтану үшін, түрлі жалбарынуларды шимақтап ойып жазған, таңба белгілері сақталған. Бірақ осы жазу, хат немесе әдеби жылнамаларды жазуда пайдаланды деген мәліметтер жоқ.

Діни-наным сенімдері жайында жазба деректерде мәліметтер өте аз. Авар қағанатын құрушылар түркі тайпасы болғандықтан пұтқа, тәңірге табынушылық басым болған. Зираттар мен молалардағы заттарды зерттеудің нәтижесінде аварлар дүниені екіге бөлген яғни, жер беті мен жер асты дүниесі деп. Ендеше аварлар діни идеологияны жақтаушылар болған. Сонымен жоғарыда айтып кеткендей, аварларда шамандық наным сенімдермен о дүниеге сиынған, VIII ғ. бастап христиан діні таралған. Қазба жұмыстары кезінде табылған әшекей бұйымдарындағы аң үлгісіндегі орнаменттер-фетишизмнің нышаны болса керек, бұл аң суйретін салу, олардың Азиядан шыққандығын тағыда бір дәлелдейді. Жазба деректерде аварларды өте өнерлі деп, олар өте керемет кілемдер мен маталарды тоқушылар дейді. Өкінішке орай бұл заттардың қалдықтары қазба кезінде табылмаған, оның есесіне сүйектен, мүйізден, темірден әртүрлі бұйымдар мен қаруларды жасаған. VII-VIII ғғ. Авар қағанатының ерікті жауынгерлері қайыстан жасалған белбеулер тағатын болған, осы белбеудің ұшын темірден құйып, түрлі өрнектер мен аң суреттерімен әшекейлеген.

Авар дәуірінің үлкен жаңалығы, олардың қабірлерінен ат әбзелдері, соның ішінде темірден жасалған үзеңгінің табылуы болды. Үзеңгілер күміспен жалатылып, аң бейнелерімен безендірілген.

Авар әскерінің сан жағынан көп болмаса да, басқалармен салыстырғанда мықты болды. Аварлардың басқа варвар әскерінен ерекшелігі темір үзеңгілі сауытты атты әскерінің болуы.

VI ғ. бірінші жартысында Дунай шекарасындағы қарқынды оқиғалардың бірі деп, славяндардың Византия империясына басып кіруі, ұзақ дәуірдің басталуы деп атап өтуге болады.

Аварлардың Азов өңіріне енушілігі, Қара теңіздің солтүстік аймағындағы тепе-теңдікті бұзды, бірақ Батыс Еуразия халықтарының тағдырына жаңа кезеңді бастап берді. Сонымен авар кезеңін Балқан жарты аралындағы ант-славян отаршылығымен байланыстырып, сипаттауға болады.

Империя аварларды славяндарға қарсы айдап салса да, олардың жаңа басқыншылықтарынан құтыла алмайды. Славян тайпаларының Рим жеріне басып кіруі, шапқыншылықтарының соңғы кезеңі басталып, ол тіпті бұрынғыдан да күшейіп, кең көлемде жүргізе бастайды. Славяндар империя территориясына жеңісті жорықтар жасап, сол жерге қоныстанып орнығып қалады. Яғни, осы славян тайпаларының басқыншылығы авар қағанының нұсқауы бойынша жүргізілген. Баян қаған бұл шапқыншылық соғыстарды жоспарлап, әскери істерін жүйелеп отырған. Айталық, бірінші шабуыл жасамас бұрын, рим жеріне қарулы әскер жіберіліп византияның жауынгерлерінен тазартылса, екіншіден ол жердегі қамалдар тағы басқа құрылыстар қиратылған, үшіншіден осы шараларды іске асырғаннан кейін жаппай қоныстану басталған. Осыған қарап, Баян тұсында Авар қағанаты мықты ұйымдастырылған әскери одақ болғандығын бйқауға болады. Баян әрқашан қандай жағдайлар болмасын, қағанатқа тиімді жағын ойластырып, жүзеге асырған. Мысалы, империямен қатынаста Дунайлық славяндардың, оған ресми түрде бағынбағанын да, тиімді пайдаланды. Сонымен бірге VI ғ. аяғында Византиялықтар парсылармен соғысып жатқанын пайдаланып, аварлар бүкіл Элладаны басып алады.

Кейбір орыс ғалымдары, славян тайпалары авар қағанына бағынбады деген сияқты бұрмаланған тұжырымдарын айтуда, бұл дұрыс емес. Жазба дерек мәліметтері бойынша, Тисс өзенінің шығысқа қарай орналасқан славян тайпалары, Авар қағанына тәуелді болғанын айқын жазады. Сонымен қатар басқа да Еуропа тайпалары қағанатқа бағынышты болған. Осындай қарқынды дамып, көптеген жетістіктерге жеткен Авар қағанаты, өзінің құлдырау кезеңін басынан өткізеді. Ішкі саяси жағдайлардың шиеленісуі, қағанат ішінде христиан дінінің таралуы керісінше әсерін тигізтіп жатты. Еуропада франктердің күшейіп, Ұлы Карлдың жаугершілік соғыстарының барысында, Авар қағанатына күйрете соққы беріледі. Ұлы Карлдың саясатын оның баласы жалғастырып, қағанаттың орталығына “Хринг жүйесіне” шабуыл жасап, біржолата оларды құлатады. “Хринг” Авар қағанатының Еуропа даласын екі ғасырдан астам билеп төстеуінің орталығы болған. “Хринг жүйесінің” құрылысына қарап авар қағанатында басқарушылық аппараттың, ірі саяси орталықтың болғанын байқаймыз. Яғни, авар мемлекетінің негізі қаланғанын дәлелдеп береді. Тоғыз дуалмен қоршалған ірі бекініс авар қағанатының астанасы, тіпті Баянның резиденциясы болған деген де мәліметтер бар. Сондықтан өз заманында ірі

қала бекініс салған аварларды варварлар, тек мал шаруашылығымен айналысушы, тонаушылар деп айтуға болмайды.

Аварлардың көптеген жорықтарының сәтті болуы, Еуропа даласының саяси аренасында басты рөл атқаруына түрткі болған - әскери жағынан жақсы ұйымдасқан атты әскердің болуы және басты қару ретінде садақ пен жебенің кең қолданыс табуы. Заманының талабына сай аварлар барлық қарудың түрлерімен жабдықталған, атап айтқанда жеңіл қарудан басқа қамал бұзатын ауыр техникалармен де қамтамасыз етілген.

Авар қағанаты ыдрағаннан кейін орнына болғар, хазар патшалықтары құрылып түркі тарихын жалғастырады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

### *Негізгі*

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлытау төріндегі сұхбаты // Егемен Қазақстан. 28.09.2014
2. Агафий. О царствовании Юстиниана /Пер. и прим. М.В. Левченко. - М. - Л.: Наука, 1955. – 221 с.
2. Артамонов М.И. История Хазар. – Л.: Издательство Государственного Эрмитажа, 1962. – 515 с.
3. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Наука, 1951, – 255 с.
4. Гумилев Л.Н. Көне түркілер. -Алматы: Білім, 1994. – 470 б.
5. Дьяконов А. Известия Иоанна Эфесского и сирийских хроник о славянах VI-VII веков // Вестник древней истории. - 1946. - №1. - С. 20 - 22.
6. Иордан. Гетика / Пер. Е.Ч. Скржинской. – М.: Изд. Восточной литературы, 1960. – 434 с.
7. История Византии: В 3 т. /Под. ред. С.Д. Сказкина. – М.: Наука, 1967. - Т. 1. – 517 с.
8. История средних веков / Под. ред. С.Д. Сказкина. – М.: Наука, 1964. – 376 с.
9. История Европы: С древнейших времен до наших дней: В 8 т. - Т.2: Средневековая история. - М.: Наука, 1992. - 508 с.
10. Менандр Протектор. История // Византийские историки: Дексип Эвнапии Олимпиодор, Малх Патриций, Менандр, Кандид Ноннос и Феофан Византиец /Пер. С. Дестуниса. - СПб.: Тип. Изд. Л. Демиса, 1860. - С. 313 - 470.
11. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 257 б.
12. Феофилакт Симокатта. История (Памятники средневековой истории народов центральной и восточной Европы) /Пер. С.П. Кондратева. – М.: Академии Наук СССР, 1957. - 223 с.
13. Хрестоматия по истории средних веков. - М., 1961. - Т. 1. - С. 531 - 532.

### *Қосымша*

1. Аммиан Марцеллин. История / Пер. с лат. Ю. Кулаковского и А. Сонни. – Киев, 1906. - Вып. 6. - С. 11 - 16, 21.
2. Баришич Ф. Чуда Дмитрия Сулинского как исторически извори. –Белград, 1956. -С.50-64.
3. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: Жалын, 1998. - Т. 1. - 390 с.
4. Буданова В.П. Этнонимия племен Западной Европы; Рубеж античности и средневековья. – М.: Наука, 1993. – 284 с.
5. Germanen, Hunnen und Avaren. Schätze der Völkerwanderungszeit. - Nürnberg, 1987. - S. 126 - 130.
6. Грацианский Н. Карл Великий и славяне // Исторический журнал. –



1945. - Кн. 3. – С. 21 - 25.

7. Дьяконов А. Известия Иоанна Эфеского и сирийских хроник о славянах VI-VII веков // Вестник древней истории. - 1946. - №1. - С. 20 - 22.

8. Жұмағұлов Қ.Т. Орта ғасырлардың басындағы Европадағы халықаралық қатынастардың сипаты // ҚазҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. - 2003. - №1 (28). – 44-51 бб.

9. Жумагулов К.Т. Аварский каганат конца эпохи великого переселения народов в Евразии. – Материалы международных Бекмахановских чтений «Казахстан в панораме общечеловеческого исторического мышления (25-26 мая 2005г.)». - Алматы, 2005. - С.9-14.

10. Жұмағұлов Қ.Т. Авар қағанатының тарихынан. – Вестник КазНУ, серия историческа, вып. №2 (37), Алматы, КазНУ, 2005, С.81-84.

11. Жумагулов К.Т. Современная трактовка истории Аварского каганата. Материалы международных Бекмахановских чтений "Современные подходы и трактовки важнейших проблем отечественной и всемирной истории" (25-26 мая 2006 г.). Алматы, 2006.С.4-8.

12. Жумагулов К.Т. Аварский каганат в истории Евразии // Наука и высшая школа Казахстана, №18 (160) 1 октября 2007 г. - С. 6-7

13. Жумагулов К.Т. К Истории Аварского каганата // Материалы республиканской научно-теоретической конференции. - Караганда, 2009. – С. 221-226

14. Жумагулов К.Т. Аварский каганат в европейской истории раннего средневековья // Материалы научно-практической конференции и круглого стола, проведенных кафедрой всемирной истории и международных отношений в 2011-2012 гг. // Караганда 2012г. С. 14-19

15. Жумагулов К.Т. Гуннская империя и аварский каганат, как объект тюркской и отечественной истории раннего средневековья // «Қазақстандық тарих ғылымының өзекті мәселелері мен даму болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, 2014.30-33.

16. Зуев Ю.А. Ранние тюрки. Алматы, 2002.

17. Константин Богрянродный. О фемах и О народах / Пер. Гаврина Ласкина. – М., 1899. – 118с.

20. Контлер Ласло. История Венгрии. Тысячелетие в центре Европы. М: Весь Мир, 2002.

21.Литаврин Г.Г. О двух Хилбудах Прокопия Кесарийского //Византийский временник. - 1963. - Т. 47. - С. 24 - 26.

22. Мухажанова Т.Н. Авар атауы туралы // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. -2002. - № 4 (27). – 65 - 67 бб.

23. Мухажанова Т.Н. Ерте ортағасырлардағы түрік тектес тайпалық бірлестіктердің мәдениеті. ҚазҰУ Хабаршы, тарих сериясы. Алматы, – 2012. - № 2(64). 109-112 бб.

24. «Ерте орта ғасырларда Еуропа мен түркі халықтары арасындағы мәдени синтез» Қаз ҰУ. Хабаршы, тарих сериясы. Алматы – 2014.- № 3 (74) 104-109 бб.

25. Мурад Аджи. Кипчаки Огузы. Средневековая история Тюрков и Великой Степи. – М.: Наука, 2001. – 389 с.
26. Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. -1947. –Вып.3. – С.81, 276.
27. Плетнева С.А. Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. - М.: Наука, 1982. - С. 13 - 61.
28. Птоломей. География // Вестник древней истории. - 1941. - № 1. - С. 231- 234.
29. Прокопий Кесарийский. Война с готами / Пер. с греч. С.П. Кондратьева. –М.: Изд. Академии наук, 1950. – 496 с.
30. Повесть временных лет. Часть первая / Текст и пер. Д.С. Лихачева /Под. ред. В.П. Адриановой - Пертц. - М. - Л.: Изд. Академии наук СССР, 1950. – 404 с.
31. Першиц А.И. Война и мир на пороге цивилизации. Качевые скотоводы // Война и мир в ранней истории человечества. – М.: Наука, 1994. – 31 – 63 с.
32. Раннефеодальные государства на Балканах VI-XII вв./Отв. ред. Г.Г. Литаврин. – М.: Наука, 1985. – 354 с.
33. Стефан Лебек. Происхождение франков V – IX вв. – М.: Наука, 1993. – 263 с.
34. Третьяков П.Н. Финно –Угры, балты и славяне на Днестре и Волге. - М.- Л.: Наука, 1966. - 306с.
35. Турский. Г. История франков. Академия Наук СССР. Литературные памятники / Пер. В.Д. Савуковой. – М.: Наука, 1987.- 459 с.
36. Удальцова З.В. Идеино-политическая борьба в ранней Византии (по данным историков IV-VII вв). - М.: Наука, 1974. – 340 с.
37. Успенский Ф.И. История Византийской империи. М.:“ООО Издательство Астрель”, 2001.
38. Фердинад Лот. Последние Королинги; Евразия. СПб, 2001.
39. Феофан Византиец. История // Византийские историки /Пер. с греч. С. Дестуниса. – СПб., 1860. – 470 – 513 с.
40. Эрдели И. Авары // Исчезнувшие народы. Половцы, печенеги, хазары, скифы, анты, буртасы, авары, сунну, тайрона, мочика, мая /Под. Ред. П.И. Пучковой. – М.: Наука, 1988. – С. 98 – 110.

**СӨЖ (студенттің өзіндік жұмыс) тапсырмаларына ұсынылатын тақырыптар:**

1. Авар тарихына қатысты жазба деректерді талдау.
2. Аварлардың этногенезі тұрғысындағы теориялар.
3. Авар қағанатының әкімшілік басқару жүйесі
4. Авар қағанатының Византия империясымен дипломатиялық қатынастарының мәні.
5. Авар-славян қатынастары.
6. Авар-Франк соғыстары барысы мен нәтижесі.
7. «Хринг» - аварлардың әкімшілік басқару орталығы.
8. Менандр Протектор және оның «Тарих» еңбегі
9. Аварлардың мәдениеті.
10. Аварлар мен түркілер арасындағы соғыс жүргізу өнері мен тактикаларындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтар.
11. VI-VII ғғ. Авар қағанатының саяси жағдайы.
12. Аварлардың Панонния үшін күресі, нәтижесі
13. Авар тарихында Баян Террінің рөлі
14. «Само» бастаған көретілістің себебі мен салдары.
15. Авар-Парсы одағының мәні және нәтижелері
16. Ұлы Карл және Авар қағанаты
17. Авар қағанатының құлау себебі мен салдары
18. Аварлардың европалық әскери өнерге қосқан үлесі
19. Европа тарихында аварлардың орны
20. Қарулану саласы бойынша аварлардың ашқан жаңалықтары.
21. Аварлардың наным-сенімі мен тілі.
22. Авар тарихына қатысты археологиялық жетістіктер.
23. Авар өнерінің дамуы.

## Реферат тақырыптары

1. Аварлардың этникалық тарихы
2. Халықтардың Ұлы қоныс аудару процессіне қатысты жазба деректерді талдау
3. Авар қағанатының әскери жағдайы
4. Авар қағанатының сыртқы саясаттағы ұстанымы
5. Жазба деректер мен зерттеу еңбектері негізінде аварлардың эногенезі
6. Аварлардың христиандану мәселесі
7. Аварлардың геппид тайпаларымен соғысуының себебі мен салдары
8. Император Юстиниан кезіндегі Авар-Византия арасындағы саяси қатынас.
9. Авар қағанатының әлеуметтік жағдайы
10. Сирми, Сингидон қаласы үшін соғыстардың барысы мен нәтижесі
11. Авар әскерінің қарулануы мен әскер өнерде ашқан жаңалықтары
12. Баян қағанның саяси портреті
13. Авар одағы мен түрік қағанаты арасындағы байланыс.
14. Славян тайпаларының авар қоғамындағы рөлі
15. Авар қағанатының құрылу мәселелері
16. Авар қағанатының құлауы мен тарих сахынасынан кетуі.
17. VII ғ. Авар-Франк корольдігі арасындағы келісім шарттың нәтижелері
18. Ұлы Карлдың аварларға қарсы шабуылы, қағанаттың құлауы.
19. VI-VIII ғғ. Авар қолөнері
20. VI-VIII ғғ. Авар мәдениеті.

### **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Тақырыптың теориялық – методологиялық мәселелеріне талдау жасағанда теориялық маңызы бар бірқатар ғалымдардың еңбектеріндегі методологиялық ой-тұжырымдарын негізге алу, сондай-ақ тарихи деректерге жүйелі түрде талдау жасап, ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың зерттеу еңбектерімен танысу және тарихи салыстырмалы әдісті қолдану ұсынылады.

Авар қағанатының қалыптасуының алғы шарттары баяндалады. Европадағы түркілердің, соның ішінде авар қағанатының тарихи дамудың негізі және өзекті мәселелері айқындалды, олардың мән, маңызын ашып көрсетуге бағыт беріледі, атап айтқанда ерте ортағасырлық авар қоғамының жаулап алағн иеліктерін білу; авар қағанатының тарихын қарастыра отырып, жазба деректер мен зерттеу еңбектерін талдау барысында авар тайпалық одақ бірлестігін өзге халықтармен тайпаларға әсері ерекше назарға алу. Айталық, авар үстемдігінен құтылу барысында шашырап жатқан славян тайпаларының бірігіп, мемлекет құруға талпыныс жасауына негізін. Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени және саяси ықпалдастық авар дәуірінде өз жалғасын тапқандығы, авар қағанаты мен Византия империясы арасындағы байланыстар, соның ішінде елшілік қатынастарға қатысты тың мәселелер жаңадан ғылыми айналымға енгізу.

Пәннің зерттеу әдістерінің негізгі бағыттарына тоқталсақ, олар мынадай:

- Жалпы ғылыми әдістер-талдау мен синтез, индукция және дедукция, суреттеу және түсіндіру;
- Өнер және халықтар арасында дипломатиялық, сауда байланыстар, соғыс жүргізу сияқты күрделі мәселелерді шешуде нақты тарихи талдау негізінде жинақтау, қорыту, логикалық зерттеу әдістері;
- Танымдық зерттеу әдістен аналитикалық-индуктивтік принципке негізделген тарихи-салыстырмалы әдіс, себеп-салдар байланысын көрсетуге және тарихи зерттеу объектісінің даму динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін тарихи әдіс;
- Қоғамдық-саяси өзгерістердің дамуын нақты зерттейтін тарихи объективтілік және тарихты диалектикалық заңдылық тұрғысынан қарау принциптері

Оқытудың кредиттік жүйесі студенттердің өз бетімен шығармашылық жұмыс жасауына, дербес ізденістер, тұжырымдар жасауға дағдылануына мән береді. Сондықтан студент тарих ғылымында болып жатқан концептуалды өзгерістерге тарихи деректерді талдау арқылы назар аударуы тиіс.

Оқу үрдісінің барысында студенттердің алған білімін ғылыми-зерттеу жұмысында мақала, реферат, курс және диплом жұмысы ретінде рәсімдей білуге үйрету маңызды міндет болып саналады. Сондықтан студентті

ғылыми-зерттеу және сараптамалық жұмыстарды жазуға үйрету оқу үрдісінің ажырамас әрі жауапты құрамдас бөлігі.

*Студенттер зерттеу жұмыстарын жүргізуде:*

- мәселеге қатысты ғылыми әдебиетке шолу жасау;
- қарастырып отырған проблемасына қатысты ауызша жауапты қолданылатын арнайы ғылыми терминдерге түсіндірмелер беру;
- мәселеге қатысты жалпы ғылыми ортада қабылданған көзқарасты баяндау;
- мәселеге қатысты альтернативті ұстанымдарды көрсету;
- тақырыпқа қатысты өзіндік пікірі мен ойы сияқты талаптарды білуге тиіс.

Оқытылатын пән бойынша жоғарыда ұсынылған реферат тақырыптарын студенттер жеке орындайды. Реферат бойынша негізгі мәліметті беруге бағытталады. Студент тақырыптың мәнін аша білу керек. Реферат соңында тақырыпқа сай негізгі түйін жасалып, студент өзінің ойын айтуға тырысып, қорытынды жасауы қажет.

Көпшіліктің алдында сөйлеуге дағдылану үшін студент қалыптасқан ойды міндетті түрде сыртқа шығару керек. Өз пікірін айту-ауызша хабарламалардың негізі. Студент негізгі тұжырымдарды аудиторияның алдында қорғап, айта білу керек.